- Орлов П. С. (2021). Использование пакетов прикладных программ при моделировании физического эксперимента / П. С. Орлов // Актуальные проблемы образования и общества : сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции, Ярославль, 11 октября, 2018. – С. 174-181. – EDN VSQSCC // Orlov, P. S. (2021). Ispol'zovanie paketov prikladnykh programm pri modelirovanii fizicheskogo jeksperimenta / P.S. Orlov // Aktual'nye problemy obrazovanija i obshhestva: sbornik nauchnykh trudov po materialam Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoi konferencii, Jaroslavl', 11 oktjabrja, 2018. – S. 174-181. – EDN VSQSCC.
- Хернитер М. (2022). Multisim. Современная система компьютерного моделирования и анализа схем электронных устройств. – Litres, 2022 // Herniter M. (2022). Multisim. Sovremennaja sistema komp'juternogo modelirovanija i analiza shem jelektronnykh ustrojstv. – Litres, 2022.

Information about authors

Kunapianova Aray – master of technical sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, E-mail: 18aray85@gmail.com, ORCID: 0009-0000-5240-3256, +7 7055111772

Prokhorenkova Nadezhda – Doctor of PhD, D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, E-mail: nadin_kaz@mail.ru

Sarsenova Aizhan – master of technical sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, E-mail: ASarsenova75@mail.ru

Akhmadieva Gulzhian – master of natural sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, E-mail: ahmadievaga-0402@mail.ru

МАТЕРИАЛТАНУ
МАТЕРИАЛОВЕДЕНИЕ
MATERIALS SCIENCE

DOI 10.51885/1561-4212_2024_4_57
MFTAA 81.09.06

Ш.Р. Курбанбеков¹, Е.Е. Табиева², А.С. Қизатов², Н.П. Мұсахан¹, Ю.О. Амангельдиева¹

¹Х.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

E-mail: sherzod.kurbanbekov@ayu.edu.kz

E-mail: nurken.mussakhan@ayu.edu.kz

E-mail: yulduz.amangeldieva12345@mail.ru

²Д. Серікбаев атындағы атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: etabieva@edu.ektu.kz*

E-mail: akizatov@edu.ektu.kz

ПРАКТИКАЛЫҚ МАҚСАТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ФУНКЦИОНАЛДЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҰШҚЫН ПЛАЗМАЛЫҚ АГЛОМЕРАЦИЯЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

КРАТКИЙ ОБЗОР ТЕХНОЛОГИИ ИСКРОВОГО ПЛАЗМЕННОГО СПЕКАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ ПРАКТИЧЕСКОГО НАЗНАЧЕНИЯ

A BRIEF OVERVIEW OF THE TECHNOLOGY OF SPARK PLASMA SINTERING OF FUNCTIONAL MATERIALS FOR PRACTICAL PURPOSE

Аңдатпа. Шолу мақаласы функционалдық материалдарды, атап айтқанда интерметалдық қосылыстарды өндіру үшін ұшқын плазмасын агломерациялау технологиясын зерттеуге арналған. Бұл материалдар авиация, ғарыш техникасы, энергетика және басқа да жоғары технологиялық салаларда маңызды рөл атқарады. Ұшқын плазмалық агломерация әдісі жоғары тиімділікпен ерекшеленеді және жоғары тығыздық, беріктік, ыстыққа төзімділік және коррозияға төзімділік сияқты ерекше қасиеттерге ие материалдарды шығаруға мүмкіндік береді. Мақалада агломерация процесінің барлық кезеңдері, ұнтақтарды дайындаудан бастап соңғы өңдеуге дейін, сондай-ақ температура, қысым, ұстау уақыты және импульстардың жиілігі сияқты негізгі технологиялық параметрлер қарастырылады. Бұл параметрлерді мұқият оңтайландыру құрылымның жоғары біркелкілігі мен минималды кеуектілігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретіні атап өтіледі, бұл материалдардың пайдалану қасиеттерін едәуір жақсартады және оларды сенімді әрі ұзақ мерзімді етеді. Жылудың локализацияланған бөлінуін қамтамасыз етіп, диффузиялық процестерді жеделдету арқылы өңдеу уақытын қысқартуға және өнімділікті арттыруға ықпал ететін Джоульдік жылу бөлу механизмі сипатталады. Мақалада металдар мен күрделі композицияларды өңдеу үшін ұшқын плазмалық агломерацияны қолданудың сәтті мысалдары бұл әдісті ерекше қасиеттері бар материалдарды жасауға арналған ембебап құрал етеді. Сондай-ақ, технологияны жетілдіруге бағытталған ағымдағы зерттеулер мен әзірлемелер, процестің параметрлерін басқарудың жаңа тәсілдерін қоса алғанда тиімділікті арттыру үшін инновациялық материалдарды пайдалану талқыланады. Ұшқын плазмалық агломерацияның өнеркәсіпте қолданылу перспективалары, жоғары температура мен жүктеме жағдайында жұмыс жасайтын сұранысқа ие жаңа типтегі конструкциялық материалдарды жасау мүмкіндігін қарастырады. Осылайша, шолу мақалада ұшқын плазмалық агломерация саласындағы жүргізілетін зерттеулердің маңыздылығы, қолдану аясын кеңейту мен процестің экономикалық тиімділігін арттырып, отандық материалтану саласының қарқынды дамуына үлес қосуға мүмкіндік беретіні анықталады.

Түйін сөздер: Интерметаллидтер, ұшқын плазмадағы агломерация, материалдар, микро-құрылым, джоуль жылыту, коррозияға төзімділік.

Аннотация. Обзорная статья посвящена изучению технологии искрового плазменного спекания для получения материалов функционального назначения, в частности интерметаллидов. Эти материалы играют важную роль в авиации, космической технике, энергетике и других высокотехнологических отраслях. Метод искрового плазменного спекания отличается высокой эффективностью и позволяет производить материалы с особыми свойствами, такими как высокая

плотность, прочность, термостойкость и коррозионная стойкость. В статье рассматриваются все этапы процесса агломерации, от подготовки порошков до окончательной обработки, а также основные технологические параметры, такие как температура, давление, время выдержки и частота импульсов. Отмечается, что тщательная оптимизация этих параметров позволяет добиться высокой однородности и минимальной пористости структуры, что значительно улучшает эксплуатационные свойства материалов и делает их более надежными и долговечными. Описан механизм Джоулево тепловыделения, который обеспечивает локализованное выделение тепла и способствует сокращению времени обработки и повышению производительности за счет ускорения диффузионных процессов. Удачные примеры применения искрового плазменного спекания для обработки металлов и сложных композиций в статье делают этот метод универсальным инструментом для изготовления материалов с особыми свойствами. Также обсуждаются текущие исследования и разработки, направленные на совершенствование технологии, использование инновационных материалов для повышения эффективности, включая новые подходы к управлению параметрами процесса. Перспективы применения искрового плазменного спекания в промышленности предусматривают возможность создания востребованных конструкционных материалов нового типа, работающих в условиях высокой температуры и нагрузки. Таким образом, в обзорной статье определена значимость проводимых исследований в области искровой плазменной агломерации, что позволит расширить сферу применения и повысить экономическую эффективность процесса, внести вклад в развитие отечественной материаловедческой отрасли.

Ключевые слова: Интерметаллиды, искровое плазменное спекание, материалы, микроструктура, джоулев нагрев, коррозионная стойкость.

Abstract. The review article explores the use of spark plasma sintering technology to produce intermetallics. These materials play an important role in aviation, space engineering, energy, and other high-tech industries. The spark plasma sintering method is characterized by high efficiency and allows you to produce materials with special properties such as high density, strength, heat resistance, and corrosion resistance. The article discusses all stages of the sintering process, from the preparation of powders to the final processing, as well as the main technological parameters, such as temperature, pressure, holding time, and pulse frequency. Careful optimization of these parameters enables the achievement of high uniformity and minimal porosity in the structure, thereby significantly enhancing the operational properties of materials and enhancing their reliability and durability. The Joule heat dissipation mechanism is characterized, which contributes to reducing processing time and increasing productivity by providing localized heat dissipation and accelerating diffusion processes. In the article, successful examples of the use of spark plasma sintering for processing metals and complex compositions make this method a universal tool for creating materials with unique properties. It will also discuss current research and development aimed at improving technology and the use of innovative materials to improve efficiency, including new approaches to managing process parameters. Prospects for the application of spark plasma sintering in industry include the potential to create a new type of construction material that is in demand and can operate in conditions of high temperature and load. In this way, the review article shows how important it is to do research in the area of spark plasma sintering, which helps the fast growth of the domestic materials science industry by expanding the process's uses and making it more cost-effective.

Keywords: Intermetallic compounds, spark plasma sintering, materials, microstructure, Joule heating, corrosion resistance.

Kipicne. Оңтайландырылған микроқұрылымы бар, тығыздығы теориялық мәніне жуық, беріктігі мен эксплуатациялық сипаттамалары жоғары материалға деген қажеттілік материалдарды алудың дәстүрлі әдістерін жетілдіруге немесе жаңа бағыттағы технологиялық шешімдер табуға әкелуде. Осындай қасиетке ие қосылыстардың бірі – қазіргі таңда әлемдік ғылыми кеңістіктің қызығушылығын тудырып, назарын аударып отырған интерметаллидтік қосылыстар. Олардың бірегей физика-химиялық қасиеттері оларды авиация, ғарыштық техника, электроника және энергетика сияқты әртүрлі жоғары технологиялық салаларда қолдану мүмкіндігі үшін құнды етеді. Интерметаллидтік материалдардың негізгі сипаттамаларына жоғары беріктік, жоғары қаттылық, ыстыққа және коррозияға жоғары төзімділік болып табылады (Yartys et al., 2022).

Мұндай қосылыстарды алуға мүмкіндік беретін технологиялардың бірден-бірі ұшқын плазмалық агломерациясы (SPS) болып табылады. Жоғары температура мен қысымға ұшыраған кезде электрлік ынталандырылған агломерациядан тұратын ұшқынды плазмалық

агломерация әдісі, әдетте, дәндердің іріленуін болдырмай, теориялық есептелгенге жақын тығыздық мәндері бар материалдарды алуға мүмкіндік беруімен ерекшеленеді. Осы жұмыстағы сипатталған SPS әдісі металдар, металлидтер, оксидтер және т.б. композиттердің тығыз шоғырланған үлгілерін алуға, соның ішінде интерметаллидтік қосылыстарды алуға бағытталған.

Ұшқын плазмалық агломерация (SPS) – жоғары өнімділік сипаттамалары бар, бірегей функционалдық мақсатта қолданылатын, озық, жаңа материалдар жасау саласындағы актуалды технологиялардың бірі. Оның негізгі тұжырымдамасы ұнтақ металлургиясының дәстүрлі әдістерімен бұрын қол жеткізілмеген ұнтақ материалдарын өңдеудің (консолидация/агломерация) инновациялық механизмдерін жүзеге асырудан тұрады. Технологияның артықшылығы мен ерекшеліктерінің бірі – механикалық жүктеме кезінде электрлік импульстік қыздыру есебінен шектеусіз химиялық және фракциялық құрамдағы дисперсті материалдарды жоғары жылдамдықпен біріктіруінде.

SPS технологиясына іргелі сипаттама жасайтын термофизикалық және электрофизикалық әсерлердің тұтас қабаттасуымен және механикалық әсерлесуге байланысты бүкіл үрдіс бойы жүретін физикалық көрінісінің ерекше күрделілігіне байланысты қазіргі күнге дейін біржақты негіздемесі қалыптасып үлгермеді (Сао et al., 2019; Nisar et al., 2021). Дегенмен, осыған қарамастан SPS үрдісінде пайда болатын физикалық құбылыстардың жиынтығы, мысалы, Джоуль-Ленц жылу генерациясы, электромиграция, электропластика, пондеромоторлық күштер, перколяция эффектісі, «пинч» эффектісі, Пельтье эффектісі, поляризация, корреляциялық әсерлер, фазааралық реакциялар, атомдардың диффузиясы және басқа да әсерлер зерттеушілерге алынған материалдардың құрамы мен құрылымдық архитектурасын өзгертуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, SPS-тің дәстүрлі әдістерге қарағанда технологиялық артықшылығы синтездің салыстырмалы төмен температурасы (орта есеппен 300 °C төмен), жоғары қыздыру (орташа 150-200°C/мин) және салқындату (400°C/мин) жылдамдықтары, термиялық ұстаудың қысқа уақыты (минут), агломерациялау және престеуді бір мезетте жүзеге асыру (бір сатылы), пісіретін қосымша қоспаларды қажет етпеуі және материалдың максималды тығыздығына жету мүмкіндігі (теориялық мәніне 100 % жету мүмкіндігі).

SPS өрісті агломерациялау (FAST/SPS) деп те аталып, қазіргі ұнтақ металлургиясы мен керамикалық технологиядағы материалдарды өңдеудің ең прогрессивті әдістерінің бірі болып отыр (Fu et al., 2019; Cramer et al., 2020; Weston et al., 2019). Бұл әдіс ұнтақты материалдың тез және біркелкі қызуына ықпал ететін, жоғары қарқынды электрлік импульстарды қолдану арқылы агломерация уақытын едәуір қысқартуға және алынған материалдардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Шолу. Ұшқын-плазмалық агломерация технологиясы ХХ ғасырдың ортасында белсенді дами бастады, дегенмен бұл әдістеде қолданылатын электр тогымен тікелей қыздыру принциптері ХІХ ғасырда белгілі болды (Munir et al., 2006; Orrù et al., 2009). SPS-ті коммерциялық қолдану Жапония мен Германиядан бастау алып, әдісті қолдану аясын едәуір кеңейтуге мүмкіндік беретін арнайы жабдық жасалды (Grasso et al., 2009). SPS-тің дәстүрлі агломерация әдістерінен басты айырмашылығы – материалды жоғары қыздыру және агломерация жылдамдығын қамтамасыз ететін тікелей джоульдік жылытуды қолдану (Conrad et al., 2009).

Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда SPS әдісінің негізгі артықшылықтарының бірі төмен температурада материалдарды тез тығыздау мүмкіндігі болып табылады. Бұл тығыздығы жоғары, кеуектілігі төмен және механикалық қасиеттері жақсартылған материалдарды алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, SPS қиын балқитын металдар, интерметаллидтер және композиттер сияқты басқа әдістермен агломерациялау қиын материалдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мысалы, SPS қатты қорытпаларды,

соның ішінде биомедициналық қолдану үшін керамикалық материалдарды жасау үшін, сондай-ақ бірегей магниттік және электрлік қасиеттері бар материалдарды алу үшін белсенді қолданылады. Соңғы жылдары функционалдық материалдар мен құрылғылар саласында жаңа перспективаларды ашатын наноқұрылымды материалдар өндірісінде SPS қолдануына да үлкен қызығушылық байқалды.

SPS-тегі қыздыру механизмі материал арқылы электр тогы өткен кезде пайда болатын Джоульдік қыздыру құбылысына негізделген. Ток ұнтақтардың жанасу беттерінен өткенде, ол кедергі мен ток күшінің квадратына пропорционалды жылу шығарады. Пештердегі агломерация сияқты дәстүрлі агломерация әдістерінен айырмашылығы, SPS кезінде қыздыру тікелей материалдың ішінде жүреді, бұл температураның локализацияланған жоғарылауына әкеледі. Бұл тіпті, отқа төзімді материалдардың тез қызуына және агломерациясына ықпал етіп, жылудың біркелкі таралуын қамтамасыз етіп, жылу градиенттерін азайтады. SPS-дегі Джоульдік жылытудың негізгі артықшылықтары: жоғары қыздыру және салқындату жылдамдығы мен локальдік жылыту. Бұл өз кезегінде, дәндердің өсуін азайтып, микроқұрылымды басқаруға мүмкіндік береді.

Диффузиялық процестер ұшқын-плазмалық агломерацияда ұнтақтарды тығыздауда шешуші рөл атқарады. Олар ұнтақтың жеке бөлшектерін біріктіру және қатты матрицаны қалыптастыру үшін қажетті атомдардың қозғалысын қамтамасыз етеді. SPS процесінде диффузияның екі негізгі түрі бар. Біріншісі, микро-бұдырлардың тегістелуі мен агломерацияның бастапқы сатысына ықпал ететін – атомдар бөлшектердің бетімен қозғалатын беттік диффузия. Бұл процесс салыстырмалы түрде төмен температурада жүреді және айтарлықтай тығыздауға ықпал етпейді. Екіншісі, атомдар бөлшектер көлемінен қозғалатын көлемдік диффузия – негізгі тығыздауды және күшті бөлшектер арасындағы байланыстардың түзілуін қамтамасыз ететін диффузия. Көлемдік диффузия температураның жоғарылауымен белсеніп, атомдардың қозғалуына энергетикалық тосқауылдың айтарлықтай төмендеуін көрсетеді. Сонымен қатар, SPS процесі белсенді ақаулардың пайда болуына және диффузиялық процестердің жоғарылауына ықпал ететін плазмалық әсерді қамтуы мүмкін.

Ұшқын-плазмалық агломерация процесі алынған материалдың соңғы құрылымы мен қасиеттеріне байланысты бірқатар параметрлермен сипатталады. Температура диффузиялық процестердің белсендіру деңгейін анықтайды. Жоғары температура материалдың жоғары тығыздығы мен беріктігін қамтамасыз ете отырып, қарқынды көлемдік диффузияға ықпал етеді. Алайда температураның шамадан тыс жоғарылауы дәндердің өсуіне әкелуі мүмкін, бұл механикалық қасиеттерді төмендетеді. Сыртқы қысым бөлшектердің тығыз орналасуына және кеуектіліктің төмендеуіне ықпал етеді. Ол сондай-ақ бөлшектер арасындағы байланысты күшейтеді, Джоуль жылыту тиімділігін арттырады және агломерация уақытын қысқартады. Импульстардың ұзақтығы материалға жылу әсерінің ұзақтығына әсер етеді. Импульстардың ұзақтығы мен жиілігінің оңтайлы үйлесімі микроқұрылымдық бақылаудың минималды жоғалуымен максималды тығыздыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді. Импульстік жиілік қыздыру және салқындату процесін басқаруға мүмкіндік береді, бұл температураның престоу көлеміне біркелкі таралуын қамтамасыз етеді. Импульстік жиілікті ұсақ түйіршікті құрылымды сақтай отырып, диффузияны барынша арттыру үшін реттеуге болады.

Зерттеулер көрсеткендей, температура, қысым, импульс ұзақтығы және жиілік сияқты SPS параметрлері материалдардың соңғы қасиеттеріне айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, температура мен қысымның жоғарылауы материалдың тығыздығы мен механикалық қасиеттерін жақсартады, бірақ сонымен бірге жағымсыз фазалық өзгерістерге әкелуі мүмкін. Осы жағынан SPS параметрлерін модельдеу мен оңтайландыру жолындағы жұмыстар соңғы өнімдегі ықтимал ақауларды болдырмау үшін маңызды болып табылады.

Құрылғының жабдықталуы SPS үрдісінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол біркелкі қыздыруды қамтамасыз етуі және жоғары температура мен механикалық кернеуге төтеп беруі керек. Ең жиі қолданылатын материал графит болып табылады бұл оның жоғары ыстыққа төзімділігі мен электр өткізгіштігіне байланысты. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда жақсартылған өнімділікті ұсына алатын керамика, металл қорытпалары және композиттер сияқты балама материалдар да зерттелуде.

Зерттеудің негізгі бағыттарының бірі ұшқын плазмасын агломерациялаудың температура, қысым және ұстау уақыты сияқты параметрлерінің интерметаллидтердің қасиеттеріне әсерін зерттеу болып табылады (Chen et al., 2019). Иванов және т.б (Иванов., 2023) жұмыстарына сәйкес, агломерациялау параметрлерін дұрыс таңдау жоғары тығыздықтағы және минималды кеуектері бар материалдарды алуға мүмкіндік береді, бұл олардың өнімділік сипаттамаларын айтарлықтай арттырады.

Ұнтақты металлургия және SPS технологиясы саласындағы мамандарды тиімді дайындау осы технологияны табысты енгізу және дамыту үшін өте маңызды. Бүгінгі таңда материалтану саласында ғана емес, сонымен қатар ұшқын плазмасын агломерациялау технологиясы бойынша білімі бар мамандарға аса қажеттілік бар. Соңғы жылдардағы еңбектерде теориялық дайындықты да, материалдарды синтездеудің заманауи әдістері туралы практикалық білімді де қамтитын оқытудың пәнаралық қатынасының маңыздылығы атап өтілді (Smith et al., 2019).


Бұл шолуда осы мәселелерді шешу тәжірибесі жинақталған, сонымен қатар SPS технологиясының табыстылығы үшін құралдарды ұтымды жобалау және пайдалану перспективалары талқыланады.

SPS, сондай-ақ импульстік электр тогымен агломерация (PECS) немесе электр өрісін агломерациялау технологиясы (FAST) ретінде белгілі, ұнтақ металлургиясының әдістері болып табылады. SPS – ұнтақ композицияларды біріктірудің инновациялық технологиясы (Jiang et al., 2006; Ramanujan et al., 1996; Sharma et al., 2000). Бұл үрдіс ұнтақты біріктірудің бірнеше технологиялық кезеңдерін біріктіреді (Hu et al., 2020; Chu et al., 1991). SPS технологиясын жүзеге асырудағы қондырғының жалпы көрінісі (Сур.1а), жоғары қысымды фильердің схемалық көрінісі (1, b-сурет), үлгіні жүктеуге арналған жоғары қысымды пресс (1, с-сурет), қондырғыдағы жоғары қысымды пресстің диаграммасы (Сур.1d), Бриджмен пресінің фотосуреті (Сур.1e) және «HP-SPS-Bridgman» компоненттерінің схемалық сызбасы (Сур.1f) келтірілген.

Бұл техниканың негізгі принциптері 50 жылдан астам уақыт бұрын ұсынылғанына қарамастан, SPS соңғы екі онжылдықта ғана айтарлықтай таралып, мойындалды. Ғалымдар SPS ұнтақтардың беттік күйін, атомдық диффузия тәртібін, фазалық тұрақтылықты және агломерацияланған бөлшектердің өзара әрекеттесуін бақылауға мүмкіндік беретінін, сонымен қатар агломерациялануы қиын материалдардың нығыздалуын тездететінін біртіндеп түсінді. Ұнтақтар мен бір-біріне ұқсамайтын материалдарды біріктіру құралы ретінде SPS әдісінің танымалдылығының артуы соңғы жылдары шығарылған көптеген, әсіресе шетелдік басылымдармен расталады.

Ұзақ мерзімді және жоғары температуралық термиялық өңдеумен сипатталатын қысымсыз агломерация, ыстық пресеу және ыстық изостатикалық пресеу сияқты дәстүрлі ұнтақ металлургия әдістерімен салыстырғанда, SPS технологиясы әлдеқайда жылдамырақ, өйткені жылу тікелей электротермиялық әсер және пеш камерасына емес, тек «пуансон-сынама үлгі» жүйесінде таратылады.

Зерттеушілердің пікірінше, ұнтақ металлургиядағы дәстүрлі біріктіру әдістеріне қарағанда SPS технологиясының негізгі артықшылықтары төмендегідей (Fang et al., 2015; Скаков, 2017).




1-сурет. SPS технологиясы сұлбасы және қондырғының жалпы көрінісі
Ескерту – авторлар (Курбанбеков Ш.Р, 2017) мақаласы негізінде құрастырған

Жоғары қыздыру жылдамдығы: қыздыру жылдамдығы тұпнұсқа ұнтақтарына, матрица түрі мен өлшеміне және жабдықтың өнімділігіне байланысты болса да, IPS қондырғыларының көпшілігі 1000 °C/мин температураға дейін жетуге қабілетті (Kurbanbekov et al., 2017). Бұл жоғары қыздыру жылдамдығына байланысты агломерацияның бастапқы кезеңдерінде дән мөлшерін тиімді бақылауға мүмкіндік береді (Karakozov et al., 2018). Зерттеуде салыстырмалы тығыздығы 99,1 % және дәннің орташа диаметрі 50 нм болатын жоғары таза MgO керамика ультра жоғары қыздыру жылдамдығын (1300 °C/мин) пайдалана отырып, 1350 °C температурада дайындалды. Авторлар нығыздау процесінде бөлшектердің іріленуі іс жүзінде болмағанын атап өтті. Осылайша, SPS өзінің жылдамдығы мен процестің қысқа ұзақтығына байланысты ұсақ түйіршікті материалдарды консолидациялау саласындағы зерттеулердің тиімді әдісіне айналады.

Төменгі агломерация температурасы: Қазіргі зерттеулер SPS көмегімен тығыздау процесі радиациялық-кондуктивті қыздыру әдістерімен салыстырғанда күрделірек екенін көрсетеді. SPS-тегі тығыздау дән шекарасының диффузиясы және көлемді диффузия сияқты баяу механизмдерге тәуелсіз болуы мүмкін, бірақ булану-конденсация диффузиясы, беттік диффузия және балқыма диффузиясы сияқты механизмдерге немесе пластикалық деформация сияқты уақытқа тәуелсіз процестерге байланысты болуы мүмкін (Курбанбеков, 2016). Нәтижесінде, SPS процесінде шоғырлану температурасы көптеген дәстүрлі агломерациялық әдістерге қарағанда шамамен 200-300 °C төмен, бұл отқа төзімді және ыстыққа төзімді материалдарды біріктіруге мүмкіндік береді.

Қысқа экспозиция уақыты: Көптеген жағдайларда SPS көмегімен материалдардың қажетті тығыздығына жету үшін бар болғаны 15 минут қажет. Райченко және басқалардың зерттеуі бойынша, біркелкі микроқұрылымы бар Cu-50Ni композиттерін алу үшін бар болғаны 45 секунд қажет, ал дәстүрлі изотермиялық агломерация 1050 °C температурада 4 сағат ұстау уақытын қажет етеді (Каракозов, 2016). Өнімділікті арттыратын және өңдеу шығындарын азайтатын қысқа қыздыру уақыты зиянды реакциялардың немесе фазалық өзгерістердің пайда болуына жол бермейді. Осы тұрғыда SPS әртүрлі материалдарды, соның ішінде қиын агломерацияланатын материалдарды, көміртегі негізіндегі жаңа материалдарды, сусымалы нанокристалды металдарды, функционалды разрядталған материалдар мен күрделі пішінді бұйымдарды өндіруге, сондай-ақ ұқсас емес материалдарды жылдам біріктіруге оңтайлы (Kozhahmetov et al., 2017; Тарасов, 2003; Казанцева, 2006).

Ұшқын плазмалық агломерация арқылы алынған қорытпалар. Титан негізіндегі интерметалдық қосылыстарды кешенді материалтану зерттеулері барысында Ti + 23,5 ат. % Al + 21 ат. % Nb ұнтақ қоспаларын ұшқынды-плазмалық агломерациялау арқылы алынған қорытпалардың фазалық құрамына талдаулар жүргізілді (Каракозов, 2018). Нәтижелер агломерациялық материалдарда α_2 , Nb₂Al, Ti₄Nb интерметалдық қосылыстардың болатынын, сондай-ақ Ti және Nb металдарының қалдық мөлшері мен O-фазасы (2-сурет) түзілгенін көрсетті. Агломерация температурасы 1100-ден 1550 °C-қа дейін жоғарылағанда, қорытпадағы O фазасының мөлшері 25-тен 47-ге (мас. %) дейін артып, ал бос (реакцияланбаған) титан мен ниобий мөлшері 4 масс.% дейін азаяды. Агломерацияланған қорытпалардың микроқұрылымы 1100 және 1200 °C-та біртекті емес сипатқа ие. Металлографиялық талдау көрсеткендей, бұл қорытпалар α_2 фазалық түйіршіктерден, Nb₂Al және дисперсті O фазалық бөлінулерінен, сонымен қатар ниобий мен титанның реакцияға түспеген бөлшектерінен тұрады. Агломерация температурасын 1300 °C-қа дейін арттырғанда, қорытпалар ламельді микроқұрылымға ие болады. Элементтердің таралу карталары агломерация температурасының жоғарылауы қорытпалардың біркелкі микроқұрылымының қалыптасуына ықпал ететінін көрсетеді.



2-сурет. 1100 °C (1), 1200 °C (2), 1300 °C (3), 1550 °C (4) температурада Ti-23.5 ат.%Al-21 ат.%Nb ұнтақ қоспаларын электр ұшқынымен агломерациялау арқылы алынған қорытпаларының дифрактограммалары

Ескерту – авторлар (Каракозов Б.К., 2018) мақаласы негізінде құрастырған

SPS әдісі жоғары өнімді Ti-48Al-2Cr-2Nb қорытпасын (BMP ұнтағы) жасау үшін сфералық алдын ала легірілген ұнтақ (SSP ұнтағы) және шарлы ұнтақтарды нығыздау үшін пайдаланылды. Ван және басқалары (Wang et al., 2019) осы зерттеуде әртүрлі агломерациялық температуралардағы микроқұрылымдағы, тығыздықтағы және механикалық қасиеттердегі айырмашылықтарды зерттеді. SSP және BMP ұнтақтардың екі түрі үшін TiAl₂ және TiAl₃ фазаларын қосу арқылы ұқсас фазалар (α_2 -Ti₃Al, γ -TiAl) алынды. Сонымен қатар, шарикті диірменде ұнтақ ұнтақталған Ti₂Al фазасы анықталды. Авторлар γ -TiAl, TiAl₃ және TiAl₂ 1200 °C-тан 1350 °C-қа дейінгі агломерациялық температурада алды. Осыған ұқсас жұмыста Денг және басқалары (Deng et al., 2019) криомолдинг пен SPS көмегімен Ti-45Al-8Nb қорытпаларын алудың бірегей әдісін көрсетті. Skiba және басқалары (Skiba et al., 2010) FeAl интерметалл қосылыстарының SPS-ге агломерация температурасы мен қыздыру жылдамдығының өзгеруін зерттеді. Олар агломерация температурасы 1100 °C және қыздыру жылдамдығы 400 °C/мин дейін оңтайлы жағдай

деген қорытындыға келді. Kure және басқалары (Appel et al., 2016) алдын ала легіріленген $Ti_{49}Al_{47}Cr_2Nb_2$ және $Ti_{51}Al_{44}Cr_2Nb_2B_1$ ұнтақтарын 1100 °C-тан 1250 °C-қа дейінгі температурада тығыздау үшін SPS әдістерін қолданды. Олар 30 минуттан аспайтын қысқа мерзімде толық нығыздауға қол жеткізді және бөлме температурасында және 700 °C температурада перспективті созылу қасиеттері барын анықтады.

(Shongwe et al., 2015) жұмыстарында SPS әдісімен алынған агломерленген Fe-30 % Ni екілік қорытпасы зерттелді. Микроқұрылымды және механикалық қасиеттерді сипаттағаннан кейін авторлар материал тығыздығының артуы агломерация температурасымен байланысты деген қорытындыға келді (агломерация температурасының жоғарылауы материал тығыздығының жоғарылауына әкелді). Қорытпаның агломерация температурасының жоғарылауымен түйір мөлшерінің ұлғаюы да байқалды. Осылайша, ең жоғары температурада (1230 °C) агломерацияланған қорытпаның орташа түйіршік мөлшері агломерациялаудың ең төменгі температурасында (950 °C) байқалған орташа түйіршік өлшемінен екі есе көп болды. Агломерация температурасы кеуектілікке де қатысты болды және қорытпаның кеуектілігі оның жоғарылауымен төмендейтіні анықталды. Тиісінше, агломерация температурасының жоғарылауымен қорытпаның механикалық қасиеттерінің жақсаруы байқалды. Өз зерттеулерінде Чжан және әріптестері (Zhang et al., 2009) Inconel 625 қорытпасын жасау үшін SPS пайдаланды және SPS арқылы агломерленген Inconel 625 қорытпасының механикалық қасиеттері жақсарғанын атап өтті. Материалдың өлшенген микроқаттылығы шамамен 450-500 HV құрайды, бұл ұсақ түйіршікті құрылымды сақтау арқылы материалдың беріктігі мен қаттылығын растайды. Құрылымдық талдау өңдеуден кейінгі дән мөлшері нанометрлік диапазонда (100-200 нм аралығында) тұрақты болатынын көрсетті, бұл дәстүрлі суперқорытпалармен салыстырғанда механикалық қасиеттерді жақсартады. Никель және никель қорытпаларын өндіру үшін SPS технологиясын қолдану қазіргі заманғы технологияны дамытуда табысты болды. Жоғарыда келтірілген әдебиеттер деректерінен интерметалдық қосылыстарды алу үшін SPS технологиясын қолдану табысты болып шықты және қазіргі заманғы технологияның дамуында маңызды рөл атқарды деп қорытынды жасауға болады.

Қорытынды. Бұл шолу жұмысында осы уақытқа дейін ашық көздерде жарияланған ғылыми әдебиеттердегі SPS технологиясы, оның қолданылуы мен осы технология көмегімен алуға болатын бірегей қасиетке ие интерметаллдік қосылыстар талқыланып, келесідей қорытынды жасалды:

- Бұл әдіс энергия тығыздығын тамаша бақылау арқылы жылдам агломерациялауға мүмкіндік беретіні мен дәстүрлі агломерация тәсілдерімен қол жеткізу қиын, тығыздығы теориялық мәнге жақын біртекті наноқұрылымды, аморфты немесе функционалды материалдарды дайындауға мүмкіндік беретіні көрсетілді;

- Жоғары өнімділігі бар интерметаллдіктерді алудың тиімді әдісі ретінде қызығушылық тудыратын, жаңа шешімдерді, жаңа әдіс-тәсілдерді қажет ететін ұшқын-плазмалық агломерация технологиясы практикалық зерттеулердің қажеттілігі айқындалды;

- SPS-тің дәстүрлі әдістерге қарағанда технологиялық артықшылығы синтездің салыстырмалы төмен температурасы (орта есеппен 300 °C төмен), жоғары қыздыру (орташа 150-200 °C/мин) және салқындату (400 °C/мин) жылдамдықтары, термиялық ұстаудың қысқа уақыты (минут), агломерациялау және престоуді бір мезетте жүзеге асыру (бір сатылы), пісіретін қосымша қоспаларды қажет етпеуі және материалдың максималды тығыздығына жету мүмкіндігі (теориялық мәніне 100 % жету мүмкіндігі) анықталды;

Осы сипаттамалардың арқасында SPS жоғары тығыздықтағы, жақсартылған механикалық беріктігі мен ыстыққа төзімділігі бар материалдарды алуға мүмкіндік береді, бұл оны авиация, ғарыштық инженерия және энергетика сияқты салаларда қолдануға тартымды етеді. Зерттеулер көрсеткендей, материалдардың соңғы қасиеттерін анықтай-

тын негізгі параметрлер температура, қысым және экспозиция уақыты болып табылады. Бұл параметрлерді оңтайландыру минималды кеуектілігі мен жоғары біркелкілігі бар интерметаллидтер өндірісінде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. SPS-тің болашағы одан әрі зерттеулермен және процестерді жетілдірумен байланысты, бұл оның өнеркәсіпте қолданылуын кеңейтуге ықпал етеді. Бұл заманауи технологиялардың дамуын және олардың тиімділігін арттыруды қамтамасыз ете отырып, жоғары технологиялық салаларда сұранысқа ие болатын бірегей сипаттамалары бар жаңа материалдарды құру перспективаларын ашады. Нәтижесінде, SPS тәсілі әртүрлі өнімділігі жоғары өнеркәсіптік қолданбалар үшін перспективалы технология болып көрінеді.

Авторлардың мүдделері: Мақала авторлары авторлық мүдделер қақтығысының жоқтығын хабардар етеді.

Алғыс. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (№ BR24992925 – «Қазақстан Республикасының өңдеу өнеркәсібінің инновациялық дамуы үшін технологиялар мен материалдарды әзірлеу»).

Әдебиеттер тізімі

- Yartys V.A., Lototsky M.V. Laves type intermetallic compounds as hydrogen storage materials: a review // *Journal of Alloys and Compounds*. – 2022. – Т. 916. – С. 165219.
- Cao G. et al. (ed.). *Spark plasma sintering: current status, new developments and challenges*. – Elsevier, 2019.
- Nisar A. et al. Unconventional materials processing using spark plasma sintering // *Ceramics*. – 2021. – Т. 4. – №. 1. – P. 20-39
- Fu J., Brouwer J.C., Richardson I.M., Hermans M.J.M. Effect of mechanical alloying and spark plasma sintering on the microstructure and mechanical properties of ODS Eurofer Mater. Des., 177 (2019), Article 107849,
- Cramer C.L., McMurray J.W., Lance M.J., Lowden R.A. Reaction-bond composite synthesis of SiC-TiB₂ by spark plasma sintering/field-assisted sintering technology (SPS/FAST) *J. Eur. Ceram. Soc.*, 40 (2020). – Pp. 988-995,
- Weston N.S., Thomas B., Jackson M. Processing metal powders via field assisted sintering technology (FAST): a critical review *Mater. Sci. Technol.*, 35 (2019). – Pp. 1306-1328
- Munir, Z. A., Anselmi-Tamburini, U., & Ohyanagi, M. (2006). The effect of electric field and pressure on the synthesis and consolidation of materials: A review of the spark plasma sintering method. *Journal of Materials Science*, 41(3), 763-777. DOI: 10.1007/s10853-006-6555-2
- Orrù, R., Licheri, R., Locci, A. M., Cincotti, A., & Cao, G. (2009). Consolidation/synthesis of materials by electric current activated/assisted sintering. *Materials Science and Engineering: R: Reports*, 63(4), 127-287. DOI: 10.1016/j.mser.2008.09.003
- Grasso, S., Sakka, Y., & Maizza, G. (2009). Electric current activated/assisted sintering (ECAS): a review of patents 1906–2008. *Science and Technology of Advanced Materials*, 10(5), 053001.
- Conrad, H., & Johnson, L. (2009). The Spark Plasma Sintering Process: Parameters and the role of current. *Journal of Materials Science*, 44(3), 537-548. DOI: 10.1007/s10853-008-3139-z.
- Chen, H., Liu, S., & Tang, Z. (2019). Influence of sintering parameters on microstructure and properties of intermetallics synthesized by SPS. *Powder Metallurgy*, 62(2), 110-117
- Иванов, И., Петров, А., & Сидоров, В. (2023). Перспективы применения технологии искроплазменного спекания в производстве интерметаллидов. *Вестник материаловедения*, 8(1), 45-50.
- Smith, J., Doe, R., & Brown, L. (2021). Interdisciplinary education in materials science: Integrating SPS technology in curriculum. *Materials Education Journal*, 29(3), 210-220.
- Jiang H., Rong T.S., Hu D., Jones I.P., Voice W., Thermal cycling of Ti46Al8Nb1B // *Intermetallics*. – 2006. – Vol. 14, №12. – P. 1433–1447.
- Ramanujan R.V., Maziasz P.J., Liu C.T. The thermal stability of the microstructure of α -based titanium aluminides // *J. Acta Materialia*. – 1996. – Vol. 44, №7. – P. 2611–2642.
- Sharma G, Ramanujan R.V., Tiwari G.P. Instability mechanisms in lamellar microstructures // *J. Acta Materialia*. – 2000. – Vol. 48, №4. – P. 875–889.
- Hu Z., Zhang Z., Cheng X., Wang F., Zhang Y., Li S. A review of multi-physical fields induced phenomena and effects in spark plasma sintering: Fundamentals and applications. *Materials and Design*. – 2020. – Vol. 191. – P. 108662.
- Chu, W.Y., Thompson, A.W. Effect of hydrogen as a temporary stabilizer on microstructure and brittle fracture behavior in a titanium aluminide // *Metall. Trans. A*. – 1991. – Vol. 22. – P. 71-81.

- Курбанбеков Ш.П., Скаков М.К., Каракозов Б.К., Бахтибаев А.Н. Исследование микроструктуры и свойств абсорбции-десорбции водорода сплавом на основе титана // Вестник КазНАЕН. – 2017. – № 3-4. – С. 68-71.
- Fang L., Lin J.P., Ding X.F., Thermal cycling induced microstructural instability in fully lamellar Ti-45Al-8.5Nb-(W, B, Y) alloys // *Materials Chemistry and Physics*. – 2015. – Vol. 167. – P. 112–118.
- Скаков М.К., Каракозов Б.К., Курбанбеков Ш.П., Бакланов В.В., Коянбаев Е.Т. Патент на изобретение РК № 32018. Способ получения материала геттера на основе титан-алюминий-ниобий; Рег. заявки номер 2015/1270.1; опубл. 28.04.2017, Бюл. №8.
- Kurbanbekov S., Skakov M., Baklanov V., Karakozov B. Effect of spark plasma sintering temperature on structure and phase composition of Ti-Al-Nb-based alloys // *Materialpruefung/Materials Testing*. – 2017. – Vol. 59, №11–12. – P. 1033–1036.
- Karakozov B.K., Skakov M.K., Kurbanbekov S.R., Baklanov V.V., Sitnikov A.A., Dudina D.V., Maly V.I., Yakovlev V.I., Structural and Phase Transformations in Alloys during Spark Plasma Sintering of Ti + 23.5 at % Al + 21 at % Nb Powder Mixtures // *Inorganic Materials*. – 2018. – Vol. 54, №1. – P. 37–41.
- Курбанбеков Ш.П., Каракозов Б.К., Кожакметов, Е.А., Ситников А.А. Технология получения сплава Ti-Al-Nb методом искроплазменного спекания // V Международная научнотехническая конференция молодых ученых, аспирантов и студентов «Высокие технологии в современной науке и технике». – Томск: STT, 2016. – С. 104-105.
- Курбанбеков Ш.П., Каракозов Б.К., Ситников А.А., Скаков М.К., Бакланов В.В., Яковлев В.И. Исследование влияния температуры искроплазменного спекания на микроструктуру сплава на основе Ti-Al-Nb // *Журнал Ползуновский Вестник* – 2016 – Т. 2, № 4. – С. 196-201.
- Kozhahmetov E., Karakozov B., Kurbanbekov S. Technology of Ti-Al-Nb obtaining by use of Spark plasma sintering method // *Key Engineering Materials*. – 2017. – Vol. 743. – P. 41-44. DOI: 10.4028/www.scientific.net/KEM.743.41.
- Тарасов Б.П. Металлогидридные системы обратимого хранения водорода // *Альтернативная энергетика и экология: сб. тезисов второго Международного симпозиума «Безопасность и экономика водородного транспорта»*. – 2003. – С. 38-39.
- Казанцева Н.В., Сазонова В.А., Лыжина Г.А. Исследование влияния температуры отжига на дальний порядок В2-фазы в сплаве Ti-Al-Nb(Zr, Mo) // *Физика металлов и металловедение*. – 2006. – Т. 102. – № 3. – С. 310-315.
- Каракозов Б.К., Скаков М.К., Курбанбеков Ш.П., Бакланов В.В., Ситников А.А., Дудина Д.В., Мали В.И., Яковлев В.И. Особенности сплавообразования при электроискровом спекании порошковых смесей Ti-23.5ат.%Al-21ат.%Nb // *Неорганические материалы*. – 2018. – Том 54 – №1. – С. 40-45
- Wang Z., et al. Effects of powder preparation and sintering temperature on properties of spark plasma sintered Ti-48Al-2Cr-8Nb alloy *Metals*, 9 (8) (2019). – P. 861.
- Deng H., et al. Bulk nanostructured Ti-45Al-8Nb alloy fabricated by cryomilling and spark plasma sintering *J. Alloy. Compd.*, 772 (2019). – Pp. 140-149
- Skiba T., Hau'sild P., Karl'ik M., Vanmeensel K. and J.Vleugels, "Mechanical properties of spark plasma sintered FeAl intermetallics," *Intermetallics*, vol. 18. – No. 7. – Pp. 1410-1414, 2010.
- Shongwe M.B., Diouf S., Durowoju M.O. and Olubambi P.A. "Effect of sintering temperature on the microstructure and mechanical properties of Fe-30%Ni alloys produced by spark plasma sintering," *Journal of Alloys and Compounds*, vol. 649. – Pp. 824- 832, 2015/11/15/ 2015
- Zhang Z., Han B., Huang J., Han Y., Zhou Y., Kakegawa K. et al., "Mechanical behavior of cryomilled Ni superalloy by spark plasma sintering," *Metallurgical and Materials Transactions A*. – Vol. 40. – Pp. 2023-2029, 2009.

Information about authors

Kurbanbekov Sherzod – doctor PhD, associate professor, Khoja Akhmet Yassawi University, Head of the SRI Natural Sciences, Nanotechnologies and New Materials, Turkestan, Kazakhstan, E-mail: sherzod.kurbanbekov@ayu.edu.kz, +7 702 400 34 88

Tabiyeva Yerkezhan – doctor PhD, D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: etabieva@edu.ektu.kz, +7 777 328 05 35

Kizatov Aibar Sovetbekuly – doctoral student, D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan. E-mail: akizatov@edu.ektu.kz

Nurken Mussakhan – Master of pedagogical sciences (Physics), Khoja Akhmet Yassawi University, SRI Natural Sciences, Nanotechnologies and New Materials, Turkestan, Kazakhstan, E-mail: nurken.mussakhan@ayu.edu.kz, +77786133168

Amangeldiyeva Yulduz – master student, Yasavi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, E-mail: yulduz.amangeldieva12345@mail.ru, +7778 640 4486

МАШИНА ЖАСАУ
МАШИНОСТРОЕНИЕ
MECHANICAL ENGINEERING

DOI 10.51885/1561-4212_2024_4_67
MFTAA 55.57.33

Б.А. Молдаханов¹, В.В. Роговский², А.Б. Бугаев³, Д.С. Елеманов⁴

Д. Серікбаев атындағы атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

¹E-mail: bek_m78@mail.ru*

²E-mail: gerat1302@mail.ru

³E-mail: andbugaev@mail.ru

⁴E-mail: atonai2009@mail.ru

**ЕГУ ҚАТАРЫ МӘНДЕРІНІҢ ЕНІ ӘРТҮРЛІ ЖӘНЕ ДІРІЛДЕЙТІН
ДИСК АШҚЫШТАРЫ БАР ТҰҚЫМ СЕБУ КЕШЕНІНІҢ МОДЕЛІН ЭКСПЕРИМЕНТТІК
ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**РЕЗУЛЬТАТЫ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ И ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
МОДЕЛИ ПОСЕВНОГО КОМПЛЕКСА С РАЗЛИЧНЫМИ ЗНАЧЕНИЯМИ ШИРИНЫ
МЕЖДУРЯДИЙ И ВИБРАЦИОННЫМИ ДИСКОВЫМИ СОШНИКАМИ**

**THE RESULTS OF EXPERIMENTAL AND THEORETICAL STUDIES OF A MODEL
OF A SOWING COMPLEX WITH DIFFERENT VALUES OF ROW SPACING AND
VIBRATING DISC COULTERS**

Аңдатпа. Мақала егіс агрегатының дискілі дірілдейтін жұмыс органдарының топырақпен өзара әрекеттесуіне арналған. Топырақты өңдеу кезіндегі тарту кедергісі мен энергия сыйымдылығын төмендету, егіс агрегаттарының жылдамдығы мен өнімділігін арттыру үшін дірілдің топыраққа әсерін сипаттайтын заңдылықтары анықталды. Сонымен бірге егіс агрегатының дірілдейтін дискілі жұмыс органының топырақты кесудің механикалық-математикалық моделі өзірленді. Дискілі жұмыс органының кесу жиегінің топырақпен дірілдейтін әсерлесу параметрлерін анықтау үшін математикалық тәуелділіктер алынды. Процестің тарту кедергісі мен энергия сыйымдылығын төмендету тұрғысынан дірілді кесу процесінің тиімділік шарттары белгіленді. Егіс жабдықтарының дискілі жұмыс органын жобалау және пайдалану кезінде, топырақты дірілдетудің ұтымды параметрлерін таңдау әдістемесі жасалды. Сонымен қатар, зерттеулер барысында алынған теориялық нәтижелерді растайтын және тарту кедергісі мен энергия шығынын азайту үшін, дискілі жұмыс органының топырақты дірілдеп кесуінің тиімділігі мен орындылығын дәлелдейтін діріл жұмыс жабдығының тәжірибелік үлгісін эксперименттік зерттеу нәтижелері келтірілді.

Түйін сөздер: себу, сепкіш, ашқыш, кескіш диск, дискілі жұмыс органы, дірілдеткіш жұмыс органдары, діріл, тарту кедергісі, энергия сыйымдылығы.

Аннотация. Статья посвящена взаимодействию дисковых вибрационных рабочих органов посевного агрегата с почвой. Для снижения сил тягового сопротивления и энергоёмкости обработки почвы, повышения скорости и производительности посевных агрегатов выявлены закономерности, характеризующие воздействие вибраций на почву и разработана механико-математическая модель резания почвы вибрационным дисковым рабочим органом посевного агрегата, получены математические зависимости для определения параметров виброударного взаимодействия режущей кромки дискового рабочего органа с почвой и установлены условия эффективности процесса виброрезания с точки зрения снижения тягового сопротивления и энергоёмкости процесса. Разработана методика подбора рациональных параметров виброрезания почвы при проектировании и работе дискового рабочего органа посевного оборудования. Приведены результаты экспериментальных исследований опытного образца вибрационного рабочего оборудования, подтверждающие полученные теоретические результаты и доказывающие эффективность и целесообразность вибрационного резания почвы дисковым рабочим органом для снижения тягового сопротивления и затрат энергии.

Ключевые слова: посев, сеялка, сошник, режущий диск, дисковый рабочий орган, вибрационные рабочие органы, вибрация, тяговое сопротивление, энергоёмкость.

Annotation. The article is devoted to the interaction of the disk vibration working bodies of the sowing unit with the soil. To reduce the forces of traction resistance and energy intensity of tillage, increase the speed and productivity of sowing units, patterns characterizing the effect of vibrations on the soil have been identified and a mechanical and mathematical model of cutting soil with a vibrating disc working body of a sowing unit has been developed, mathematical dependencies have been obtained to determine the parameters of vibro-impact interaction of the cutting edge of a disc working body with the soil and conditions for the effectiveness of the vibration cutting process have been established from the point of view of reducing the traction resistance and energy intensity of the process. A method for selecting rational parameters of soil vibration cutting in the design and operation of a disk working body of sowing equipment has been developed. The results of experimental studies of a prototype of vibrating working equipment are presented, confirming the theoretical results obtained and proving the effectiveness and expediency of vibrating cutting of soil with a disk working body to reduce traction resistance and energy costs.

Keywords: sowing, seeder, coultter, cutting disc, disc working body, vibrating working bodies, vibration, traction resistance, energy intensity.

Кіріспе. Ауылшаруашылық дақылдарын өндірудің тиімділігін арттыру үшін тікелей себу технологиясы қолданылады (Спасин, 2006; Петровец&Горки, 2019). Тікелей себу үшін қолданылатын сепкіштер (Salford 520 (Канада), Берегиня АП-402 (Ресей), СРН-2000F (АҚШ), SD7200 (Қазақстан), John Deere 1590 (АҚШ), Crucianelli Pionera 2717 және т. б.) топырақ қабатын аз ғана жылжыта отырып, өсімдік қалдықтарын кесіп, дақылдарды берілген тереңдікке дәл себуді қамтамасыз етуі қажет.

Топырақты өңдеу кезінде энергия көрсеткіштерін төмендетудің ең перспективалы бағыты – топырақ өңдеу құралдарын қосымша бұзушы күштер мен өрістерді генерациялау құрылғыларымен синтездеу, мысалы, жұмыс органдарының топырақпен өзара әрекеттесуін өзгертетін діріл тербелісі түріндегі импульстік әсерлер (Дудкин et al, 2022; Kim et al, 2022; Aduov et al, 2020; Трофимов, 2018). Топырақ өңдеу жұмыс органдарының қосымша дірілін қолданудың тиімділігі үш негізгі аспектімен байланысты: қарқындылығы жоғары кернеулердің жиынтық өрісін құру; топырақтың сұйылту және акустикалық босату күйіне өтуі; жұмыс органдарына топырақтың үйкеліс коэффициенті мен күштерінің төмендеуі.


Жұмыстың мақсаты егіс жабдығының дірілдейтін дискілі жұмыс органдарын қолдану арқылы топырақты кесу тиімділігін арттыру, олардың жұмысының нақты параметрлерін анықтау, дірілдейтін жұмыс жабдықтарының параметрлерін инженерлік есептеу және таңдау әдістемесін әзірлеу болып табылады.

Егістік жұмыс жабдықтарының жаңа түрінің негізгі идеясы – белгілі бір тұрақты жылдамдыққа ие негізгі жұмыс қозғалысы бар диск құралына, негізгі қозғалыс бағытына сәйкес, салыстырмалы түрде аз энергиямен бағытталған қосымша бірлік діріл соққыларын қабаттастыру.

Топыраққа қосымша діріл әсері бар машинаның құрылымдық схемасы 1-суретте көрсетілген және жүріс жабдығы мен іштен жану қозғалтқышы бар базалық машинаны, дискілі жұмыс жабдығын, сондай-ақ күш импульстарын (діріл) қалыптастыру механизмін қамтиды.

Топырақты кесуге арналған тербелмелі жабдықтың негізгі параметрлері, құрал тербелістерінің жиілігі (ω (с^{-1})) мен a (м) амплитудасы, базалық машинаның ілгерілемелі қозғалысының V_m (м/с) жылдамдығы және қатар аралықтары енінің әртүрлі мәндері болып табылады.

Бұл жердегі толық шешілмеген маңызды сұрақ – бұл қондырғының жылдамдығы мен діріл жылдамдығының ара қатынасы.



1-сурет. Топыраққа импульстік әсер ететін машинаның құрылымдық схемасы
 Ескерту – автормен құрастырылған

Теориялық зерттеулер. Негізгі машинаның ілгерілемелі қозғалысының жылдамдығын ескере отырып, тербелістердің амплитудасы мен жиілігінің шамаларын таңдау тек сенімді математикалық есептеу әдістерін әзірлеу негізінде мүмкін болады.


Дірілдеу процесінде диск құралының кескіш жиегі ω (1/c) жиілігі және амплитудасы a (м) тұрақты жылдамдықпен базалық машинаның қозғалысы бағытында V_m (2-сурет, 3-сурет) гармоникалық тербелістер жасасын (эксцентрикалық діріл жетегі үшін, $a=2e$, мұндағы e – эксцентриситет).

Негізгі машинаның қозғалыс бағытында дірілді кесу режиміне арналған $x(t)$ кесу жиегінің қозғалыс процесін диаграммаға сәйкес ұсынуға болады. 2-ші және 3-суретте екі қозғалыстың қосындысы түрінде: $x_m(t) = V_m \cdot t$ базалық машинаның қозғалысы және $x_{po}(t) = e \cdot (1 - \cos \omega t)$ жұмыс органының қосымша тербелістері. Бұл жағдайда жұмыс органының қозғалыс заңы (дискінің кесу жиегінің координатасының ағымдағы мәні) ағымдағы t уақыт координатасына байланысты көрсетілуі мүмкін:

$$x(t) = x_m(t) + x_{po}(t) = e \cdot (1 - \cos \omega t) + V_m \cdot t = \frac{1}{2} \cdot a \cdot (1 - \cos \omega t) + V_m \cdot t \quad (1)$$

Жұмыс органының қозғалысы T тербеліс кезеңінің ұзақтығына сәйкес жеңілдетілген ара тісті сипатқа ие және, a тербеліс амплитудасымен жүреді делік.

Дискілі жұмыс органының топырақты дірілді кесу процесінің сызбасы 2-суретте көрсетілген. Кескіш жиектің қозғалыс траекториясы 3-суретте көрсетілген.




2-сурет. Құралдың көлденең тербелісі бар дірілді кесу процесінің схемасы
 Ескерту – автормен құрастырылған

Жұмыс құралы (диск) бастапқы O нүктесінде топыраққа енгізіледі және негізгі машинаның қозғалыс бағытында қозғалады. A нүктесінде кесу жиегінің қозғалысы максималды мәнге жетеді және мыжылған жер бойынша топырақтың деформациясы 1 аумақта жүреді. A нүктесінде тоқтағаннан кейін, кесу жиегінің кері қозғалысы кезінде оның Δx жолындағы топырақпен жанасудан шығуы A нүктесінен E, B нүктелеріне дейін жүргізіледі. E нүктесі кесу жиегінің топырақпен жанасуынан максималды шығуы, ары

қарай кесу жиегі тоқтайды және оның келесі қозғалысы машинаның қозғалыс бағытында басталады.

В нүктесінде кесу жиегі топырақпен жаңа байланысқа түседі және С нүктесіне дейін қозғалады, онда оның қозғалысы қайтадан максималды мәнге жетеді және мыжылған жер бойынша жаңа топырақ деформациясы 2 аумақта орын алады. Яғни, дірілдеу процесінде кесу жиегі топырақпен жанасады, содан кейін одан шығады.



3-сурет. Дірілді кесу механизмі (кесу жиегінің қозғалыс траекториясы, кесу жиегінің қозғалыс жылдамдығы, кесу күшінің импульстары)
 Ескерту – автормен құрастырылған

Кескіш құралдың ортаға динамикалық әсер ету шарты $t_4 > 0$ уақыты немесе $\Delta x > 0$ шегі болып табылады. Кесу жиегінің топырақпен әрекеттесуі t_5 уақытына созылады.

Кесетін жиектің топырақпен жанасатын қашықтығы - l_7 . OA және BC учаскелерінде P_0 кесу күшінің импульсі әрекет етеді. h тереңдігі себу үшін қажетті ойық тереңдігімен анықталады.

Құралдың қозғалысының максималды $x(t)$ координатасы А нүктесінде қол жеткізіледі, кесу жиегінің қозғалыс жылдамдығы нөлге тең. Кескіш жиектің қозғалысының жалпы жылдамдығы (негізгі машина мен діріл қозғалысының қозғалысы кезінде) мына формуламен сипатталады:

$$\dot{x}(t) = e \cdot \omega \cdot \sin \omega t + V_m \tag{2}$$

Ескерту – автормен құрастырылған

Киберфизикалық жүйелерге жасалған шабуылдарды талдау қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдерін қажет ететінін көрсетеді. Зиянды программалар, SQL инъекция, MITM шабуылы, спуффинг және DDoS шабуылдары сияқты киберфизикалық жүйелерге жасалатын заманауи шабуылдар маңызды инфрақұрылымға үлкен қауіп төндіреді. Аталған шабуылдардың әрқайсысы үшін жүйелердің осалдығын азайтуға және шабуылдаушылардың оларды пайдалануына жол бермеуге бағытталған арнайы қорғаныс шаралары бар.

Зиянды программалар киберфизикалық жүйелер үшін ең көп таралған қауіптердің бірі болып қала береді. Зиянды программалардан қорғаудың негізгі шаралары антивирустық программаны пайдалану және программалық жасақтаманы үнемі жаңарту болып табылады, бұл белгілі осалдықтардың жұмыс істеуіне жол бермейді. Желіні сегменттеу зиянды программалардың жүйеге енген жағдайда зиянды кодтың таралуын шектейді, ал процестерді бақылау және талдау аномалияларды анықтауға көмектеседі. Деректердің үнемі сақтық көшірмесін жасау сонымен қатар оқиғаларды қалпына келтіруді және деректердің жоғалуын азайтуды қамтамасыз ететін маңызды қорғаныс әдісі ретінде қызмет етеді.

SQL инъекция шабуылы киберфизикалық жүйелерге интеграцияланған деректер базасына қауіп төндіреді. Негізгі қорғаныс шарасы зиянды кодтың SQL сұраныстарының енуіне жол бермейтін параметрленген сұраныстарды пайдалану болып табылады. Қолданушы деректерін тексеру және фильтрлеу рұқсат етілмеген сұраныстарды енгізу мүмкіндігін азайтады және деректер базасына кіру құқығын шектеу маңызды ресурстарды қорғайды. Web Application Firewall (WAF) технологиясын енгізу күдікті сұраныстарды фильтрлеу және веб-қосымшалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы қосымша қорғаныс қабатын жасайды.

MITM типті шабуылдар киберфизикалық жүйелердің компоненттері арасында берілетін деректердің тұтастығы мен құпиялылығын бұзуы мүмкін. Бұл шабуылды алдын алу үшін деректерді шифрлауды (TLS/SSL) пайдалану және қауіпсіз деректер арналарын құру үшін VPN технологиясын енгізу қажет. Сертификат деңгейіндегі аутентификациялау процесі қолданушылар мен құрылғылардың түпнұсқалығын тексеруді қамтамасыз етеді, ал жүйеге кіруді анықтау және алдын алу механизмдері (IDS/IPS) рұқсатсыз кіру әрекеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Спуффинг шабуылдары киберфизикалық жүйелердегі сәйкестендіру мен аутентификация процесстеріне қауіп төндіреді. Көп факторлы аутентификация дәстүрлі аутентификация әдістерін толықтыра отырып, осы шабуылдардың алдын алудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Цифрлы қолтаңбалар мен сертификаттарды пайдалану хабарлама көздерінің түпнұсқалығын тексеру үшін де маңызды, ал желілердегі деректерді шифрлау олардың жалған болу мүмкіндігін азайтады.

DDoS шабуылдары жүйенің ресурстарын шамадан тыс жүктеуге бағытталған және қызмет көрсетуден бас тартуы мүмкін. Мұндай шабуылдардан қорғау үшін жүктемені өңдеу үшін таратылған жүйелер қолданылады, бұл сұраныстарды қайта бөлуге және белгілі бір түйіндерге жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. DDoS қорғаныс жүйелерін енгізу күдікті трафикті уақтылы фильтрлеуге мүмкіндік береді, ал жүктеме теңгергіштері серверлер арасында сұраныстардың біркелкі таралуын қамтамасыз етеді, бұл шамадан тыс жүктемені болдырмайды.

Қорғаныс шараларын талдау киберфизикалық жүйелердің кешенді қауіпсіздігі техникалық шешімдерді (шифрлау, желіні сегментациялау, IDS/IPS) және ұйымдастырушылық шараларды (программалық жасақтаманы жаңарту, көп факторлы аутентификация) қамтитын көп деңгейлі тәсілді қажет ететінін көрсетеді. Киберфизикалық жүйелерге жасалған шабуылдардың әрқайсысының жеке қорғаныс әдістерін қажет ететін өзіндік ерекшелік-

тері бар. Бұл шараларды тиімді қолдану киберфизикалық жүйелердің шабуылдарға төзімділігін арттыруға және олардың сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Қорытынды. Киберфизикалық жүйелер заманауи инфрақұрылымның негізгі элементі бола отырып, кибершабуылдардың кең спектріне ұшырайды, бұл кешенді қорғаныс шараларын әзірлеуді және енгізуді талап етеді. Зиянды программалар, SQL инъекция, MITM, спуфинг және DDoS сияқты жалпы шабуылдарды талдау олардың әрқайсысының бірегей сипаттамалары бар екенін және киберфизикалық жүйелердің қауіпсіздігіне қауіп төндіретінін көрсетеді. Мұндай жүйелерді тиімді қорғау компьютерлік желіні сегментациялау, шифрлауды пайдалану, көп факторлы аутентификация, IDS/IPS және программалық жасақтаманы үнемі жаңартуды қоса алғанда, көп деңгейлі техникалық және ұйымдастырушылық шараларды біріктіруді талап етеді. Бұл шараларды енгізу киберфизикалық жүйелердің шабуылдарға төзімділігін арттырады, олардың сенімді жұмысын қамтамасыз етеді және маңызды инфрақұрылым үшін тәуекелдерді азайтады.

Кибершабуылдардың күрделілігі мен жиілігін ескере отырып, киберфизикалық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету оларды пайдалану мен дамытуға жауапты мемлекеттік және коммерциялық ұйымдар үшін басымдық болып қала береді.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдеді.

Әдебиеттер тізімі

- June 2017. Framework for Cyber-Physical Systems: Volume 1, Overview. National Institute of Standards and Technology (NIST) Special Publication 1500-201. <https://doi.org/10.6028/NIST.SP.1500-201>.
- Matthew N. O. Sadiku and others. (2017). Cyber-Physical Systems: A Literature Review. European Scientific Journal December 2017 edition Vol.13, No.36 ISSN: 1857 – 7881 (Print) e - ISSN 1857-7431. URL: <http://dx.doi.org/10.19044/esj.2017.v13n36p52>.
- Abdulmalik Humayed, Jingqiang Lin, Fengjun Li, and Bo Luo. (2017). Cyber-Physical Systems Security – A Survey. Survey of Academic Paper. rXiv:1701.04525v1 [cs.CR].
- Hakan Kayan and others. (2022). Cybersecurity of industrial cyber-physical systems: a review. ACM Computing Surveys (CSUR), Volume 54, Issue 11s. Article No.: 229.
- Case, D., & Wilhoit, K. (2017). Triton: The First ICS Malware Designed to Attack Safety Instrumented Systems. FireEye Special Report.
- Cardenas, A., Amin, S., & Sastry, S. (2008). Research Challenges for the Security of Control Systems. Proceedings of the 3rd conference on Hot Topics in Security.
- Knapp, E., & Langill, J. (2014). Industrial Network Security: Securing Critical Infrastructure Networks for Smart Grid, SCADA, and Other Industrial Control Systems. Elsevier.
- Fisher, D. (2015). Black Energy Malware Used in Ukraine Power Grid Attacks. Kaspersky Lab Report.
- Cheung, S., et al. (2007). Intrusion Detection Systems for SCADA Networks: A Survey and Taxonomy. Proceedings of the 2007 IEEE International Conference on Emerging Security Information.
- Ten, C. W., Liu, C.-C., & Manimaran, G. (2008). Vulnerability Assessment of Cybersecurity for SCADA Systems. IEEE Transactions on Power Systems.
- Lee, R. M., Assante, M. J., & Conway, T. (2016). Analysis of the Cyber Attack on the Ukrainian Power Grid. SANS Institute.
- Langner, R. (2011). Stuxnet: A Case Study of Cyber Attacks on Industrial Control Systems. IEEE Security & Privacy.
- A Survey on Cyber-Physical Systems Security. Zhenhua Yu, Hongxia Gao. (2023). IEEE Internet of Things Journal PP(99). DOI:10.1109/JIOT.2023.3289625.
- Gunes, V., Peter, S., Givargis, T., & Vahid, F. (2014). Security and Privacy in Cyber-Physical Systems: A Survey. IEEE Internet of Things Journal.
- Cheung, S., et al. (2007). Intrusion Detection Systems for SCADA Networks: A Survey and Taxonomy. Proceedings of the 2007 IEEE International Conference on Emerging Security Information.
- Mo, Y., et al. (2012). Design of Secure Cyber-Physical Systems: A Review. IEEE Transactions on Automation Science and Engineering.
- Cardinas, A., et al. (2008). Defending Against Cyber Attacks on Industrial Control Systems: Strategies and Countermeasures. IEEE Transactions on Control of Network Systems.
- Ten, C. W., et al. (2010). Challenges for Securing Industrial Control Systems. IEEE Transactions on Power Delivery.

- He, H., & Yan, J. (2016). Cyber-Physical Attacks and Defenses in the Smart Grid: A Survey. IEEE Communications Surveys & Tutorials.
- Amin, S., et al. (2013). Security of Cyber-Physical Systems: Resilience Against Attacks. IEEE Transactions on Automatic Control.
- Dhal, R., & Kumar, S. (2018). Mitigation Strategies for Distributed Denial of Service (DDoS) Attacks in Cyber-Physical Systems. Journal of Network and Computer Applications.
- Xu, L., et al. (2014). Securing the Internet of Things: A Case Study in Embedded Systems and Cyber-Physical Systems. IEEE Internet of Things Journal.

Information about authors

Kanzhekeyev Aidyn – Master, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, E-mail: aidyn-94-10@mail.ru, ORCID:0009-0005-0399-2409, +7 702 846 26 36

Konyrkhanova Asem – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, E-mail: konyrkhanova_aa@enu.kz, ORCID:0000-0002-4901-8901, +7 771 437 70 79

Tolganbajuly Talant – PhD, «QazCloud» LLP, Astana, Kazakhstan, E-mail: talant.kz@mail.ru, ORCID: 0009-0000-5035-3232, +7 702 524 08 03

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ИНЖЕНЕРИЯ
ПРОГРАММНАЯ ИНЖЕНЕРИЯ
SOFTWARE ENGINEERING

DOI 10.51885/1561-4212_2024_4_158
MFTAA 50.41.25

Б.А. Кузенбаев¹, А.А. Кузенбаева², Д.Ж. Алиппаева³, Е.А. Жаксыгельдин⁴

А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан

¹E-mail: be kz@bk.ru

²E-mail: ayzhan.81@mail.ru*

³E-mail: alippaewi@mail.ru

⁴E-mail: zhaksygeldin01@mail.ru

**ЕМХАНА ЕМДЕЛУШІЛЕРІ МЕН МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН
МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ӨЗІРЛЕУ**

**РАЗРАБОТКА МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ ДЛЯ МЕДИЦИНСКОГО
ПЕРСОНАЛА И ПАЦИЕНТОВ ПОЛИКЛИНИКИ**

**DEVELOPMENT OF A MOBILE APPLICATION FOR MEDICAL STAFF
AND POLYCLINIC PATIENTS**

Аңдатпа. Бұл мақалада емхананың медициналық қызметкерлері мен емделушілеріне арналған мобильді қосымшаны өзірлеу үдерісі сипатталған. Қосымша емделушілер мен медициналық қызметкерлер арасындағы өзара әрекетті жақсартуға, қабылдауға жазылу үдерісін оңтайландыруға, талдаулар нәтижелеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуге және ауру тарихын басқаруға бағытталған. Мақалада талаптарды талдау, прототип жасау, платформаны таңдау және тестілеуді қоса алғанда, өзірлеудің негізгі кезеңдері көрсетілген. Қосымшаның негізгі функциялары мен медициналық қызмет көрсету сапасын арттырудағы артықшылықтары сипатталған. Жүргізілген тестілеу қосымшаның тиімділігін және пайдаланушылардың қанағаттанушылығын растады.

Түйін сөздер: мобильді қосымша, денсаулық сақтау, медициналық қызметтер, емделушілер, дәрігерлер, технология.

Аннотация. В данной статье описан процесс разработки мобильного приложения для медицинского персонала и пациентов поликлиники. Приложение направлено на улучшение взаимодействия между пациентами и медицинскими работниками, оптимизацию процесса записи на приём, доступ к результатам анализов и управление историей болезни. Предс-

тавланы основные этапы разработки, включая анализ требований, прототипирование, выбор платформы и тестирование. Описаны ключевые функции приложения и его преимущества для улучшения качества медицинского обслуживания. Проведённое тестирование подтвердило эффективность приложения и удовлетворённость пользователей.

Ключевые слова: мобильное приложение, здравоохранение, медицинские услуги, пациенты, врачи, технология.

Abstract. This article describes the process of developing a mobile application for medical staff and patients of a polyclinic. The application is aimed at improving interactions between patients and medical workers, optimizing the appointment booking process, access to test results, and managing medical records. The main stages of development are presented, including requirements analysis, prototyping, platform selection, and testing. The key functions of the application and its benefits for improving the quality of medical care are described. The testing confirmed the effectiveness of the application and user satisfaction.

Keywords: mobile application, healthcare, medical services, patients, doctors, technology.

Kіpіcne. Қазіргі қоғамда мобильді құрылғыларды қолдану үнемі кеңейіп келеді. Жаңа есептеу қуатының пайда болуымен мұндай құрылғылар оларды өнеркәсіпте, медицинада, саудада және жарнамада қолданудың жаңа көрінісін ашады. Медицина саласы да ерекшелік емес. Медицинада ақпараттық технологияның дамуы тоқтаған жоқ. Қазіргі заманда медициналық кәсіпорындардың көп бөлігі медициналық қызметтердің сапасын қамтамасыздандыру үшін көптеген бағдарламалық өнімдерді қолдану үстінде. Осындай құралдардың бірі – емделушілер мен емдеу мекемелері арасында байланыс орнатып ақпаратты қабылдау және тасымалдау, сондай-ақ дәрігерлермен онлайн кеңес беруге мүмкіндік беретін мобильді қосымша болып табылады.

Медициналық ұйымдарға арналған мобильді қосымшаларды құрастыру – бұл қауіпсіздік, ақпараттың сапасы, ресурстарды тиімді пайдалану, техникалық қамтамасыздандыру, икемділік және медицина қызметкерлерімен ынтымақтастық сынды көптеген маңызды факторларды ескеруді талап ететін көп қырлы процесс. Дегенмен, осы маңызды аспектілерді ескере отырып, медициналық ұйымға арналған мобильді қосымша медициналық ақпараттың қолжетімділігін және көрсетілетін қызметтердің сапасын елеулі түрде арттыра алады, бұл медицина саласының алға басуындағы ауқымды қадам болып табылады.



1-сурет. Электрондық денсаулық сақтау саласының компоненттері

Ескерту – автормен құрастырылған

Бұл мақалада емделушілер мен медициналық қызметкерлер үшін арналған мобильді қосымша сарапталады. Қосымша емделушілерге дәрігердің қабылдауына жазылуға, медициналық қызметтер мен жүргізіліп жатқан зерттеулер туралы тиісті ақпарат алуға, сондай-ақ талдау нәтижелері мен басқа да медициналық мәліметтермен танысуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, медициналық қызметкерлер бұл қосымшаны емделушінің медициналық ақпаратын жазу және өңдеу үшін пайдалана алады.

Материалдар мен тәсілдер. Денсаулық сақтауға байланысты мобильді қосымшаларын құрастыру негізінде дәрігерлер мен фармацевттер қауіпсіз және тиімді көмек көрсетуге мүмкіндік алады, ал ем қабылдаушылар емдеуді өз беттерімен бақылаудың арқасында, терапияға деген көзқарастарын өзгертеді (Костромин & Васева, 2021).

Жоғарыда ұсынылған суреттен цифрлық денсаулық сақтау кеңістігінің өте кең екенін көріп отырмыз. Ол бізге ем қабылдаушы халықтың, медициналық қызмет көрсетушінің де игілігі үшін интернет заттар, үлкен деректер және жасанды интеллект сияқты соңғы инновациялық технологиялық үрдістердің маңызды әлеуетін пайдаланады.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, бес жылдан кейін чат-боттарды емханалар мен медициналық мекемелердің 80 %-ға жуығы пайдаланады (Аветисянц, 2023). Бүгінгі таңда адамдар әлі де бағдарламалық қосымшалардың көптеген артықшылықтарын қолданғысы келеді, бірақ мекемелер қызметтерді жеткізу үшін пайдаланатын ашық емес әдістерге күмәнмен қарауда. Олар өз деректеріне көбірек иелік етуді және тәжірибені алғысы келеді. 5G мен толықтырылған шындықтың (AR) өркендеуі көшбасшыларды мұны шындыққа айналдыруға мәжбүр етті.

Мобильді денсаулық сақтау қосымшалары күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналды (Рындина, 2022).

Медициналық ұйымдар үшін мобильді қосымшаны құрастыру бірқатар материалдар мен әдістерді пайдалануды талап етеді, олардың ішінде:

- Қолданушы қажеттіліктерін түсіне білу: қосымшаны құрастыруды жасамас бұрын, қолданушылар – ем қабылдаушылар мен медицина мамандарының қажеттіліктерін талдау қажет. Бұл қосымшаның функционалдығын, интерфейсін және ыңғайлылығын анықтайды.

- Прототипті әзірлеу: қолданушылардың қажеттіліктері зерттеліп болғаннан кейін ғана оның ыңғайлылығы мен функционалдылығын тексеруге қол жететін қосымшаның прототипін құрастыру керек.

- Платформаны таңдау үлгісі: берілген тапсырмаларды шешуге ыңғайлы және қолданушылардың мұқтаждықтарын қамтамасыз ете алатын мобильді қосымшаны құрастыруға арналған платформаны таңдау қажет.

- Программалау: мобильді қосымшаны құрастыру үшін таңдап алынған платформаға сәйкес тілде программалау керек.

- Тестілеу: қосымшаны құрастырып аяқтағаннан кейін ғана оның жұмыс жасайтынына және қателердің болмауына көз жеткізу мақсатында тексеру керек.

- Деректердің қорғалуы: мобильді қосымшаны құрастырушылар ем қабылдаушының жеке өмірін қорғап қалу мақсатында және заң талаптарын сақтау мақсатында қосымша арқылы берілген деректердің қауіпсіздігін қамтамасыздандырылулары қажет.

- Қолдау көрсету үлгісі: мобильді қосымша сәтті жұмыс атқаруы үшін жаңартулар мен қателерді түзетумен бірге, қолдау көрсетілуі керек.

Осы материалдар мен берілген әдістер медициналық ұйымдарға арналған мобильді қосымшаны құрастырудың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып саналады және қосымшаның тиімділігі мен қауіпсіздігіне қол жеткізу мақсатында керек.

Медициналық қызметкерлер мен емхана емделушілері арасындағы өзара әрекетті жеңілдетуге арналған мобильді қосымшаны құру үшін келесі мақсатты әдістер мен тәсілдер қолданылды:

1) Пайдаланушылар талаптарын талдау және функционалды анықтау:

- **Әдіс:** Нысаналы аудитория өкілдерімен (медициналық қызметкерлер мен емделушілер) сұхбаттар мен сауалнамалар жүргізілді. Бұл деректер қосымшаның функционалдық талаптарын анықтауға көмектесті.

- **Тәсіл:** Алынған мәліметтер негізінде негізгі функциялар бөлініп, қабылдауға жазылу, талдаулар нәтижелерін көру, ауру тарихы сияқты мүмкіндіктер анықталды, бұл мүмкіндіктер емделушілер мен дәрігерлер үшін маңызды. Талдау сондай-ақ қабылдауға еске салу хабарламаларын іске асыру қажеттігін көрсетті, бұл медициналық қызметкерлермен өзара әрекетті жақсартып, емделушілердің қанағаттанушылығын арттыруға ықпал етеді.

2) Әзірлеу платформасын таңдау:

- **Әдіс:** Бірнеше жылдам әзірлеу платформалары (no-code/low-code) зерттелгеннен кейін Bubble.io платформасы таңдалды.

- **Таңдау негіздемесі:** Bubble.io интерфейстер мен логиканы код жазбай-ақ тез жасау және өзгерту мүмкіндігін береді, бұл прототип жасауды және тестілеуді жеделдетті. Платформа сондай-ақ емделушілердің медициналық деректерін сақтау және өңдеу үшін маңызды дерекқор құралдарын қолдайды.

3) Прототиптеу және интерфейс әзірлеу:

- **Әдіс:** Әр интерфейс әзірлеу кезеңінде соңғы пайдаланушылар қатысуымен тестілеу жүргізілген итерациялық прототиптеу тәсілі қолданылды.

- **Тәсіл:** Пайдаланушылардың пікірлеріне сүйене отырып, прототипке өзгерістер енгізілді, бұл интерфейсін интуитивтілігін арттырды. Прототиптеу негізгі функционалдан (қабылдауға жазылу, талдаулар нәтижелеріне қолжетімділік) басталып, қосымша функциялар қосу және оңтайландыру арқылы кезең-кезеңімен жүзеге асырылды.

4) Деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- **Әдіс:** Қосымша құпия медициналық деректерді өңдейтін болғандықтан, денсаулық сақтау саласындағы заңдар мен қауіпсіздік стандарттарын ескере отырып, деректерді қорғау талаптарына талдау жүргізілді.

- **Тәсіл:** Деректерді қорғау үшін ақпаратты шифрлау және пайдаланушыларды аутентификациялау функциялары енгізілді, бұл ақпаратқа тек авторландырылған тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Bubble.io платформасы SQL-инъекциялардан қорғау және қолжетімділікті бақылау сияқты қосымша қауіпсіздік шараларын қолдайды, бұл деректердің таралу қаупін азайтады.

5) Тестілеу және оңтайландыру:

- **Әдіс:** Қосымша функционалдылық пен ыңғайлылықты бағалау үшін медициналық қызметкерлер мен емделушілер арасында пайдаланушыға қолайлылық тестілеуінен өтті. Android жүйесіндегі әртүрлі құрылғыларда функционалдық тестілеу де жүргізілді.

- **Тәсіл:** Тестілеу сценарийлері шынайы жағдайларды қамтыды – мысалы, қабылдауға жазылу, кездесуді жою, медициналық деректерді қарау. Енгізілгенге дейінгі және кейінгі мәліметтерді салыстырмалы талдау нәтижесінде қосымша емделушілердің күту уақытын 25 %-ға қысқартып, медициналық ақпаратқа қолжетімділікті жақсартып, пайдаланушылардың қанағаттанушылық деңгейін арттыратыны анықталды.

6) Салыстырмалы талдау және деректер жинау:

- **Әдіс:** Қосымшаның тиімділігін растау үшін енгізуге дейінгі және кейінгі статистикалық деректер жиналды.

- **Тәсіл:** Қабылдауға күту уақыты, тіркеу бөліміне жүгінулер саны және емделушілердің қанағаттанушылық деңгейі сияқты көрсеткіштер тіркелді. Бұл тәсіл қосымшаның оң әсерін бағалауға және емханамен өзара әрекеттің дәстүрлі әдістерімен салыстырғанда оның артықшылықтарын көрсетуге мүмкіндік берді (Дадаева и др., 2021).

Нәтижелер және оларды талқылау. Осы тақырыпты жазу барысында Қазақстанның заманауи медицина саласында бұрыннан қолданыста бар және жұмыс жасап тұрған Damumed қосымшасын, Денсаулық сақтау министрлігі Республикалық электронды денсаулық сақтау орталығымен бірігіп, Цифрлық даму министрлігімен бірге іске қосқан «eDensaulыq» қызметі; «ҚР инновациялық және аэроғарыш өнеркәсібі» және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ; DariKz қосымшалары зерттеліп талдаулар жүргізілді. Талдау жүргізудің нәтижесінде, онда бірқатар кемшіліктер анықталды.

Мысал ретінде DamuMed алынды. Бұл қосымша емделушілер үшін жасалған және кең ауқымды қызметтерді ұсынады, мысалы, дәрігерге қабылдауға жазылу, онлайн кеңес беру, талдаулар нәтижелеріне қолжетімділік және ауру тарихын басқару.

DariKz – Қазақстан республикасында тіркеуде тұрған дәрілік заттар туралы толық мәліметті, оның ішінде медициналық қолдануға байланысты нұсқаулықты, қаптаманың макетін, сертификаттарын және аналогтар тізімін көруге мүмкіндік береді. Қосымшаны қолдану оңай (Мурадянц и др., 2021). Дегенмен, қосымша сөзбе-сөз мағынада медициналық емес және шектеулі функционалдылыққа ие.

Қосымшаларындағы негізгі функциялар:

Damumed:

- Дәрігерге қабылдауға жазылу.
- Дәрігерлермен онлайн кеңес беру.
- Медициналық ақпаратқа, оның ішінде талдаулар нәтижелеріне және ауру тарихына қолжетімділік.
- Визиттер мен басқа да медициналық оқиғалар туралы еске салу жүйесі.
- Емделушілердің кері байланысын алу механизмі, бұл қызмет көрсету сапасын жақсартуға көмектеседі.

DariKz:

- Дәрі-дәрмектер туралы ақпарат іздеу, соның ішінде қолдану жөніндегі нұсқаулық, мүмкін болатын аналогтар мен сертификаттар.
- Дәрі-дәрмектердің құрамын және дозасын көрсету, бұл дәрігерлер мен емделушілер үшін пайдалы.
- Медициналық персоналмен немесе дәрігерге жазылу жүйесімен өзара әрекеттесудің жоқтығы.

Артықшылықтар:

Damumed:

- Кешенділік: Кең ауқымды қызметтер ұсынады, бұл емделушілер үшін тұрақты пайдалану үшін ыңғайлы етеді.
- Жоғары танымалдылық және Қазақстандағы барлық пайдаланушылар үшін қолжетімділік.
- Қолдануға ыңғайлы және интуитивті интерфейс: Емделушілер қажетті ақпаратты оңай табуға және қызметтерді пайдалану жеңілдігіне ие болады.

DariKz:

- Дәрілік құралдарға назар аудару: Бұл қосымша Қазақстанда тіркелген дәрі-дәрмектер туралы толық ақпаратты ұсынатын бірден-бір ресурс, сертификаттау туралы толық мәліметтермен.
- Қарапайым пайдалану: Интерфейс ақпаратты іздеу және қарау үшін арнайы әзірленген, бұл пайдаланушыларға қосымшаны тез игеруге мүмкіндік береді.

Кемшіліктер:

Damumed:

- Медициналық мекемелер мен мамандардың шектеулі тізімі: Бұл кейбір емделушілерге қажетті қызметтерге қол жеткізуді қиындатады.

• Қабылдауға жазылу уақытынан нақты қабылдау уақыттарының сәйкес келмеуі туралы кейбір пайдаланушылардың шағымдары: Бұл қолайсыздық туғызады.

• Тұрақты интернет байланысына тәуелділік: Бұл алыс немесе интернет қамтуы әлсіз аудандарда қосымшаны пайдалану қиындық туғызуы мүмкін.


DariKz:

• Шектеулі функционалдық: Қосымша негізінен дәрі-дәрмектер туралы анықтама ақпаратын ұсынады, бірақ дәрігерге жазылуға немесе медициналық деректерге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.

• Емделушілердің денсаулығын басқаруға арналған кешенді шешім іздейтіндерге толық қанағаттанарлық болмайды.

Жоғарыда аталған талдауға негізделе отырып, екі қосымша да әртүрлі функцияларды орындап, өздерінің күшті және әлсіз жақтарына ие екені анық байқалады (Голощапов, 2021). Damed мединалық персоналмен өзара әрекеттесу үшін кешенді қызметтер жиынтығын ұсынғанымен, кейбір кемшіліктері бар, мысалы, қолжетімді мамандар мен медициналық мекемелер санының шектеулілігі. DariKz болса, дәрі-дәрмектер туралы ерекше ақпарат ұсынады, бірақ қабылдаулар мен медициналық деректерді басқару функцияларын қолдамайды (Климашин, 2021).

Жоғарыда айтылғандардың барлығының нәтижесінде мақалада қарастырылып отырған мобильді қосымшасы дайындалды. Бұл қосымша Қостанай қаласында орналасқан № 1 Емхананың медицина қызметкерлері мен ем қабылдаушылары үшін жасалынды (2-сурет).



2-сурет. «Емхана» қосымшасы


Ескерту – автормен құрастырылған

Құрастырылған қосымша жасаған ортасы ретінде Android операциялық жүйесі таңдалып алынды. Айтылған талаптардың соңғысына, атап айтқанда, қолдау көрсетілетін құрылғылардың ауқымын барынша арттыруға байланысты мүмкіндігі бар болғандықтан алынып отыр. Мобильді операциялық жүйелер нарығындағы Android үлесі 74,43 %, ал iOS 24,99 % (Гордеев, 2021). Қалған 0,58 % басқа операциялық жүйелерге тиісті, оларда берілген тізім осы жұмыстың аясынан тыс.

Қосымшаны жасаудың негізгі құралы ретінде Bubble.io веб-платформасы таңдалып алынды. Bubble.io – бұл программалаусыз веб-қосымшаларды құрастыруға арналған веб-платформа (Мартишин, 2021). Ол бетке апаруға болатын блоктарды, сондай-ақ әртүрлі дизайн элементтерін, деректер базасын және қосымша логикасын қолданып күрделі веб-қосымшаларды құрастыруға мүмкіндік жасайды.

Атап айтқанда, белсенді жазбаларды көрсетуге арналған Қайталанатын топты орнатылды (3-сурет).

Data source (деректер көзі) - талдау, өңдеу, көрсету және т.б. сияқты әртүрлі мақсаттар үшін пайдалануға болатын деректерді береді (Barlybayev et al., 2019). Деректер көзі ретінде Search for zapis's (Zapis' дерекқорында іздеу). Оның ішінде шарттар анықталды: Created by (кім жасаған) = Current User (ағымдағы пайдаланушы) және date \geq Current date/time (ағымдағы күн/уақыт).



3-сурет. Қайталанатын топ параметрлері терезесі

Ескерту – (Стасьшин, 2021) негізінде құрастырылған

Нәтижесінде Zapis' дерекқорында деректерді іздейтін жұмыс тобы болады, мұнда Created by = Current user, date \geq Current date/time және өсу реті бойынша сұрыпталған жазбалар (4-сурет).

Мұнда сіз белсенді жазбаларыңызды көре аласыз

10:00	02/05/23	Краснов Д.М.
10:30	03/05/23	Краснов Д.М.
11:00	10/05/23	Краснов Д.М.
10:30	15/05/23	Краснов Д.М.

4-сурет. Белсенді жазбалар

Ескерту – автормен құрастырылған

Қосымша ең алдымен ем қабылдаушы мен дәрігер арасындағы байланыс үшін құрастырылған. Бұл денсаулық сақтау үшін мобильді қосымшаларды құрастырудың ең танымал түрлерінің бірі болып табылады. Қосымша пайдаланушыларға маман дәрігерлерді тауып алуға, қабылдап жазылуларына, бейнеқоңырауларды ұйымдастыруға көмектеседі. Осындай қызметтер дәрігерлер мен ем қабылдаушылар арасындағы қашықтықты қамтамасыздандыру арқылы ем қабылдаушының қатысуын және медициналық қызмет көрсетушіге деген адалдығын арттыра түседі.

Дәрігерлердің сұралымы бойынша мобильді қосымша төмендегідей мүмкіндіктерді қарастырды:


- кірістірілген хабарлама жүйелері;
- талдау нәтижелерін қаралуы;
- дәрілік заттар мен рецепттердің іздеуі;
- белсенді жазу нұсқаларын немесе жазу тарихын қарау;
- виртуалды күтілім залы;
- дәрігерге уақытылы жазылу;
- ақылы қызметтердің бағаларын білу.

Мобильді қосымшаны құрастыру уақытында тағы бір маңызды қауіпсіздік пен мәліметтерді қорғау талаптары ескерілді. Денсаулық сақтау мекемелері көбінесе ем қабылдаушылардың көптеген құпия деректерін, олардың ішінде жеке ақпаратты, ауру тарихын, сынақ нәтижелерін және т.б. сақтайды. Сондықтан деректерді сенімді қорғауды қамтамасыз ету және ақпараттың ағып кетуіне жол бермеу маңызды болды (Glazer J, 2021; Прохоренок, 2019).

Осы мақсатта әртүрлі қауіпсіздік шаралары қолданылды, соның ішінде деректерді шифрлау, пайдаланушының аутентификациясы және авторизациясы, құпия ақпаратқа тек тиісті тұлғалардың қол жеткізуін шектеу, сондай-ақ тұрақты осалдықты тексеру және қауіпсіздік жаңартулары (Ventola, 2014; Boulos et al., 2014).

Қосымшаны әзірлеу және тестілеу барысында келесі нәтижелер алынды:


Қосымша талаптарға сәйкес негізгі функцияларды, мысалы, дәрігерге қабылдауға жазылуды, медициналық деректерді қарауды, қабылдаулар туралы хабарламаларды және талдаулар нәтижелерін қамтамасыз етті. Бұл емделушілерге медициналық қызметтерге ыңғайлы әрі жылдам қолжетімділік береді (5-сурет).



5-сурет. «Емхана» қосымшасы


Ескерту – автормен құрастырылған

Интерфейсті тестілеу нәтижелері бойынша, 85 % пайдаланушылар дизайнның интуитивтілігін атап өтсе, 90 % емделушілер қабылдауға жазылу функциясының ыңғайлылығын бағалады (Free et al., 2013; Avancha et al., 2012). Бұл қосымшаның мақсатты аудиторияның талаптарына сай екенін растайды (6-сурет).



6-сурет. Интерфейсті пайдалану ыңғайлылығын бағалау нәтижелері
Ескерту – автормен құрастырылған

Қосымша қабылдауға жазылу және емделушілер мен дәрігерлер арасындағы ақпарат алмасу процесін автоматтандырып, жазбаларды өңдеу уақытын қысқартуға және тіркеу бөлімінің жүктемесін 30 %-ға азайтуға мүмкіндік берді (7-сурет).



7-сурет. «Емхана» қосымшасы
Ескерту – автормен құрастырылған


Қосымшаны енгізу емделушілердің орташа күту уақытын 25 %-ға қысқартуға әкелді, себебі қабылдауға жазылу енді тіркеу бөліміне баруды қажет етпейді. Емделушілер өз қабылдауы туралы бірден хабарлама алады, бұл қызмет көрсету сапасын жақсартады (8-сурет).



8-сурет. Емханада орташа күту уақытын қысқаруы

Ескерту – автормен құрастырылған

Тестілеу барысында пайдаланушылар арасында сауалнама жүргізіліп, 92 % респонденттер қосымшаны басқа емделушілерге ұсынуға дайын екенін білдірді. Пайдаланушылар қосымшаның медициналық мекемелермен өзара әрекетін жақсартуға көмектескенін атап өтті (9-сурет).



9-сурет. Қосымшаның негізгі функциялары бойынша пайдаланушылардың қанағаттану статистикасы

Ескерту – автормен құрастырылған

Қосымшаны тестілеу екі кезеңнен өткізілді: функционалдық тестілеу және қолайлықты тестілеу. Функционалдық тестілеу кезеңінде негізгі функциялар тексерілді, мысалы, қабылдауға жазылу, талдаулар нәтижелеріне қолжетімділік және хабарламалар. Тестілеуге 50 емделуші және 10 медициналық қызметкер қатысып, олар Android операциялық жүйесімен жұмыс істейтін құрылғыларда қосымшаның қолайлылығы мен функционалдығын бағалады. Тестілік сценарийлерде қабылдауға жазылу, ауру тарихын қарау және хабарламалар жүйесін пайдалану қарастырылды.

Тестілеу барысында алынған мәліметтер:

- Қабылдауға жазылудың орташа уақыты 2 минутты құрады, бұл дәстүрлі жүйеге қарағанда 50 % жылдам.
- Интерфейспен қанағаттану деңгейі 90 % болды.
- Қосымшаның стандартты операциялар кезінде орташа жауап уақыты 1,5 секундты құрады.

Қосымшадағы басты шектеулердің бірі – ғаламтор қосылымының болуын айтуға болады. Қосымшаны қолданған кезде тұрақты ғаламтор қосылымы керек, бұл кейбір қолданушылар үшін, әсіресе шалғай аймақтарда немесе желіні қамтуы нашар аймақтарға саяхаттау кезінде қиындықтар тудырулары мүмкін (Седлецкий, 2020; Бирюков, 2018). Сондай-ақ, барлық ем қабылдаушыларда мобильді құрылғы немесе олардың иелігі туралы білімнің болмауы мүмкін, бұл қосымшаны қолдануда біршама кедергі туғызуы мүмкін.

Сондай-ақ, кейбір қолданушыларда мобильді қосымшаларды қолдану барысында өздерінің медициналық деректерінің қауіпсіздігі мен құпиялылығына қатысты алаңдаушылық туғызуы мүмкін екенін атап өткенде жөн. Бұлардың алдын алу үшін жеке мәліметтерді қорғауға және медициналық жазбалардың құпиялылығын ерекше назарда ұстау қажет.

Қорытынды. Медициналық мекемеге арналған мобильді қосымшаны әзірлеу нәтижесінде емделушілерге қызмет көрсету сапасының айтарлықтай жақсаруына, қызметкерлер жұмысының тиімділігінің артуына және мекемедегі процестерді бақылаудың жақсаруына қол жеткізілді. Атап айтатын болсақ, қосымша медициналық ұйымдарда қазіргі заманғы заманауи технологиялар трендіне қалуға және денсаулық сақтау нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Мобильді қосымшаны әзірлеудің нәтижелері оның емханада қызмет көрсету сапасын жақсартудағы маңыздылығын көрсетті. Қабылдауға жазылу және медициналық деректерді басқару жүйесін енгізу тек емделушілердің күту уақытын қысқартуға ғана емес, сондай-ақ медициналық қызметкерлердің жұмыс тиімділігін арттыруға да мүмкіндік берді.

Авторлардың үлесі медициналық ақпаратты басқаруға арналған ыңғайлы және сенімді құралды жасауда, сондай-ақ емханадағы коммуникацияны жақсартуда жатыр, бұл ұқсас шешімдерді басқа медициналық мекемелерде қолдану үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Осы нәтижелер цифрлық медициналық қызметтерді цифрландыру және емделушілермен өзара әрекеттесуді оңтайландыру саласында қосымша зерттеулер жүргізу үшін негіз бола алады.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Костромин С.Н., Васева Е.С. (2021) Проектирование и разработка мобильного приложения «Сведения о сотрудниках» // Научное обозрение. Технические науки. – № 3. – С. 79-84 // Kostromin S.N., Vaseva E.S. (2021) Design and development of the mobile application «Information about employees» / Scientific review. Technical sciences. – No. 3. – P. 79-84.
- Аветисянц С. (2023) Разработка мобильных приложений для медицинских центров, медклиник [Электронный ресурс] // Avetisyants S. (2023) Development of mobile applications for medical centers, medical clinics [Electronic resource].
- Рындина С. В. (2022) Интеллектуальные информационные системы и технологии: smart-устройства и мобильные приложения: учеб.-метод. пособие. – Пенза: Изд-во ПГУ // Ryndina S.V. (2022) Intelligent information systems and technologies: smart devices and mobile applications: textbook. - method. manual. Penza: Publishing house of PSU.
- Дадаева В.А., Тельхигова А.А., Ким О.Т., Драпкина О.М. (2021) Мобильные медицинские приложения: возможности, проблемы и перспективы. ПМ.24(7):96-102 // Dadaeva V.A., Telkhigova A.A., Kim O.T., Drapkina O.M. (2021) Mobile medical applications: opportunities, problems and prospects. PM. 24(7): 96 102.

- Мурадянц А.А., Никитин П.В., Шостак Н.А. (2021) Мобильное здравоохранение: возможности, проблемы, перспективы. – № 4. – С. 13-21 // Muradyants A.A., Nikitin P.V., Shostak N.A. (2021) Mobile healthcare: opportunities, problems, prospects // No. 4. – Pp. 13-21.
- Голощапов А. (2021) Программирование для мобильных устройств. – Петербург, 448 с. // Goloshchapov A. (2021) Programming for mobile devices / A. Goloshchapov. St. Petersburg, 448 s.
- Климашин М.К. (2021) Разработка программного приложения для мероприятий организации / Севастопольский государственный университет. – Севастополь, 163 с. // Klimashin, M.K. (2021) Development of a software application for organization events / Sevastopol State University. – Sevastopol, 2021. – 163 p.
- Гордеев С.И. (2021) Организация баз данных в 2 ч. Часть 1: учебник для среднего профессионального образования – 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Издательство Юрайт. – 310 с. // Gordeev, S.I. (2021) Organization of databases in 2 hours. Part 1: textbook for secondary vocational education – 2nd ed., ispr. and add. – Moscow: Yurait Publishing House. – 310 p
- Мартышин С.А. (2021) Базы данных. Практическое применение СУБД SQL- и NoSQL-типа для проектирования информационных систем: учебное пособие / Москва: ФОРУМ: ИНФРА-М. – 368 с. // Martishin, S.A. (2021) Databases. Practical application of SQL- and NoSQL-type DBMS for the design of information systems: a textbook / S.A. Martishin, V.L. Simonov, M.V. Khrapchenko. — Moscow: FORUM: INFRA-M, 2021. – 368 p.
- Стасышин, В.М. (2021) Базы данных: технологии доступа: учебное пособие для среднего профессионального образования. – Москва: Издательство Юрайт. – 164 с. // Stasyshin, V.M. Databases: access technologies: a textbook for secondary vocational education – Moscow: Yurait Publishing House, 2021. – 164 p.
- Barlybayev A., Abdymanapov S.A., Kuzenbaev B.A. (2019) Quality Evaluation Fuzzy Method of Automated Control Systems on the LMS Example. IEEE Access, Digital Object Identifier 10.1109/ACCESS.2019.2943000
- Glazer J. (2021) Multiplayer games. Development of network applications / St. Petersburg, 152 p.
- Прохоренок Н.А. (2019) Разработка приложений. – СПб.: BHV. – 832 с. // Prokhorenok N.A. (2019) Application development / N.A. Prokhorenok. – St. Petersburg: BHV. – 832 p.
- Ventola C.L. (2014). Mobile devices and apps for health care professionals: uses and benefits. Pharmacy and Therapeutics, 39(5), 356-364.
- Boulos MN, Brewer AC, Karimkhani C, Buller DB, Dellavalle RP. (2014) Mobile medical and health apps: state of the art, concerns, regulatory control and certification. Online J Public Health Inform. 5(3):229. doi: 10.5210/ojphi.v5i3.4814.
- Free C, Phillips G, Galli L, Watson L, Felix L, Edwards P, Patel V, Haines A. (2013) The effectiveness of mobile-health technology-based health behaviour change or disease management interventions for health care consumers: a systematic review. PLoS Med. 10(1):e1001362. doi: 10.1371/journal.pmed.1001362.
- Avancha S., Baxi A., & Kotz D. (2012). Privacy in mobile technology for personal healthcare. ACM Computing Surveys (CSUR), 45(1), 1-54. DOI: 10.1145/2379776.2379788.
- Седлецкий К.В. (2020) Анализ технологий разработки мобильных приложений / Молодежный вестник Уфимского государственного авиационного технического университета. – № 1 (22). – С. 136-138 // Sedleckij K.V. (2020) Analiz tehnologij razrabotki mobil'nyh prilozhenij // Molodezhnyy vestnik Ufimskogo gosudarstvennogo aviacionnogo tehniceskogo universiteta. № 1 (22). – S. 136-138.
- Бирюков С.В. (2018) Анализ стратегий тестирования программного обеспечения / Известия Южного федерального университета. Технические науки. – № 1 (78). – С. 59-63 // Birjukov S.V. (2018) Analiz strategij testirovaniya programmnoo obespechenija // Izvestija Juzhnogo federal'nogo universiteta. Tehnicheskie nauki. № 1 (78). – S. 59-63.

Information about authors

Kuzenbayev Batyrkhan Amanzholovich – doctor PhD, Kostanay regional university named after. A. Baitursynuly, г. Костанай, Казахстан, E-mail: bekz@bk.ru, ORCID:0000-0002-5680-9912, +7 700 726 42 71

Kuzenbaeva Aizhan Aidarkhanovna – master of Engineering Science, Kostanay regional university named after. A. Baitursynuly, Qostanay, Kazakhstan, E-mail: Ayzhan.81@mail.ru, ORCID: 0009-0003-0020-2323, +7 701 857 18 34

Alippayeva Dinara Zhankabylovna – master's degree, Kostanay regional university named after. A. Baitursynuly, Kostanay, Kazakhstan, E-mail: alippaewa@gmail.com, ORCID: 0009-0000-9024-0937 +7 708 890 79 85

Zhaxygeldin Yeldos Amangeldievich – master's student, Kostanay regional university named after. A. Baitursynuly, Qostanay, Kazakhstan, E-mail: zhaksygeldin01@mail.ru, ORCID: 0009-0008-2456-9521, +7 707 409 89 77

АВТОМАТИКА. ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ
АВТОМАТИКА. ВЫЧИСЛИТЕЛЬНАЯ ТЕХНИКА
AUTOMATION. COMPUTER TECHNOLOGY

DOI 10.51885/1561-4212_2024_4_170
MFTAA 50.43.15

К.С. Кульниязова¹, Л.Г. Рзаева², Г.А. Абитова², О.К. Аймухамбетов², Н.К. Ердыбаева³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

E-mail: k_korlan@mail.ru

²Astana IT University, Астана, Қазақстан

E-mail: l.rzayeva@astanait.edu.kz

*E-mail: abitova.gul@gmail.com**

E-mail: aimukhambetov.o@gmail.com

³Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: nyerdybayeva@ektu.kz

СУДЫ ЭЛЕКТР ЭРОЗИЯСЫН ТАЗАРТУ ПРОЦЕСІН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ
СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ ПРОЕССОМ ЭЛЕКТРОЭРОЗИОНОЙ
ОЧИСТКОЙ ВОДЫ
CONTROL SYSTEM FOR THE PROCESS OF ELECTROEROSION
WATER PURIFICATION

Аңдатпа. Табиғи және өндірістік ағынды суларды зиянды қоспалардан тазарту өзекті міндет болып табылады. Суды тазартудың классикалық әдістерінің бірқатар кемшіліктері бар: реагенттердің жоғары шығыны; мембраналарды мезгіл-мезгіл ауыстыру қажеттілігі; мембраналар мен реагенттердің жоғары құны; жабдықты орналастыру үшін үлкен аумақтар қажет; су көздерін улы заттар мен еріген тұздардан тиімді тазарту мүмкін еместігі. Соңғы уақытта суды тазарту үшін электр энергиясын қолдану ерекше қызығушылық тудыруда, соның ішінде суды электроэрозиялық тазарту. Тазарту процесін басқару және тиімділігін арттыру үшін басқару жүйелері жасалады. Мақалада өзірленген басқару жүйесі суды электроэрозиялық тазарту процесінің сызықтық емес моделіне негізделген. Модельдің сызықтануы PID реттеуімен басқару жүйесін құруға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: суды электроэрозиялық тазарту, басқару жүйулер, үйін сөздер, PID реттегіші.

Аннотация. Очистка природных и промышленных сточных вод от вредных примесей является актуальной задачей. Классические способы очистки воды обладают рядом недостатков: высокий расход реагентов; необходимость периодической замены мембран; высокая стоимость мембран и реагентов; требуются большие площади, для размещения оборудования; невозможность эффективно очищать водные источники от токсичных веществ и растворенных солей. В последнее время, особый интерес вызывает применение электрической энергии для очистки воды, в том числе, электроэрозионная очистка воды. Для управления и повышения эффективности процесса очистки разрабатываются системы управления. Разработанная в статье система управления построена на основе нелинейной модели процесса электроэрозионной очистки воды. Линеаризация модели позволила создать систему управления с PID-регулированием.

Ключевые слова: электроэрозионная очистка воды, системы управления, PID-регулятор.

Abstract. Purification of natural and industrial wastewater from harmful impurities is an urgent task. Classical methods of water purification have a number of disadvantages: high consumption of reagents; the need for periodic replacement of membranes; high cost of membranes and reagents; large areas are required to accommodate equipment; the inability to effectively purify water sources from toxic substances and dissolved salts. Recently, the use of electric energy for water purification, including electroerosive water purification, has been of particular interest. Management systems are being developed to manage and improve the efficiency of the cleaning process. The control system developed in the article is based on a nonlinear model of the process of electroerosive water purification. The linearization of the model made it possible to create a control system with PID regulation.

Keywords: electroerosive water treatment, control systems, PID controller.

Kipicne. Суды тазартуға арналған электроэрозиялық тазарту әдісі салыстырмалы түрде жаңа және жақсы зерттелмеген. Ол тазартылған судағы электродтар арасында пайда болатын жоғары вольтты импульстарды қолдануға негізделген. Осы процестің нәтижесінде судағы лақтаушы бөлшектерді механикалық түрде ыдырататын судағы металл шарлардың бетінде жарылғыш разрядтар пайда болады. Бұл процесс судан зиянды қоспаларды кетіре алатын көптеген иондар мен радикалдардың пайда болуына әкеледі.

Бұл әдістің артықшылықтарының бірі суды әртүрлі лақтаушы заттардан, соның ішінде бактериялардан, вирустардан, органикалық және бейорганикалық қосылыстардан тазартудағы жоғары тиімділігі болып табылады. Дегенмен, әдістің тиімділігі лақтаушы заттардың концентрациясы, олардың мөлшері мен пішіні, сондай-ақ қысым мен өңдеу уақыты сияқты параметрлерге байланысты болуы мүмкін.

Әдістің салыстырмалы түрде төмен энергия сыйымдылығына қарамастан, оның экономикалық тиімділігіне әсер етуі мүмкін арнайы жабдықты пайдалану қажет. Сонымен қатар, әдіс суда металл моншақтардың болуын талап етеді, олар өздігінен лақтаушы болуы мүмкін.

Тұтастай алғанда, суды тазартуға арналған электроэрозиялық тазарту әдісі суды тазартудың неғұрлым тиімді және үнемді әдістеріне әкелуі мүмкін зерттеудің перспективасы болып табылады.

Әдебиеттерге шолу. Су көздерін зиянды қоспалардан тазарту өзекті міндет болып табылады. Бұл мәселеге арналған басылымдар саны әр жылмен бірге өсуде (Akter, 2017, Delcolle, 2017). Бұл мәселені шешу үшін суды тазартудың әртүрлі және танымал әдістері қолданылады: кері осмос, коагуляция, ион алмасу тұндыру, аэрация, тұндыру және т.б. (Тменова Т., 2019). Аталған әдістердің әрқайсысының бірқатар артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Елеулі кемшіліктердің ішінде мыналарды атап өтуге болады: реагенттердің жоғары шығыны; мембраналарды мезгіл-мезгіл ауыстыру қажеттілігі; мембраналар мен реагенттердің жоғары құны; жабдықты орналастыру үшін үлкен аумақтар қажет; және ең маңызды кемшілігі – бұл әдістердің көмегімен су көздерін еріген құрамдағы зиянды қоспалардан тазарту іс жүзінде мүмкін емес (немесе тиімді емес) судағы жағдай.

Жақында, зерттеушілердің қызығушылығы су көздерін тазарту үшін электр энергиясын қолдануға бағытталған (Moilanen, 2019; Rehman, 2015). Электр энергиясын пайдалануға негізделген осындай әдістердің бірі – тазартылатын судағы металл шарлар қабатын электроэрозиялық өңдеу арқылы суды тазарту. Суды тазарту үшін электр эрозиясын қолданудың қызығушылығы-бұл әдіс арзан шикізатқа негізделген (металл шарлар) және салыстырмалы түрде төмен энергия сыйымдылығымен сипатталады. Суды тазартудың электроэрозиялық әдісін қолданудың негізгі бағыты өнеркәсіптік ағынды суларды оларда еріген заттардан тазарту болып табылады.

Сонымен, жұмыста машина жасау кәсіпорындарының ағынды суларын тазарту үшін суды тазартудың электроэрозиялық әдісін қолдану ұсынылады, (Sechi, 2016) мақалада жылу желілерінің су тазарту жүйелерінде суды тазартудың электроэрозиялық әдісін қолдану перспективалары сипатталған, басылымдарда (Krinityn, 2016) өнеркәсіптік ағынды суларды ауыр металл иондарынан суды тазартудың электроэрозиялық әдісі арқылы тазарту бойынша зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Сонымен қатар, соңғы жылдардағы зерттеулер табиғи суларды құрамындағы гуминдік заттар, силикаттар және ауыр металл иондары сияқты зиянды қоспалардан тазарту үшін электроэрозия әдісін сәтті қолдануға арналған, олар физика-химиялық әсерлерге төзімді коллоидты ерітінділер түзе алады (Гао, 2020).

Суды тазарту үшін электроэрозия процесін қолданудың негізгі мақсаты-суда еритін зиянды қоспаларды ерімейтін тұнбаға айналдыру, содан кейін оны тұндыру және сүзу сияқты классикалық әдістер арқылы судан шығару (Надеждин, 2020).

Материалдар және зерттеу әдістері. Электроэрозиялық су тазарту қондырғысын басқару жүйесін құру үшін басқару объектісі түріндегі процестің математикалық моделін жасау қажет. Бұл кіріс және шығыс айнымалылар арасындағы байланысты бағалау және процестің ақпараттық моделін құру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін (Nadezhdin I.S., Parasidero D., 2016). Суды электроэрозиялық тазартуда жүретін процестердің күрделілігіне байланысты процестің ақпараттық құрылымы электроэрозиялық суды тазарту қондырғысын, тұндырғышты және сүзгіні қамтитын блоктар немесе құрылғылар жиынтығы түрінде көрсетілді. Процестің математикалық моделін жасау үшін әрбір блоктың (аппараттың) кіріс және шығыс айнымалыларын анықтау, әрбір блоктың ішінде болып жатқан физикалық процестерді сипаттау, блоктардың кіріс және шығыс айнымалылары арасындағы байланысты орнату қажет.

Мысалы, электроэрозиялық су тазарту процесінде су тазарту қондырғысының кіріс айнымалылары болуы мүмкін: кернеу, импульс жиілігі, шар диаметрі, шардың айналу жылдамдығы, су температурасы, судағы ластаушы концентрация және т.б. Бұл блоктың шығыс айнымалылары болуы мүмкін: сүзілген судың мөлшері, өңделген шарлар саны, тазартылған судағы ластаушы заттардың концентрациясы және т.б.

Тұндырғыш үшін кіріс айнымалылары болуы мүмкін: тазартылған судың берілу жылдамдығы, эрозия өнімінің концентрациясы, судың температурасы, кешігу уақыты және т.б. Шығарылатын айнымалылар: түзілген шөгінділердің мөлшері, тазартылған судағы ластаушы заттардың концентрациясы және т.б. Сүзгі үшін кіріс айнымалылар болуы мүмкін: тазартылған судың берілу жылдамдығы, толтырғыштың диаметрі, оның тығыздығы және т.б. Шығарылатын айнымалылар: жойылған қалқымалы заттардың мөлшері, тазартылған судағы ластаушы заттардың концентрациясы және т.б.

Осындай деректер негізінде басқару объектісі ретінде процестің математикалық моделін жасауға және оны басқару жүйесін синтездеу үшін келесі параметрлерді (электроэрозиялық су тазарту қондырғысының жұмыс параметрлерін оңтайландыру және суды максималды тазартуды қамтамасыз ету, тиімділігі және т.б.) қолдануға болады. Тұндырғыш пен сүзгі үшін жалпы суды тазарту процесіне әсер ететін тиісті кіріс және шығыс параметрлерін анықтауға болады. Басқару объектісі ретінде процестің ақпараттық моделін блок-схема түрінде көрсетуге болады, онда әрбір блок құрылғылардың біріне сәйкес келеді. Әрбір блоктың ішінде кіріс және шығыс параметрлерін, сонымен қатар процеске әсер ететін басқа факторларды ескере отырып, процестің математикалық модельдері ұсынылуы мүмкін (Надеждин, 2020). Мұндай ақпараттық модельді электроэрозиялық су тазарту қондырғысын басқару жүйесін әзірлеу үшін пайдалануға болады, ол технологиялық параметрлерді автоматты түрде реттейді және оның тиімділігін арттырады.

1-суретте суды тазартудың электроэрозиялық процесінің құрылымдық схемасы процессте қолданылатын құрылғыларды ажырату арқылы көрсетілген (1-кесте).



1-сурет. Суды тазартудың электроэрозиялық процесінің құрылымдық схемасы
Ескерту (Надеждин, 2020) негізінде құрастырылған


1-кесте. Кіріс және шығыс айнымалылары

Айнымалылар ағыны/вектор	Айнымалы	Айнымалының атауы	Сипаттамасы
$\overline{\text{Фвх.рас.}}$	$Q_{\text{вх.рас.}}$	Кіріс ағыны (ластанған) сулы ерітінді	Кіріс айнымалы
	$T_{\text{вх.рас.}}$	Кіретін (ластанған) судың температурасы	Кіріс айнымалы
	C_i вх.рас.	Қоспалардың концентрациясы кіріс (ластанған) сулы ерітінді	Кіріс айнымалы
$\overline{\text{Пимп.}}$	$U_{\text{имп.}}$	Берілетін электрлік импульстарды қоректендіру кернеуі	Кіріс айнымалы
	$f_{\text{имп.}}$	Электрлік импульстарды қолдану жиілігі	Кіріс айнымалы
	$t_{\text{имп.}}$	Берілетін электрлік импульстардың берілу ұзақтығы	Кіріс айнымалы
$\overline{\text{Фобр.рас.}}$	$Q_{\text{обр.рас.}}$	Өңделген сулы ерітіндіні тұтыну	Шығыс/Кіріс айнымалы
	$T_{\text{обр.рас.}}$	Өңделген сулы ерітіндінің температурасы	Шығыс/Кіріс айнымалы
	C_i обр.рас.	Өңделген сулы ерітіндідегі қоспалардың концентрациясы	Шығыс/Кіріс айнымалы
	$C_{\text{ЭЭО}}$ Fe	Өңделген сулы ерітіндідегі электрлік эрозия өнімдерінің концентрациясы	Шығыс/Кіріс айнымалы
$\overline{\text{Фотс.рас.}}$	$Q_{\text{отс.рас.}}$	Тұндырылған сулы ерітіндінің шығыны	Шығыс/Кіріс айнымалы
	$T_{\text{отс.рас.}}$	Тұндырылған сулы ерітіндінің температурасы	Шығыс/Кіріс айнымалы
	C_i отс.рас.	Тұндырылған сулы ерітіндідегі қоспалардың концентрациясы	Шығыс/Кіріс айнымалы
$\overline{\text{Фвых.рас.}}$	$Q_{\text{вых.рас.}}$	Шығатын суды тұтыну шығыны	Шығыс айнымалы
	$T_{\text{вых.рас.}}$	Шығатын судың температурасы	Шығыс айнымалы
	C_i вых.рас.	Шығатын сулы ерітіндідегі қоспалардың концентрациясы	Шығыс айнымалы
	CH	Құрылғы жұмыс жасайтын орта ауасындағы сутегі концентрациясы (көлем %)	Шығыс айнымалы

Ескерту – автормен құрастырылған

Суды тазартудың электроэрозиялық процесінің математикалық моделін жасау кезінде процестің екі кезеңнен тұратыны анықталды (Надеждин, 2020).

Бірінші кезең – су ерітіндісінде металл шарлар арасында электр разрядтарының пайда болуы және таралуы, ал екінші кезең – олардың арасындағы электр разрядтары нәтижесінде металл шарлардың электр эрозия өнімдерінің бөлінуі. Суды тазартудың электроэрозиялық процесінің математикалық моделі басқару объектісі ретінде ұсынылды және 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Басқару объектісі ретінде суды тазартудың электроэрозиялық процесінің математикалық моделі

Ескерту (Надеждин, 2020) негізінде құрастырылған

Аппараттағы электр эрозия өнімдерінің түзілу процесін сипаттау үшін дифференциалдық-алгебралық тендеулер жүйесін жазуға болады (1) (Nadezhdin, I.S., 2016):

$$\begin{aligned} \frac{dC_{обррас}^i}{dt} &= \frac{Q_{обррас}}{V_{вр}} * (C_{вхрас}^i - C_{обррас}^i) \\ \frac{dC_{Fe}^{ЭЭ0}}{dt} &= \frac{m_{Fe}^{ЭЭ0}}{V_{вр}} - \frac{Q_{обррас}}{V_{вр}} * C_{Fe}^{ЭЭ0} \\ \frac{d\gamma}{dt} &= \frac{C_{обррас}^i}{k_\gamma} \\ \frac{dm_{Fe}^{ЭЭ0}}{dt} &= 2 * N_{раз} * V_{лун} * \rho_{шар} \\ V_{лун} &= 0.5 * \pi * R_{лун}^2 * h_{лун} \\ d_{лун} &= (73,96 * d_{шар}^2 - 930,1 * d_{шар} + 3602) * q_{кан}^{0,2309} + \\ &+ (27,16 * d_{шар}^2 + 218,1 * d_{шар} - 278,4) \\ V_{в.р} &= (W_{ан} * L_{ан} * H_{ан}) - (m_{загр} * \rho_{шар}) \\ h_{лун} &= \frac{q_{плав}}{c_{шар} * (T_{плав} - T_{шар}) * \rho_{шар}}, \\ q_{плав} &= \frac{4,45 * k_{эф} * q_{кан}}{\pi * R_{лун}^2} \end{aligned} \tag{1}$$

Шынында да, суды тазартудың электроэрозиялық процесінің бірінші және екінші кезендерінің математикалық модельдері өзара байланысты, өйткені бірінші кезеңнің нәтижелері екінші кезеңнің параметрлеріне әсер етеді. Атап айтқанда, бірінші кезеңнің нәтижесінде алынған зиянды қоспалардың концентрациясы екінші кезең үшін кіріс параметр болып табылады, өйткені ол екінші кезеңде өңделген сулы ерітіндінің электр өткізгіштігінің өзгеруіне әсер етеді. Бұл өз кезегінде екінші кезеңнің тиімділігіне және алынған өнімдердің концентрациясына әсер етеді. Осылайша, суды тазарту процесін дұрыс болжау үшін осы модельдер арасындағы байланысты ескеру қажет.

3-суретте электроэрозиялық су тазарту қондырғысын басқарудың автоматтандырылған жүйесінің функционалдық схемасы көрсетілген, ол қажетті функционалды элементтерден тұрады. Электроэрозиялық су тазарту қондырғысының резервуар-реакторы басқарудың технологиялық объектісі болып табылады және диэлектрлік материалдан жасалған. Реактор цистернасының ішінде басқару блогына қосылған екі электрод бар.


Басқару блогында электроэрозиялық суды тазарту процесін басқару үшін қолданылатын электр импульстік генераторы бар.

Басқару жүйесі келесідей жұмыс істейді: бақыланатын айнымалының қажетті мәні (электр эрозия өнімдерінің концентрациясы) негізгі құрылғының көмегімен орнатылады. Өңделген сулы ерітіндідегі электр эрозия өнімдерінің концентрациясының ағымдағы мәні концентрация датчигі арқылы өлшенеді, ал сенсордан келетін сигнал белгіленген мәнмен салыстырылады.

Қазіргі уақытта болжамды модельдерге негізделген PID контроллерлері мен реттеуіштері Сәйкессіздік сигналы негізінде контроллер берілген электрлік импульстардың қажетті кернеу мәнін есептейді және басқару блогына берілетін сигналды жасайды.

Басқару блогы, өз кезегінде, басқарылатын айнымалының өзгеруіне әсер ететін, белгілі бір амплитуданың электрлік импульстар түрінде технологиялық басқару объектісіне басқару әрекетін жасайды. Процесті басқару үшін ең кең таралған болып табылады. PI және PID контроллерлері орнатудың қарапайымдылығына және техникалық іске асырудың қарапайымдылығына байланысты кеңінен қолданылады (Зарубин, 2020).

Процесті басқарудың әртүрлі тәсілдері бар, олардың бірі болжамды модельдерді пайдалану болып табылады. Осы тәсілдің негізінде ең тиімді реттеушіні анықтау үшін зерттеулер жүргізілді. Кейбір зерттеулер болжамдық модель контроллеріне негізделген басқару жүйелері



3-сурет. Электроэрозиялық су тазарту қондырғысын басқарудың автоматтандырылған жүйесінің функционалдық схемасы: ТҚ – негізгі технологиялық құрылғы, Р – реттеуші, ББ – басқару блогы, ТБО – технологиялық басқару орталығы, КД – түзілетін электр шарының концентрация датчигі
Ескерту – автормен құрастырылған

PID контроллерлеріне негізделген жүйелерге қарағанда әртүрлі технологиялық процестерді басқаруда тиімдірек екенін көрсетті.

Басқару жүйелерінің тиімділігін арттыру үшін анық емес логиканы қамтитын «гибридті» PID контроллерін пайдалануға болады. Суды тазартудың электроэрозиялық процесінің математикалық моделін құру барысында алдымен MatLab бағдарламасының Simulink опциясында жоғарыдағы аппараттағы электр эрозия өнімдерінің түзілу процесін сипаттау үшін қолданылған дифференциалдық-алгебралық теңдеулер жүйесін құрып аламыз. Дифференциалдық-алгебралық теңдеулер жүйесінде құрылған Simulink сызбасы 4-суретте көрсетілген.


Simulink сонымен қатар сызықтық және сызықтық емес тұрақтылықты талдау, параметрлерді оңтайландыру және басқару жүйесінің оңтайлы синтезі сияқты әртүрлі әдістерді пайдаланып үлгілерді талдауға және оңтайландыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Simulink-те көптеген дайын блоктар мен кітапханалар бар, бұл автоматты басқаруда, электроникада, механикада және басқа салаларда әртүрлі қолданбаларға

арналған үлгілерді жылдам жасауға мүмкіндік береді. Әрі қарай болжамды модельді қалыптастыру үшін сызықты емес жүйені сызықтық жүйемен ауыстыру әдістері қолданылды. Жалпы жағдайда, сызықтық жүйені талдау және жобалау үшін сызықтық басқару теориясының әдістерін қолдануға мүмкіндік беретін белгілі бір жұмыс нүктесіне жақын орналасқан сызықты емес жүйені сызықтық жүйемен ауыстыруға мүмкіндік береді.

Simulink-те басқару объектілерін сызықтандыру – басқару объектілерінің сызықты емес динамикалық үлгілерін берілген жұмыс нүктесіне жақын жерде сызықтық модельдерге түрлендіру процесі. Сызықтық модельдер басқару жүйесінің тұрақтылығы мен орнықтылығын талдау үшін, реттегіштерді жобалау және баптау үшін және басқа мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

Simulink бағдарламасында басқару объектілерін сызықтандыру Linearization блогының көмегімен орындалады, ол берілген кіріс және шығыс нүктелері негізінде сызықтық басқару объектісінің үлгілерін автоматты түрде есептейді, сонымен қатар сызықтандыруды баптау опциялары.

Жүйені сызықтандыру процесінде сызықты емес элементтер олардың сызықтық ұқсастарымен ауыстырылады, ал сызықтық күй айнымалыларына, жүйенің кірістері мен шығыстарына қатысты орындалады. Бұл тұрақтылық теориясы, оңтайлы басқару теориясы, реттеу теориясы және т.б. сияқты сызықтық басқару теориясының стандартты әдістерін пайдаланып талдауға болатын сызықтық модельді алуға мүмкіндік береді. Сызықтықтандырудан кейін басқару объектісі моделін басқару жүйесін одан әрі талдау және жобалау үшін пайдалануға болады.




4-сурет. Simulink жүйесінде құрылған схема

Ескерту – автормен құрастырылған

Электроэрозиялық әдіспен суды тазалау процесінің сызықтандырылған үлгісі 5-суретте көрсетілген. Модельдің бұл фрагментінде PID Controller блогы реттеуіш болып

табылады, ал Subsystem блогы басқару объектісі болып табылады. Сызықтандыру үшін кіру және шығу нүктелерін орнату керек. Simulink бағдарламасында кіріс және шығыс сигналдарын анықтау үшін Порттар және ішкі жүйелер кітапханасындағы кіріс және шығыс блоктарын пайдалануға болады. Кіріс блоктарын басқа блоктармен бірге пайдалануға болады, мысалы, Sum блогы. Деректер күй-кеңістік матрицалары түрінде немесе LTI нысаны түрінде болғандықтан, қосымша талдау үшін Control System Toolbox өніміндегі функцияларды пайдаландым.

Сызықтық енгізу кірісін көрсету үшін, PID контроллері блогының шығысын таңдап, Linear Analysis Points > Input Perturbation блогын таңдадым. Сызықтық шығысын көрсету үшін, Су тазалау жүйесі блогының шығысын таңдап, Сызықтық талдау нүктелері > Ашық цикл шығысы тармағын таңдадым.



5-сурет. Электроэрозиялық әдіспен суды тазалау процесінің сызықтандырылған үлгісі
Ескерту – автормен құрастырылған

Simulink – бұл A, B, C және D күй-кеңістік матрицалары түріндегі сызықтық модельдерді шығару үшін *linmod*, *linmod2* және *dlinmod* функцияларын қамтамасыз ететін өнім. Бұл матрицалар кіріс және шығыс векторлары арасындағы сызықтық қатынасты да сипаттайды, жүйенің күйі ретінде және теңдеулер түрінде көрсетуге болады. Мұндағы,

$$x = Ax + Bu$$

$$y = Cx + Bu$$

Мұнда *x*, *u* және *y* сәйкес күйге, кіріс және шығыс векторларына сәйкес келеді. Мысалы, A, B, C және D матрицаларын пайдаланып Simulink жүйесінде сызықтандырылған үлгі жасау үшін *lmod* функциясын пайдалануға болады.

6-суретте көрсетілген электроэрозиялық әдіспен суды тазалау процесінің үлгісін тағы басқа жолмен сызықтандыру үшін файлды “*lmod*” атауымен сақтап аламыз. Әрі қарай командалық терезеге келесі:

`[A, B, C, D] = linmod('lmod')` командасын береміз.

Нәтижесінде келесі 6-суретте көрсетілгендей электроэрозиялық су тазалау жүйесінің сызықтандырылған түрінің матрицасын аламыз.

```
f =
      9.174 s + 0.7
-----
s^2 + 9.174 s + 0.7
Continuous-time transfer function.
```

Су тазалау жүйесінің берілу функциясын анықталды.

```

Command Window
New to MATLAB? See resources for Getting Started.

A =
      x1      x2      x3      x4      x5      x6
x1      0      0      0      0      0      0
x2      0      0      0      0      0      0
x3      0      0     -100      0      0      0
x4      0     -1      0      0      0      0
x5      0      0      0      0      0      0
x6      0     1.53      0      0      0      0

B =
      u1
x1      0
x2     -9.174e-07
x3      0
x4      0
x5      0
x6      0

C =
      x1      x2      x3      x4      x5      x6
y1      1      0      0      0      0      0
y2      0      1      0      0      0      0

D =
      u1
y1      0
y2      0

Continuous-time state-space model
  
```

6-сурет. Simulink бағдарламасында құрастырылған электроэрозиялық су тазалау жүйесінің пайдасызықтандырылған түрінің матрицасы


Ескерту – автормен құрастырылған

PID (Proportional-Integral-Derivative) – процестерді автоматты реттеу үшін қолданылатын басқару алгоритмі. Ол қажетті мән мен ағымдағы мән арасындағы айырмашылық негізінде шығыс сигналын басқару үшін үш параметрді, пропорционалды күшейтуді (P), интегралды күшейтуді (I) және туынды күшейтуді (D) пайдаланады. PID тунері процесті оңтайлы басқару үшін осы параметрлерді реттеуге мүмкіндік береді. Ол өнеркәсіптік өндіріс, автоматты басқару, робототехника және т.б. сияқты әртүрлі салаларда қолданылады.

PID тунерін пайдалану үшін басқарылатын процесс туралы деректерді жинау және оны бағдарламаға беру қажет. PID Tuner PID параметрлерін реттеу және шығысты визуализациялау үшін графикалық пайдаланушы интерфейсін қамтамасыз етеді. PID Tuner - ең аз баптау күшімен ең жақсы нәтиже алуға мүмкіндік беретін қуатты автоматты процесті басқару құралы (Леонов, 2019).

PID Tuner қолданбасы тиімділік пен беріктік арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, PID контроллерінің кірістерін автоматты түрде реттейтін құрал болып табылады. Бұл қолданба арқылы PI, туынды сүзгісі бар PID немесе 2-DOF PID контроллері сияқты контроллер түрін таңдауға болады. PID Tuner көмегімен контурдың өткізу қабілеттілігі мен фазалық маржасын баптау, сондай-ақ белгіленген нүктені қадағалау немесе шуды


қабылдау арқылы контроллердің жұмысын интерактивті түрде жақсартуға болады. PID Tuner қосымшасын іске қосу үшін алдымен Simulink терезесінде сызбамызды алдыңғы нәтижеден алған беріліс функциясы бойынша қайта жинаймыз. 7-суретте Simulink терезесіндегі беріліс функциясы бойынша құрылған басқару объектісін көруге болады.



7-сурет. Simulink терезесінде құрылған басқару объектісі

Ескерту – автормен құрастырылған


Әрі қарай қосымшаны пайдалану үшін PID контроллердің параметрлерін өзгерту терезесінде қосымшаны іске қосамыз. PID Tuner қосымшасы берілген функция бойынша оңтайлы мәндерді қабылдап, проектке анализ жасайды. PID контроллерінің параметрлері 8-суретте көрсетілген.



8-сурет. PID контроллерінің оңтайлы параметрлері

Ескерту – автормен құрастырылған

Нәтижелері және оларды талқылау. Келесі 9-суретте Simulink терезесінде жасаған сұлбаның нақты шешімі көрсетілген. Яғни, PID Tuner қосымшасының анализі бойынша табылған параметрлер электроэрозиялық су тазалау жүйесін басқару объектісінің оңтайлы шешімі болып табылады.



9-сурет. PID Tuner қосымшасы бойынша табылған электроэрозиялық су тазалау жүйесін басқару объектісінің тиімді шешімі

Ескерту – автормен құрастырылған

Автоматты реттеу жүйелері объектіге жүктемелердің барлық диапазонында тұрақты болуы керек, бірақ олардың жұмыс істеуі үшін белгілі бір сапа көрсеткіштері қажет. Бұл көрсеткіштерге қайта реттеу уақыты, тербеліс көрсеткіші және әлсіреу дәрежесі кіреді. Қайта реттеу уақыты реттелетін шама белгіленген мәнге алдын ала белгіленген мән шегінде дәлдікпен жететін уақыт ретінде анықталады, әдетте тапсырма сигналы бойынша секіру шамасының 3 %-дан 5 %-на дейінгі диапазонда қабылданады. Қайта реттеу дегеніміз салыстырмалы бірліктермен немесе пайыздармен көрсетілген тұрақты мәннен максималды ауытқу болып табылады. Бұзушылық әсерді пысықтау кезінде қайта реттеу шамасы келесі арақатынастан айқындалады (2):

$$\sigma = \frac{H - H_{уст}}{H_{уст}} \cdot 100\% = \frac{130 - 120}{120} \cdot 100\% = 8,33,$$

мұндағы, H_{max1} – өтпелі қисықтың екінші амплитудалық шыңы, $H_{уст}$ – өтпелі қисықтың алғашқы амплитудалық шыңы.

Тербеліс жиілігі тұйық жүйенің жиілік беру функциясының модулінің максимумын сипаттайды және сол арқылы жүйенің тербеліс қасиеттерін сипаттайды. Тербеліс жиілігін келесі анықтаймыз (3).

$$\omega = \frac{2\pi}{T} = \frac{6,28}{10} = 0,628,$$

мұндағы T – тербеліс процестері үшін тербеліс кезеңі.

Әлсіреу дәрежесі – тербелістердің қаншалықты әлсірегенін көрсетеді және формула бойынша анықталады (4).

$$k = \frac{|H_{max1} - H_{уст}|}{|H_{max2} - H_{уст}|} = \frac{|130 - 120|}{|100 - 120|} = 0,5,$$

мұндағы, H_{max1} – өтпелі қисықтың бірінші амплитудалық шыңы, H_{max2} – өтпелі қисықтың екінші амплитудалық шыңы.

Бұл көрсеткіштер автоматты реттеу жүйесінің өнімділігін және оның реттеу процесін тиімді басқару қабілетін бағалау үшін маңызды.

Қорытынды. Процесті басқару жүйесін синтездеу үшін суды тазартудың электро-эрозиялық процесінің математикалық моделі басқару объектісі ретінде қолданылды. Математикалық модель ықтималдық жасушалық автоматтар әдісіне негізделген және берілген электр импульстарының кернеуінің өзгеруіне және өңделетін сулы ерітіндідегі зиянды қоспалардың концентрациясына байланысты электр эрозиясы өнімдерінің концентрациясының өзгеру динамикасын көрсетеді және бейсызықтық алгебралық және дифференциалдық теңдеулер жүйесін ұсынады. Модельді сызықтық ету Matlab көмегімен жүзеге асырылады. PID реттеуі бар сызықтық модель негізінде жасалған басқару жүйесі қажетті сапа көрсеткіштерін көрсетті.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Akter A., Goto M., Mohd Noor M.J.M., Muzahidul Islam A.K.M., Motoo U., Ya Z.Z., Parvez A. (2017) Immobilization of heavy metals in tannery sludge by subcritical water treatment. *Chemical Engineering Transactions*. – 2017. – № 56. – P. 265-270. <https://doi.org/10.3303/CET1756045>
- Delcolle, R. (2017) A comparison between coagulation and ultrafiltration processes for biodiesel wastewater treatment / R. Delcolle, M.L. Gimenes, C. Fortulan, W. Moreira, N. Martins, N. Pereira // *Chemical Engineering Transactions*. – 2017. – № 57. – P. 271-276. <https://doi.org/10.3303/CET1757046>
- Demirci, Y. (2014) Textile wastewater conductivity control of electrocoagulation process using MatLab / Simulink. *Global NEST Journal*. – 2014. – № 16. – P. 348-353. <https://doi.org/10.30955/gnj.001325>
- Krinityn, N.S., N.S. Krinityn, A.D. Uvarova, V.F. Dyadik, A.G. Goryunov, I.S. Nadezhdin (2016) Plant Identification in the Closed-loop Control System. *Proceedings of the International MultiConference of Engineers and Computer Scientists*. – 2016. – Vol. 1. – P. 229-233
- Lutchmiah, K., A.R.D. Verliefde, K. Roest, L.C. Rietveld (2014) Forward osmosis for application in wastewater treatment: A review. *Water research*. 2014. – № 58. – P. 179-197. DOI:10.1016/j.watres.2014.03.045
- Moilanen, P., Paasila, M., & Lappalainen, P. (2019). Water purification system for the Electric Discharge Machine (EDM). VTT Technical Research Centre of Finland. VTT Research Report Vol. VTT-R-05845-15
- Nadezhdin, I.S., Goryunov A.G., F. Manenti, A.O. Ochoa Bique (2016) Mathematical modeling of EDM method of water purification. *Proceedings of the International MultiConference of Engineers and Computer Scientists*. 2016. – Vol. 1. – P. 254-258.
- Nadezhdin I.S., Papisidero D., Goryunov A.G., Manenti F. (2016) Optimisation of EDM process for water purification. *Chemical Engineering Transactions*. – 2016. – Vol. 52. – P. 325-330. <https://doi.org/10.3303/CET165205>
- Rehman, A. Operational parameter influence on heavy metal removal from metal plating wastewater by electrocoagulation process / A. Rehman, M. Kim, A. Reverberi, B. Fabiano // *Chemical Engineering Transactions*. – 2015. – № 43. – P. 2251-2256. <https://doi.org/10.3303/CET1543376>
- Sechi, E., A. Vacca, M. Mascia, S. Palmas (2016) Nickel-based nanoporous electrodes for water treatment. *Chemical Engineering Transactions*. – 2016. – № 47. – P. 97-102 <https://doi.org/10.3303/CET1647017>

- Tmenova T. (2019) Experimental characterization of the underwater pulsed electric discharge Université Paul Sabatier - Toulouse III, 2019
- Tao J., Ni J., Shih A.J. (2020) Modeling of the Anode Crater Formation in Electrical Discharge Machining. Journal of Manufacturing Science and Engineering. – 2020. – Vol. 134. – P. 207-218. DOI:10.1115/1.4005303
- Upadhyayula V.K.K, S. Deng, M.C. Mitchell, G.B. Smith (2009) Application of carbon nanotube technology for removal of contaminants in drinking water: A review. Science of the Total Environment. – 2009. – № 408. – P. 1-13 <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2009.09.027>
- Грудяева, Е.К. Математическое моделирование и управление биохимическими процессами очистки сточных вод / Е.К. Грудяева, С.Е. Душин, Н.Н. Кузьмин // Актуальные проблемы гидролитосферы (диагностика, прогноз, управление, оптимизация и автоматизация): Третий национальный научный форум «Нарзан – 2015». – Кисловодск. – 2015. – С. 465-485.
- Зарубин, В.С. (2020) Математическое моделирование в технике: Учебник для вузов. - М.: МГТУ , 2020. – 95 с. // Zarubin, V.S. (2020) Matematicheskoe modelirovanie v tekhnike: Uchebnik dlya vuzov.- М.: МГТУ , 2020.- 95 p
- Кожевников, А.Б. (2020) Промышленная и эпидемиологическая безопасность при обеззараживании питьевой воды – Водоснабжение и сан. техника. – 2020, № 5, 21–24 // Kozhevnikov, A.B. (2020) Promyshlennaya i epidemiologicheskaya bezopasnost' pri obezzarazhivanii pit'evoy vody - Vodosnabzhenie i san.tekhnika.-2020. – № 5, 21–24.
- Леонов С.Н. (2019) Моделирование систем в MATLAB / Ю. Ф. Лазарев. Леонов С.Н. (2019) – Томск: ТПУ, 2019. // Leonov S.N. (2019) Modelirovanie sistem v MATLAB / YU. F. Lazarev. Leonov S.N. (2019) – Tomsk: TPU, 2019.
- Надеждин, И.С. (2020) Автоматизированная система управления электроэрозионной водоочистой установкой с прогнозирующей моделью. - Томск: ТПУ, 2020 // Nadezhdin, I.S. (2020) Avtomatizirovannaya sistema upravleniya elektroerozionnoj vodoochistnoy ustanovkoj s prognoziryuyushchej model'yu.- Tomsk: TPU, 2020.
- Рябчиков Б.Е. (2018) Современная водоподготовка. – М.: ДеЛи принт, 2018.– 679 с. // Ryabchikov B.E. (2018) Sovremennaya vodorodgotovka. – М.: DeLi print, 2018.– 679 s.
- Тимофеев, В.Б. (2020) Компьютерное моделирование физических процессов в пакете MATLAB: Учебное пособие / В.Б. Тимофеев. - СПб.: Лань КПТ, 2020 // Timofeev, V.B. (2020) Komp'yuternoe modelirovanie fizicheskikh processov v pakete MATLAB: Uchebnoe posobie / V.B. Timofeev. - SPb.: Lan' KPT, 2020
- Фесенко Л.Н., Скрябин А.Ю., Бреус С.А., Пчельников И.В. (2017) Производственные испытания обеззараживания питьевой воды прямым электролизом. ВСТ. - 2017. - N 5, 15-20 // Fesenko L.N., Skryabin A.YU., Breus S.A., Pchel'nikov I.V (2017) Proizvodstvennyye ispytaniya obezzarazhivaniya pit'evoy vody pryamym elektrolizom/. VST. - 2017. - N 5, 15-20.

Information about authors

Kulniyazova K.S. – senior-lector, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; k_korlan@mail.ru, +7 771 0010027

Rzayeva L.G. – associate professor, PhD, Astana IT University, Astana, Kazakhstan; l.rzayeva@astanait.edu.kz +7 777 5339169

Abitova G.A. – associate professor, PhD, Astana IT University, Astana, Kazakhstan;

Aimukhambetov O.K. – senior-lector, Astana IT University, Astana, Kazakhstan; aimukhambetov.o@gmail.com +7 778 5424332

Erdybaeva N.K. – professor, East Kazakhstan State Technical University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, nyerdybayeva@ektu.kz, +7 771 414 6494

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ
INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES

DOI 10.51885/1561-4212_2024_4_183
MFTAA 28.21.19

Ж. Сайлауқызы¹, Г.Т. Даненова², М.М. Коккоз³

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

¹E-mail: zhuldyzsailaukyzy@gmail.com*

²E-mail: guldan72@mail.ru

³E-mail: makhabbat_k@bk.ru

**КӨП ШЕКТІ ДЕКОДЕРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЦИФРЛЫҚ РАДИОЖҮЙЕЛЕРДІҢ
ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІН ӨЗІРЛЕУ**

**РАЗРАБОТКА МЕТОДОВ ПОВЫШЕНИЯ ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ
ЦИФРОВЫХ РАДИОСИСТЕМ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МНОГОПороГОВОГО
ДЕКОДЕРА**

**DEVELOPMENT OF METHODS TO IMPROVE ENERGY EFFICIENCY OF DIGITAL RADIO
SYSTEMS USING A MULTI-THRESHOLD DECODER**

Аңдатпа. Цифрлық радиожүйелердің энергия тиімділігі қазіргі заманғы байланыс жүйелеріндегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Бұл әсіресе сөніп қалатын каналдарда өзекті, өйткені энергия тұтынуды азайтып, деректерді жеткізудің жоғары сапасын сақтау қажет. Осыған орай зерттеудің мақсаты цифрлық радиожүйелердің энергия тиімділігін арттыру әдістерін өзірлеу және бағалау, бұл үшін көп шекті декодерлер (КШД) мен түйілген кодтауды қолдану қарастырылды. Радиоканалдардың әртүрлі жұмыс жағдайларында олардың тиімділігі тексерілді. КШД үшін жоғары деңгейде деректерді қорғауды қамтамасыз ететін тиімді түйілген кодтар таңдалды. Зерттеу барысында бұл кодтардың аддитивті ақ гаусс шуы бар каналдардағы энергия тиімділігі бағаланды. Түйілген кодтау әдістері КШД өнімділігін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді, бұл деректерді жеткізудің сенімділігін арттырады. Сонымен қатар, итеративті демодуляция және декодтау әдістері қолданылды, бұл қателіктерді әрбір итерацияда түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс, әсіресе күрделі жағдайларда демодуляция және декодтау процестерін бірнеше рет қайталау арқылы деректерді беру дәлдігін айтарлықтай жақсартуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ұсынылған әдістер жүйенің энергия тұтынуын 12-18 пайызға азайтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, сигнал/шум қатынасы (SNR) 10 дБ болғанда биттік қателік коэффициенті (BER) 10^{-3} деңгейінен 8×10^{-4} деңгейіне дейін төмендеп, қателіктерді түзету тиімділігі 15-20 пайызға артты. Сондай-ақ, сөніп қалатын каналдарда деректерді беру дәлдігі 10-15 пайызға жақсарып, жүйенің жалпы сенімділігін арттырды. Ұсынылған әдістерді қазіргі заманғы радиожүйелерде сәтті қолдану арқылы олардың энергия тиімділігін арттыруға және байланыс сапасын жақсартуға болады.

Түйін сөздер. Цифрлық радиожүйелер, көп шекті декодер, итеративті демодуляция, энергия тиімділігі, түйілген кодтар.

Аннотация. Энергетическая эффективность цифровых радиосистем является одной из ключевых проблем современных систем связи. Особенно это актуально в условиях замираний, когда требуется минимизировать энергопотребление и при этом поддерживать высокое качество передачи данных. Цель данного исследования заключается в разработке методов повышения энергетической эффективности цифровых радиосистем с использованием многопороговых декодеров (МПД) и сверточного кодирования, а также в оценке их эффективности в различных условиях работы радиоканалов. Для многопорогового декодирования были выбраны эффективные сверточные коды, которые способны обеспечить высокую степень защиты данных при передаче. В ходе исследования была проведена оценка их энергетической эффективности в каналах с аддитивным белым гауссовским шумом. Предложенные методы сверточного кодирования позволили существенно улучшить производительность МПД, что привело к повышению надёжности передачи данных. Использовались итеративные методы

демодуляции и декодирования, которые позволяли постепенно корректировать ошибки с каждой итерацией. Этот подход способствовал значительному повышению точности передачи данных за счёт многократного повторения процессов демодуляции и декодирования, что особенно важно в сложных условиях. Результаты исследования показали, что предложенные методы позволили снизить энергопотребление системы на 12-18%. При этом вероятность битовой ошибки (BER) при отношении сигнал/шум (SNR) в 10 дБ снизилась с 10^{-3} до 8×10^{-4} , что улучшило эффективность коррекции ошибок на 15-20%. Также была значительно улучшена точность передачи данных в условиях замираний на 10-15%, что повышает общую надёжность системы. Предложенные методы могут быть успешно применены в современных радиосистемах для повышения их энергетической эффективности и улучшения качества связи, особенно в сложных условиях передачи.

Ключевые слова. Цифровые радиосистемы, многопороговое декодирование, итеративная демодуляция, энергетическая эффективность, сверточное кодирование.

Abstract. Energy efficiency in digital radio systems is one of the key challenges in modern communication systems. This is especially relevant in fading environments, where it is necessary to minimize energy consumption while maintaining high data transmission quality. The goal of this research is to develop and evaluate methods for improving the energy efficiency of digital radio systems using multi-threshold decoding (MTD) and convolutional coding. The efficiency of these methods was tested under various operating conditions of radio channels. Effective convolutional codes were selected for MTD, which ensure a high level of data protection during transmission. The study evaluated the energy efficiency of these codes in channels with additive white Gaussian noise. The convolutional coding methods allowed for significant improvements in MTD performance, which led to increased reliability of data transmission. Additionally, iterative demodulation and decoding methods were used, enabling the correction of errors with each iteration. This approach contributed to a significant increase in data transmission accuracy by repeatedly performing the processes of demodulation and decoding, especially in complex conditions. The research results showed that the proposed methods allowed for a 12-18% reduction in system energy consumption. Furthermore, with a signal-to-noise ratio (SNR) of 10 dB, the bit error rate (BER) decreased from 10^{-3} to 8×10^{-4} , improving error correction efficiency by 15-20%. The accuracy of data transmission in fading environments also improved by 10-15%, enhancing the overall reliability of the system. The practical significance of this research is that the proposed methods can be successfully applied in modern radio systems to increase their energy efficiency and improve communication quality, particularly in challenging transmission conditions.

Keywords. Digital radio systems, multi-threshold decoder, iterative demodulation, energy efficiency, convolutional coding.

Қысқашы. Цифрлық радиожүйелер қазіргі телекоммуникациялық жүйелердің маңызды және ажырамас бөлігі болып табылады. Мұндай жүйелер ақпаратты тиімді әрі сенімді жеткізуге арналған, бірақ олардың өнімділігі мен энергия тұтыну деңгейі әрдайым жетілдіруді қажет етеді. Радиожүйелерді қолдану кезінде жиі кездесетін мәселелердің бірі – сөнетін каналдар, яғни сигнал амплитудасының өзгеруі деректерді берудің сенімділігін төмендетеді. Бұл құбылыс, әдетте, мобильді құрылғылар мен спутниктік байланыс жүйелерінде жиі байқалады.

Сөнетін каналдар жағдайында деректерді сенімді түрде беру қиынға соғады, себебі сигналдың тұрақсыздығы қателіктердің жиі туындауына себеп болады. Сондықтан, радиожүйелерде қателіктерді түзету әдістерін қолдану – маңызды шешімдердің бірі болып саналады. Көп шекті декодерлер және түйілген кодтау әдістері осы мәселелерді шешу үшін тиімді әдіс ретінде қарастырылады. Бұл әдістер деректердің дәлдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, энергия тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді, әсіресе сөнетін каналдарда маңызды. Бұл саладағы негізгі әзірлемелер мен ғылыми зерттеулердің тиімділігін алғаш рет 1948 жылы К. Шеннон дәлелдеді (Шеннон, 1963). Қателікке төзімді кодтаудың басты мақсаты – қателік ықтималдығын қажетті деңгейде сақтай отырып, энергия тұтынуды барынша төмендету және түзету қабілеті жоғары кодтарды құру. Сонымен қатар, осы кодтарды декодтау үшін тиімді әрі практикалық алгоритмдерді жасау міндеті тұрды. Қателікке төзімді кодтау теориясын дамытуға айтарлықтай үлес

қосқан ғалымдар қатарында Р. Галлагер, В. Питерсон, Э. Уэлдон, А.Д. Витерби, Р.К. Боуз, Дж. Месси, И.С. Рид, Г. Соломон, Д. Форни. Сондай-ақ, ресейлік ғалымдар В.Д. Колесник, В.В. Зяблов, В.В. Золотарев, Г.В. Овечкин және басқа да зерттеушілер қателерге қарсы тұру қабілеті жоғары, мәліметтерді сенімді жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді әдістерді дамытуға негіз қалады.

КШД Месси ұсынған қарапайым шекті декодердің жетілдірілген нұсқасы болып табылады (Massey, 1963). Бұл декодер итерациялық декодтау үшін әрбір декодталатын символ өзгерген кезде КШД шешімі оңтайлы декодердің шешіміне жақындай түсетініне кепілдік беріледі (Zolotarev et al., 2015). Месси декодерінің қарапайымдылығы оны басқа зерттеушілер де өзгертуге тырысты (Filimonov et al., 2020; Филимонов және т.б., 2019; Yatribi et al., 2020). КШД декодтау идеялары басқа ғылыми топтардың зерттеулерінде де дамыды (Mullah et al., 2011).

Классикалық флукуациялық кедергілер жағдайындағы қателерді түзету кодтаудың теориясы, оның негіздері В.А. Котельников, К. Шеннон және басқа да ғалымдардың фундаменталды еңбектерінде қаланған, қазіргі кезде де арналардың, сигналдардың және кедергілердің нақты сипаттамаларын ескерумен одан әрі дамып келеді (Шеннон, 1963). Кедергіге төзімді радио жүйелерді құрудағы негізгі қиындық – радио және сымды байланыс желілерінің түрлі стандарттарын біріктіру қажеттілігі және оларды келістірудің қиындығы. Осыған байланысты жаңа буын мобильді байланысы әртүрлі байланыс жүйелерін функционалды интеграциялауды қамтуы тиіс, онда пайдаланушы бірнеше байланыс жүйесіне қол жеткізу үшін бір ғана терминалды қолдана алады (Harada, 2005). Осындай терминалдарды құрудағы ең перспективалы технология – бағдарламалық анықталатын радио жүйелерінің (SDR, Software-Defined Radio) технологиясы, яғни пайдаланушыларға бағдарламалық жасақтаманы өз бетінше өзгерте отырып, әртүрлі байланыс және хабар тарату жүйелері арасында ауысуға мүмкіндік береді (Mitola et al., 1999; Dillinger et al., 20023). Зерттеуде SDR радио жүйелердің аппараттық бөлігінен максималды тәуелсіздікке қол жеткізуге бағытталған. SDR жүйелерінде қабылдағыш пен таратқыштың (клиент және сервер) негізгі функциялары бағдарламалық деңгейде жүзеге асырылды, яғни олардың икемділігі мен әмбебаптығын қамтамасыз етеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Қазіргі уақытта КШД сипаттамалары тәуелсіз қателіктері немесе сөнетін арналар үшін кеңінен зерттелді. Мұндай арналарда бұл әдістер тіпті өте ұзын кодтарды декодтау кезінде оңтайлы декодердің тиімділігіне жақын нәтиже береді. Осы арналар үшін КШД тиімділігін жақсартудың бірнеше тәсілдері белгілі, олар КШД жұмысының тиімді аймағын арнаның өткізу қабілетіне жақындатады. Нәтижесінде, КШД аппараттық және бағдарламалық нұсқалары Турбо-кодтау және төмен тығыздықтағы кодтарды (LDPC) декодтаудың ең үздік әдістерімен салыстырмалы деңгейде энергетикалық ұтыс береді, ал жұмыс жылдамдығы ондаған есе жоғары болады (Seksembayeva et al., 2022; Satybaldina et al., 2021; Sailaukyzy et al., 2023; Satybaldina et al., 2024). Сонымен қатар, қазіргі заманғы байланыс желілері сигналдардың көпсәулелі таралуы, доплер ығысуы және басқа да көптеген себептерге байланысты әлдеқайда күрделі жағдайда жұмыс істейді (Satybaldina et al., 2024; Seksembayeva et al., 2021). Нәтижесінде, арнадағы қателіктер топталып, пакеттерге бірігеді. Мұндай жағдайларда кодтауды қолдану әсері тәуелсіз қателіктері бар арналарға қарағанда әлдеқайда жоғары, өйткені кейбір жағдайларда таратқыштың қуатын арттыру арқылы деректердің сенімділігін арттыру мүмкін емес.

КШД жұмыс істеу қағидасы.

Тексеру қосындысы. Декодер деректерді тексеру үшін арнайы ережелерді қолданады. Әрбір тексеру нәтижесінде символ дұрыс па, жоқ па, оны анықтайды. Егер тексеру нәтижесі 0 немесе 1 болса, мәндер қосылады.

$$L_k = \sum_{m=1}^J S_{g_m} + r_k, \quad (1)$$

Мұнда $J = d-1$ тексерулер саны; r_k декодталатын u_k символына қатысты айырма регистрінің символы (0 немесе 1); S_m символына қатысты тексерулер жиынына кіретін синдромдық регистрдің m -ші элементі.

Шектік тексеру: Егер тексерулердің қосындысы белгілі бір шектік мәннен (шектен) жоғары болса, декодер қабылданған символды өзгертеді яғни $L_k > T$ болса, мұндағы $T \geq (d-1)/2$ элементтің шегі, онда u_k символы және онымен байланысты барлық тексерулер $\{S_{g_m}\}_{m=1..J}$ мен r_k символы кері мәнге өзгереді.

Келесі символды тексеру: Жоғарыда сипатталған процесс әрбір символ үшін қайталанатын. Егер байланыс жүйесінде қолданылатын кодтау жүйесі қателердің таралуын азайтатын критерийге сәйкес таңдалып, КШД параметрлері дұрыс реттелсе, онда шу деңгейі жоғары болған жағдайда КШД нәтижелері оңтайлы декодердің нәтижесіне жақындайды. 1 суретте КШД жұмыс алгоритмі ұсынылған.



1-сурет. КШД жұмысының алгоритмі

Ескерту – авторлармен құрастырылған

КШД артықшылығы деректердегі қателерді тиімді түрде түзетіп, артық энергия жұмсамай, сигнал-шум қатынасы нашар болған жағдайда да деректердің дұрыс берілуін қамтамасыз ете алады.

Декодерді қолдану кезінде, әртүрлі параметрлерді дұрыс баптап, декодтау қателерін минимизациялау үшін жүйе оңтайлы болуы керек. КШД бағдарламалық қамтамасыздандыру жағынан да, аппараттық тұрғыдан да өте икемді, және оны әртүрлі байланыс арналарында қолдануға болады (Zolotarev et al., 2017). Ұсынылған әдістер үлкен шу кезінде жұмыс істегенде бағдарламалық және аппараттық тұрғыдан өте күрделі болып келеді, бұл олардың жоғары жылдамдықты деректерді беру жүйелерінде практикалық қолданылуын қиындатады. Сонымен қатар, бұл кодтар оңтайлы емес, сондықтан олардың тиімділігін байланыс арнасының өткізу қабілетіне жақындату қиынға соғады. Қатені түзету алгоритмдерін әзірлеудегі тиімді бағыттардың бірі – ресейлік ғалымдар, соның ішінде біздің зерттеу тобымыз бірлесіп дамытып жатқан көп шекті декодерлер. Гаусс арнасындағы КШД бойынша жүргізілген зерттеулер нәтижелері бұл әдістер өте ұзын кодтарды сызықты күрделілікпен декодтауға мүмкіндік беретінін, сонымен қатар қатені

түзетудің жақсы мүмкіндіктерін көрсететінін анықтады. КШД алгоритмі екілік Гаусс арнасында түйілген кодтар түрінде жүзеге асырылған, демодулятордағы сигналдың 4 биттік квантталуында.

КШД алгоритмінің тағы бір ерекшелігі – күрделілігі төмен бола отырып, күрделі алгоритмдерден асып түсуі. Мысалы, $E_b/N_0 = 1,8$ дБ кезінде 40 итерациялы қарапайым КШД декодері Витерби және Рид-Соломон кодының каскадтық схемасынан да жақсы нәтиже көрсетеді. Бұл энергия тиімділігі мен кідірісті азайту мүмкіндігін береді, яғни жоғары жылдамдықты жүйелерде өте маңызды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Цифрлық радио жүйелердің деректерді жеткізу тиімділігін арттыру мақсатында КШД қолдана отырып, бірлескен итерациялық демодуляция/декодтау әдістері жүзеге асырылды. Итерациялық демодуляция/декодтау схемасының қателерді түзету жұмысының эксперименттік сипаттамалары Python тілінде имитациялық модельдеу техникасы арқылы алынды. SDR жүйелерінде қабылдағыш пен таратқыштың негізгі функциялары бағдарламалық деңгейде жүзеге асырылды. Wi-Fi арқылы клиент-сервер қосымшасы негізінде радиоканалдар арқылы деректерді беру процесі қарастырылады, онда ақ гаусс шуылын (AWGN) қосу арқылы өшу немесе шу жағдайы моделденеді.


Wi-Fi желісі арқылы клиент пен сервер арасында деректер алмасу жүзеге асырылады, деректер арнасын құру сервер сокетын инициализациялаудан басталады (2 сурет):

Сервер

```
def start_server(ip, port):
    with socket.socket(socket.AF_INET,
socket.SOCK_STREAM) as server_socket:
        server_socket.bind((ip, port))
        server_socket.listen()
        log(f"Server is listening on {ip}:{port}\n")
        while True:
            conn, addr = server_socket.accept()
            clients[conn] = addr
            threading.Thread(target=handle_client,
args=(conn, addr)).start()
        def log(message):
            log_text.insert(tk.END, message)
```

Клиент

```
def handle_client(conn, addr):
    log(f"New connection from {addr}\n")
    try:
        while data := conn.recv(1024):
            broadcast(data, addr)
    except ConnectionResetError:
        log(f"Connection reset by {addr}\n")
    finally:
        conn.close()
        remove_client(conn)
        log(f"Connection closed by {addr}\n")
    def log(message):
        log_text.insert(tk.END, message)
```




2-сурет. SDR жүйелерінде қабылдағыш пен таратқыштың негізгі функциялары
Ескерту – авторлармен құрастырылған

Сөну және шуды модельдеу:


```
import random
def add_noise_to_text(encoded_message, n_errors=5, fading_prob=0.1):
    message_list = list(encoded_message)
    for i in range(len(message_list)):
        if random.random() < fading_prob:
            message_list[i] = 0 # Байттарды 0-ге теңестіру арқылы немесе кездейсоқ мәнмен
ауыстыруға болады
    for _ in range(n_errors):
        index = random.randint(0, len(message_list) - 1)
        message_list[index] ^= random.randint(0, 255)
    return bytes(message_list)
```

Деректерді беру және өңдеу: Клиент серверге деректерді жібереді, онда деректер шуға ұшырап, қайтадан өңделіп клиентке жіберіледі (3-сурет).



3-сурет. Деректерді беру және өңдеу

Ескерту – авторлармен құрастырылған



4-сурет. BER мен SNR арасындағы тәуелділік

Ескерту – авторлармен құрастырылған

Ұсынылған бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен КШД, LDPC және Рид-Соломон кодтау әдістерін қолдану арқылы сөнетін каналдардағы деректерді жеткізу тиімділігін талдауға мүмкіндік берді (4-сурет). Әрбір әдіс бойынша модельдеу жүргізіліп, SNR деңгейі өзгергенде биттік қате ықтималдығы (BER) бағаланды.

1-кесте. Кодтау әдістерін қолдану арқылы сөнетін каналдардағы деректерді жеткізу тиімділігін талдау нәтижесі

Параметр	КШД	LDPC	Рид-Соломон
Энергия тұтынуды төмендету	12-18 %	8-12 %	5-8 %
BER азаюы (SNR = 10 дБ)	$10^{-3} \rightarrow 8 \times 10^{-4}$	$10^{-3} \rightarrow 9 \times 10^{-4}$	$10^{-3} \rightarrow 9.5 \times 10^{-4}$
Сөну жағдайларындағы дәлдік	10-15 %-ға жақсарту	8-12 %-ға жақсарту	5-10 %-ға жақсарту
<i>Ескерту – авторлармен құрастырылған</i>			

Алынған нәтижелер көрсеткендей, КШД ең жоғары тиімділікті көрсетті. Әсіресе төмен SNR мәндерінде КШД басқа әдістермен салыстырғанда биттік қате ықтималдығын айтарлықтай төмендетті. Бұл КШД-ның жоғары тиімділігін және қателерді түзету қабілетін айқындайды. LDPC және Рид-Соломон кодтау әдістері де жақсы нәтижелер көрсетті, бірақ олардың тиімділігі КШД-ға қарағанда сәл төмен болды. Бұл әсіресе күрделі сөну жағдайларында айқын байқалды (1-кесте).

Қорытынды. Зерттеу барысында цифрлық радио жүйелердің энергетикалық тиімділігін арттырудың түрлі әдістері қарастырылды. Зерттеу үш негізгі әдісті қамтыды: Көп шекті декодер, LDPC және Рид-Соломон кодтары. Алынған нәтижелер КШД-дың басқа әдістермен салыстырғанда энергетикалық тұрғыдан ең тиімді әдіс екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бойынша, КШД-ды қолдану жүйенің энергия тұтынуын 12-18 %-ға төмендетуге мүмкіндік берді. LDPC және Рид-Соломон кодтары да жақсы нәтижелер көрсеткенімен, олардың энергетикалық тиімділігі КШД-дан төмен болды. Бұл КШД-дің күрделі радиоканалдардағы, әсіресе сөнетін жағдайларында, деректерді жеткізу сапасын жақсартуда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Сонымен қатар, алынған нәтижелер көрсеткендей, КШД өте ұзын кодтарды тіпті төмен есептеуіш күрделілікпен іс жүзінде оңтайлы декодтауға қабілетті болғандықтан, сөнетін түрлері, соның ішінде көпсәулелі арналардағы аралас сигналдар кезінде жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайларда қысқа кодтар тиімсіз болып қалса да, КШД жоғары тиімділік көрсетеді. КШД күрделі қателер сипаттамалары бар заманауи жоғары жылдамдықты цифрлық деректерді беру жүйелерінде қолдануға жарамды екенін дәлелдейді.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Алғыс. Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант AP19679505 – «Тізбекті кодтардың көп шекті декодтау алгоритмдерін зерттеу мен дамыту және оларды жоғары жылдамдықта сөнетін радиоарналар үшін бағдарламалық-аппараттық имплементациялау»).

Әдебиеттер тізімі

- Dillinger M., Madani K., Alonistioti N. (2003). Software Defined Radio: Architectures, Systems, and Functions. Wiley, 454 p
- Filimonov A.A., Slipenchuk K.S. (2020). The processing of OFDM system signals in dispersion channel. Proceedings of the 2020 IEEE Conference of Russian Young Researchers in Electrical and Electronic Engineering (EIConRus). – Pp. 1428-1432.

- Harada H. (2005). Software defined radio prototype toward cognitive radio communication systems. Proceedings of the First IEEE International Symposium on New Frontiers in Dynamic Spectrum Access Networks (DySPAN 2005), Baltimore, MD, USA, pp. 539-547. doi: 10.1109/DYSPAN.2005.1542667.
- Massey J.L. (1963). Threshold Decoding. Massachusetts Institute of Technology, Research Laboratory of Electronics.
- Mitola J., Maguire G.Q. (1999). Cognitive radio: making software radios more personal. IEEE Personal Communications, vol. 6, no. 4, pp. 13-18. doi: 10.1109/98.788210.
- MUllah A., Ogiwara H. (2011). Performance improvement of multi-stage threshold decoding with difference register. IEICE Trans. Fundam. Electron. Commun. Comput. Sci., vol. 94, no. 6, pp. 1449-1457.
- Satybaldina D.Zh., Zolotarev V.V., Ovechkin G.V. (2021). New concatenation schemes based on the multithreshold decoders of convolutional self-orthogonal codes for gaussian channels. Eurasian Journal of Mathematical and Computer Applications, vol. 9, no. 4, pp. 51-62.
- Sailaukyzy Zh., Satybaldina D., Danenova G., Kokkoz M., Tashatov N. (2023). Design of Majority Decoded Codes and Decoding Algorithm Based on Error Propagation Analysis. 7th International Symposium on Innovative Approaches in Smart Technologies (ISAS 2023).
- Satybaldina D., Zolotarev V., Ovechkin G., Khassenova Z. (2024). Specifics of applying multi-threshold decoding methods to correct errors in fading communication channels. Journal of Electrical Systems, vol. 20, special issue, pp. 4003-4012.
- Seksembayeva M.A., Tashatov N., Ovechkin G.V., Seitkulov Y.N. (2022). Modeling of communication channels with multipath propagation of signals by noise-immunity coding procedures in the frameworks of LTE standard. Journal RENSIT.
- Seksembayeva M.A., Tashatov N., Ovechkin G.V., Satybaldina D., Seitkulov Y.N. (2021). Study of the principles of error correcting code in a multipath communication channel with intersymbol interference. Journal of Theoretical and Applied Information Technology, vol. 99, no. 18.
- Yatribi A., Belkasmı M., Ayoub F. (2020). Gradient-descent decoding of one-step majority-logic decodable codes. Physical Communication, vol. 39, article no. 100999.
- Zolotarev V.V., Satybaldina D.Zh., Chulkov I.V., et al. (2017). Review of achievements in the optimization coding theory for satellite channels and Earth remote sensing systems: 25 years of evolution. Current Problems in Remote Sensing of the Earth from Space, vol. 14, issue 1, pp. 9-24. doi: 10.21046/2070-7401-2017-14-1-9-24.
- Zolotarev V.V., Zubarev Y.B., Ovechkin G.V. (2015). Optimization Code Theory and Multithreshold Algorithms. Geneva, ITU, 159 p. (E-book: <http://www.itu.int/pub/S-GEN-OCTMA-2015>).
- Филимонов А.А., Карташевский В.Г., Беспалов А.Н., Котков К.В. (2019). Прием сигналов OFDM со сверточным кодированием в каналах с памятью и быстрыми замираниями. Радиотехника, № 6, С. 48-53.// Filimonov A.A., Kartashevskij V.G., Bepalov A.N., Kotkov K.V. (2019). Priem signalov OFDM so svertochnym kodirovaniem v kanalah s pamyat'yu i bystryimi zamiraniyami. Radiotekhnika, № 6, S. 48-53
- Шеннон К.Е. (1963). Математическая теория связи. Работы по теории информации и кибернетике: сб. ст. М., 1963, С. 243-332.// SHennon K.E. (1963). Matematicheskaya teoriya svyazi. Raboty po teorii informacii i kibernetike: sb. st. M., 1963, S. 243-332

Information about authors

Sailaukyzy Zhuldyz – Ph.D., Associate Professor, Karaganda Technical University named after Abylkas Saginov, Karaganda, Kazakhstan, E-mail: zhuldyzsailaukyzy@gmail.com, ORCID: 0000-0001-7605-7634, +7 7027269206

Danenova Gulmira Tulendievna – Ph.D., Associate Professor, Karaganda Technical University named after Abylkas Saginov, Karaganda, Kazakhstan, E-mail: guldan72@mail.ru, ORCID: 0000-0003-3301-7282, +7 701 745 4519

Kokkoz Mahabbat Meiramovna – Ph.D., Associate Professor, Karaganda Technical University named after Abylkas Saginov, Karaganda, Kazakhstan, E-mail: mahabbat_k@bk.ru, ORCID: 0000-0002-6232-1868, +7 700 461 8846

ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ЖОЛДАРЫ
СВЕТОВОДНЫЕ ЛИНИИ СВЯЗИ
FIBER-OPTIC COMMUNICATION LINES

DOI 10.51885/1561-4212_2024_4_191
MFTAA 49.44.31

И.Б. Шедреева¹, Р.Д. Джанузакова¹, Ф.Ж. Карнакова¹, Қ.Ж. Наурыз²

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан

E-mail: indisher@mail.ru

E-mail: rdd-taraz@mail.ru

E-mail: gaini.karnakova@mail.ru

²С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті КеАҚ,
Астана қ., Қазақстан

E-mail: naurizastana@mail.ru*

ТЕМПЕРАТУРАНЫҢ ҚИҒАШ БРЭГГ ТОРЛАРЫНЫҢ ПАРАМЕТРЛЕРІНЕ ӘСЕРІ

ВЛИЯНИЕ ТЕМПЕРАТУРЫ НА ПАРАМЕТРЫ НАКЛОННЫХ БРЭГГОВСКИХ РЕШЕТОК

**INFLUENCE OF TEMPERATURE ON THE PARAMETERS
OF TRANSVERSE BRAGG GRATINGS**

Аңдатпа. Ұсынылып отырған мақалада оптикалық технологияларға негізделген әртүрлі басқару әдістерінің қазіргі таңда өзекті екендігі және техника мен ғылым салаларынан басқа да бағыттарда қолданылатындығы айтылады. Брэгг торларына, оның ішінде қиғаш Брэгг торларына деген қызығушылықтың бар екендігі айтылады. Қиғаш Брэгг торының пайда болған тарихына қысқаша тоқталып, оның анықтамасына орын берілген. Ерекшеліктеріне тоқталып, негізгі формулалары жан-жақты қаралды. Зерттеу барысында алынған кішігірім мәліметтер алынып, сол бойынша температуралық диапазондарда жасалған эксперименттер бойынша мәліметтер берілген. Спектрлік сипаттамалардың топтамалары жайлы деректер мен Брэгг, сонымен қатар хост толқын ұзындықтары бойынша қиғаш Брэгг торының (ҚБТ) температураға тәуелділігін көрсететін графиктері де ұсынылды. Сонымен қатар ҚБТ-ның температуралық сезімталдығы мен коэффициенттері есептеліп, нәтижелері кесте түрінде көрсетілді.

Түйін сөздер: қиғаш Брэгг торы (ҚБТ), спектральды сипаттамасы, талшықты Брэгг торы, өткізу спектрлері, тиімді сыну көрсеткіші, толқын ұзындығы.

Аннотация. В представленной статье говорится, что различные методы управления на основе оптических технологий в настоящее время актуальны и используются не только в технике и науке. Также, рассматривается существующий интерес к решеткам Брэгга, в том числе к наклонным решеткам Брэгга. Кратко рассмотрена история наклонной брэгговской решетки и дано ее определение. Ориентируясь в их особенности, были подробно рассмотрены основные формулы. Приведены краткие сведения о проведенных исследованиях, а также данные об экспериментах, проведенных в определенных температурных диапазонах. Приведены наборы спектральных характеристик и графики температурной зависимости брэгговской и основной (хост) длин волн НБР. При этом были рассчитаны температурная чувствительность и коэффициенты НБР и результаты представлены в виде таблицы.

Ключевые слова: наклонная брэгговская решетка (НБР), спектральная характеристика, волоконная решетка Брэгга, спектры пропускания, эффективный показатель преломления, длина волны.

Abstract. The presented article states that various control methods based on optical technologies are currently relevant and are used in areas other than engineering and science. It is said that there is interest in Bragg gratings, including oblique Bragg gratings. The history of the oblique Bragg grating is briefly discussed, and its definition is given. Focusing on their features, the main formulas were reviewed in detail. Brief details of the conducted research are given, and data on experiments performed in certain temperature ranges are given. Sets of spectral characteristics are given, and graphs of temperature dependence of Bragg and host wavelengths of OBG are given. At the same time, the temperature sensitivity and coefficients of OBG were calculated and the results were presented in the form of a table.


Keywords: *oblique Bragg grating (OBG), spectral characteristic, fiber Bragg grating, transmission spectra, effective refractive index, wavelength.*

Кіріспе. Қазіргі таңда оптикалық сәулеленуді басқару әдістері ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында кеңінен қолданылады. Осыған байланысты жарық толқындарының келесідей параметрлерін ауыстыруға болады: амплитудасын, жиілігін, фазасын, поляризациясын және таралу бағыттарын. Модуляторлар, дефлекторлар және сүзгіштер сияқты оптикалық аспаптар аса жылдам әрекетімен, төмен қуатпен басқарылуымен, құрылымының қарапайымдылығымен және жоғары сенімділігімен ерекшеленеді. Осы артықшылықтары, олардың тек лазерлік физикада ғана емес, сонымен бірге өлшеу техникасында, экологияда, медицинада, әскери салада және т.с.с. орындарда кеңінен қолдануын қамтамасыз етті (Zhao N., Zhang Z. & Lin Q., 2022; Волошин А.С., 2016).

Әдебиеттерге шолу. Бүгінде қиғаш Брэгг торларының оптикалық параметрлеріне температураның әсері іс жүзінде жеткіліксіз зерттелген. Сонымен температура әсеріне қатысты қиғаш Брэгг торларының оптикалық параметрлерінің қалай өзгередігін бағалайтын жан-жақты зерттеулер жүргізілгендігі жайлы толық ақпарат жоқ. Қиғаш Брэгг торларының (ҚБТ) спектральды сипаттамалары мен параметрлері температура тәуелді, сондықтан оларды температура сенсоры (датчигі) ретінде қолдану мүмкін (Morana A., Marin E. & Lablonde L., 2022; Кадирбаева Г.К., Чежимбаева К.С., 2022).

1990 жылы алғаш рет, Optical Fiber Communication конференциясында Г.Мельца теориялық модель ұсынды, аталған үлгі (модель) ҚБТ-лары көмегімен оптикалық талшықтардағы (ОТ) модааралық байланысты дәлелдеді. Қиғаш Брэгг торы (ҚБТ) - жарықты бағыттайтын орта қимасына сәйкес нөлге тең емес көлбеу бұрышты штрихтар болып табылады. Қиғаш торлардың кәдімгі торлардан айырмашылығы, мұнда өзекшенің негізгі модасымен қатар (қарсы бағытта таралатын), жарықты бағыттайтын ортаның қабықшасы модасы мен өзекше модасы арасындағы байланысты да орындайды, яғни оптикалық талшық (ОТ) өзешесіндегі сәулеленудің (моданың) бір бөлшегін оның қабықшасына қайтара алады (Крыкбаев М., Шедреева И., Тлешова А., 2020; Delgado-Pinar M., Díez A., Cruz J. L., & Andrés M. V., 2022).

Материалдары мен зерттеу әдістері. ҚБТ-ларындағы оптикалық талшықта өз осі бойынша сыну көрсеткішінің периодты түрдегі модуляциясы қарастырылған, оның қарапайым талшықты Брэгг торынан айырмашылығы келесідей: күрделі модалық өзара байланысқа (әрекеттесуге) әкелетін талшықтың көлденең қимасы мен тор жазықтығы арасында нақты көлбеу бұрышының орын алуы болып табылады. Қиғаш Брэгг торының (ҚБТ) сұлбалық көрінісі 1-суретте көрсетілген (Шедреева И., 2024; Крыкбаев М., Шедреева И., Тлешова А., 2020).



1-сурет. Қиғаш Брэгг торының сұлбалық көрінісі

Ескерту – авторлармен (Шедреева И., 2024) негізінде құрастырылған

Брэгг торының талшықтарына кең спектрлі жарық шоқтары жіберілгенде, әрбір сегмент бейнесі жарық шоғының тек нақты толқын ұзындығына әсер етеді. Сыну көрсеткішінің тиімділігіне температураның ыдырауы мен өзгеруі әсер етеді. Бұл шағылысқан толқын ұзындығының ығысуына әкеледі. ҚБТ-ның келтірілген жағдайын келесідей формула көмегімен сипаттауымызға болады (Paschotta R., 2023; Зеленовский П.С., 2019; Dionísio R., 2022):

$$\lambda_B = 2n_{eff}\Lambda \quad (1)$$

мұндағы: Λ – тордың периоды; $\Delta\lambda_B$ – Брэгг толқыны ұзындығының ығысуы (жылжуы); λ_B – берілген Брэгг толқынының ұзындығы; k – беріктік коэффициенті; ε – кернеу; ΔT – температура өзгерісі; n_{eff} – өзекшенің тиімді сыну көрсеткіші.

Теңдеудің (1) бірінші бөлігі тиімді сыну көрсеткішінің және тор периодының Брэгг толқыны ұзындығына әсерін сипаттаса, екінші бөлігі кернеу мен температураның толқын ұзындығының ығысуына әсерін бейнелейді.

(1) теңдеуіне сәйкес Брэгг толқыны ұзындығының өзгеруін оның ұзаруы мен температураның өзгеруімен байланысын келесідей көрсетуге болады (Dionísio R., 2022):

$$\lambda_B = 2 \left(\Lambda \frac{\partial n_{eff}}{\partial l} + n_{eff} \frac{\partial \Lambda}{\partial l} \right) \vartheta \Lambda + 2 \left(\Lambda \frac{\partial n_{eff}}{\partial T} + n_{eff} \frac{\partial \Lambda}{\partial T} \right) \Delta T \quad (2)$$

Теңдеудің (2) бірінші бөлігінде ұзарудың әсері, ал екінші бөлігінде температура өзгерісінің жарық бағыттауышқа әсері көрсетілген.

Брэгг торының деформациялануы мен температурасының өзгеруі келесілердің өзгеруіне алып келеді, атап айтсақ сыну көрсеткіші және тор периодының. Өзгерісті келесі формула түрінде көрсетуге болады (Fernández-Medina A., Frövel M. & López Heredero R., 2023):

$$\Delta\lambda_B = \lambda_B \{ (1 - pe)\varepsilon + (\alpha_\Lambda + \alpha_n)\Delta T \} \quad (3)$$

мұндағы: ε – салыстырмалы деформация; $\alpha_\Lambda = \left(1/\Lambda \frac{\partial \Lambda}{\partial T} \right)$ – кеңею коэффициенті (температуралық), мысалы кварц шынысы үшін оның мәні $\alpha_\Lambda = 0,55 \cdot 10^{-6}$; $\alpha_n = \left(\frac{\partial n_{eff}}{\partial T} \right)$ – температуралық-оптикалық коэффициент (германий қосылған кварц өзекшесі үшін $\alpha_n = 8,6 \cdot 10^{-6}$); pe – деформациялық-оптикалық коэффициенті, ал pe – келесі теңдеумен анықталады (Зеленовский П.С., 2019; Dionísio R., 2022):

$$pe = \frac{n_{eff}^2}{2} [P_{12} - \vartheta(P_{11} + P_{12})] \quad (4)$$

мұндағы: P_{11} және P_{12} – эластикті оптикалық коэффициенттер; ϑ – Пуассон тұрақтысы.

Германий қосылған кварц шынысы үшін олардың мәндері $P_{11} = 0,113$, $P_{12} = 0,252$, $\vartheta = 0,16$, ал $n_{eff} = 1,482$.


Жоғарыда келтірілген (2) формулаға сай Брэгг торының K_T – температурасын және K_ε – деформацияның салыстырмалы сезімталдық коэффициентін табуымызға болады. Деформациялану жағдайындағы тордың K_T – температуралық салыстырмалы сезімталдық коэффициентін келесідей формула көмегімен көрсетуге болады [Fernández-Medina A., Frövel M. & López Heredero R., 2023; Tolegenova A., Kisala P. A., Zhetpisbayeva A. & Mamyrbayev O., 2019):

$$K_T = \frac{\Delta\lambda_B}{\lambda_B \Delta T} = (\alpha_\Lambda + \alpha_n) \approx 9,15 \cdot 10^{-6}, K^{-1} \quad (5)$$


Бұл дегеніміз, толқын ұзындығы 1550 нм болғанда Брэгг тордың сезімталдық өлшемі келесідей болатыны білдіреді (Зеленовский П.С., 2019; Dionísio R., 2022):

$$K_T = \frac{\Delta\lambda_B}{\Delta T} = K_T \cdot \lambda_B \approx 14,2 \text{ па/К.} \quad (6)$$


Арнайы зертханалық аппаратта келесі температуралық диапазондарда (-20 °С-тан 120 °С дейінгі) эксперименттік зерттеулер жүргізілді, зерттеуде келесі өзгеру қадамы алынды: 10 °С (қыздыруда) және 120 °С-тан -20 °С дейін (суыту бойынша). Зерттеу барысындағы тарату сипаттамаларын өлшеуге спектр анализаторы пайдаланылса, температураларды өлшеу үшін арнайы климатикалық камера қолданылды. Оптикалық спектр анализаторы спектрлік жауабы ретінде ҚБТ шағылысу сигналының амплитудасын, ал толқын ұзындығының ығысуы ретінде температураның өзгеруін пайдаланылады. Температураға байланысты Брэгг және хост (ghost) резонансының толқын ұзындығы байқалды. ҚБТ-ның толқын ұзындығы резонанстық ығысу (жылжуы) 0,1 нм бөлінуі кезінде өлшеніп алынды. Тордың спектрі бойынша келесі температуралық диапазондарда өлшеулер жүргізілді (қыздыру үшін: -20 °С-тан 120 °С; суыту үшін: 120 °С-тан -20 °С дейін). Төмендегі суреттерде (2-сурет (а, ә, б), 3-сурет (а, ә, б), 4-сурет (а, ә, б)) берілген температураға байланысты Брэгг пен хост толқын ұзындығының өзгеру графиктері келтірілген (Шедреева И., 2024; Шедреева И.Б., Джанузакова Р.Д., Темирғалиев Т.К., 2023).



2-сурет. -20 °С (қыздыру) кезіндегі ҚБТ спектрлі сипаттамасы
Ескерту – авторлармен (Шедреева И., 2024) негізінде құрастырылған



3-сурет. 20 °С (қыздыру) кезіндегі ҚБТ спектрлі сипаттамасы
Ескерту – авторлармен (Шедреева И., 2024) негізінде құрастырылған




4-сурет. 120 °С (қыздыру) кезіндегі ҚБТ спектрлі сипаттамасы

Ескерту – авторлармен (Шедреева И., 2024) негізінде құрастырылған


Нәтижелері және оларды талқылау. Жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде кестелер түзіліп, 3⁰, 5⁰, 7⁰ еңісті қиғаш Брэгг торларындағы Брэгг және хост толқын ұзындықтарының өзгеруіне температура әсерінің графигі тұрғызылды (температура -20⁰ тан +120⁰ және +120⁰-тан -20⁰ дейін). Графиктер келесі 5-6-суреттерде көрсетілген (зерттеу барысында анықталғандай Брэгг және хост толқын амплитудалары мүлде өзгермеген, графиктері сондықтан берілмеді) (Шедреева И., 2024; Қрыкбаев М., Шедреева И., Тлешова А. (2020).

5-6 суреттерде әрбір 10 градуска арналған, яғни -20-дан 120 дейін (қыздыруға) және 120-дан -20 дейін (суытуға) Брэгг және хост толқындарына арналған ҚБТ өлшеу нүктелері белгіленген. 3⁰, 5⁰, 7⁰ еңістіктің әрқайсысына Брэгг және хост толқын ұзындықтарының тәуелділік графиктері құрылған. Бір графикте қиғаш Брэгг торының әрбір еңістігіне арналған қыздыру және суыту үрдісі ұсынылған. Барлық тәуелділіктерден температура өзгергенде толқынның ұзындығының сызықты өзгеруін байқауға болады (Шедреева И., 2024; Шедреева И.Б., Джанузакова Р.Д., Темиргалиев Т.К., 2023; Қусаинова К.Т., Кабибулатов А.А., Хамзина Б.Е. & Жетписбаева А.Т., 2021).



5-сурет. Брэгг толқын ұзындығының ҚБТ температурасына тәуелділігі (3⁰ - 7⁰ ралығындағы еңісті, қыздыруға және суытуға арналған)

Ескерту – авторлармен (Шедреева И., 2024) негізінде құрастырылған



6-сурет. Хост толқын ұзындығының ҚБТ температурасына тәуелділігі (3^о - 7^о аралығындағы еңісті, қыздыруға және суытуға)

Ескерту – авторлармен (Шедреева И., 2024) негізінде құрастырылған

Салыстырмалы температура коэффициентін K_T келесідей түрде көрсетуге болады (Шедреева И., 2024; Зеленовский П.С., 2019; Dionisio R., 2022):

$$k_T = \frac{\frac{\Delta \lambda_B}{\lambda_B}}{\Delta T} = (\alpha_\Lambda + \alpha_n) \approx 9,15 \cdot 10^{-6} K^{-1} \tag{7}$$

мұндағы: $\alpha_\Lambda = \frac{1}{\Lambda} \cdot \frac{\partial \Lambda}{\partial T}$ – оптикалық талшық кенеюінің температуралық коэффициенті, кварц шынысы үшін оның мәні $0,55 \cdot 10^{-6}$ тең; Λ – период (Брэгг торынын); $\alpha_n = \frac{1}{n_e} \cdot \frac{\partial n_e}{\partial T}$ – температуралық-оптикалық коэффициент (мысалы, германий қосылған кварц шынысы үшін оның мәні $8,6 \cdot 10^{-6}$ тең.

Брэгг торының температуралық сезімталдығын келесі формула (8) көмегімен анықтауымызға болады (Шедреева И., 2024; Tolegenova A., Kisafa P. A., Zhetpisbayeva A. & Mamyrbayev O., 2019):

$$K_T = \frac{\Delta \lambda_B}{\Delta T} = k_T \cdot \lambda_B, \tag{8}$$

мұндағы: λ_B - Брэгг толқынының ұзындығы;

$\Delta \lambda_B$ – толқын (Брэгг толқыны) ұзындығының өзгеріске ұшырауы.

Зерттеуде келесілер ескерілді: әрбір температуралық бөліктің сезімталдығы әрқилы, сондықтан, алынған нәтижелер барлық температуралық аралықтар үшін әрбір тордың дара орташа мәнін есептеу көмегімен анықталды (Шедреева И., 2024; Кусаинова К.Т., 2021).

Алынған, есептелген мәндер (температуралық сезімталдық, температуралық коэффициент) кесте түрінде ресімделді (Шедреева И., 2024).

Кесте. ҚБТ температуралық сезімталдығы мен температуралық коэффициенттері

Еңістік	Температура [$^{\circ}\text{C}$]	$k_T[\text{K}^{-1}]$		$K_T[\text{нм/К}]$	
		Брэгг	Хост	Брэгг	Хост
3 $^{\circ}$	-20 $^{\circ}$ ÷ 120 $^{\circ}$	2,31·10 $^{-6}$	2,33·10 $^{-6}$	3,56·10 $^{-3}$	3,57·10 $^{-3}$
	120 $^{\circ}$ ÷ -20 $^{\circ}$	5,91·10 $^{-6}$	5,95·10 $^{-6}$	9,21·10 $^{-3}$	9,28·10 $^{-3}$
5 $^{\circ}$	-20 $^{\circ}$ ÷ 120 $^{\circ}$	2,52·10 $^{-6}$	2,57·10 $^{-6}$	3,87·10 $^{-3}$	3,89·10 $^{-3}$
	120 $^{\circ}$ ÷ -20 $^{\circ}$	6,84·10 $^{-6}$	6,87·10 $^{-6}$	10,3·10 $^{-3}$	10,7·10 $^{-3}$
7 $^{\circ}$	-20 $^{\circ}$ ÷ 120 $^{\circ}$	2,71·10 $^{-6}$	2,74·10 $^{-6}$	4,22·10 $^{-3}$	4,28·10 $^{-3}$
	120 $^{\circ}$ ÷ -20 $^{\circ}$	7,51·10 $^{-6}$	7,54·10 $^{-6}$	10,9·10 $^{-3}$	11,3·10 $^{-3}$

Ескерту – авторлармен (Шедреева И., 2024) негізінде құрастырылған

Қорытынды. Зерттеулер бойынша мақалада келесідей қорытынды жасауымызға болады: Брэгг толқын ұзындығының температураға байланысты өзгеруі сызықты тәуелділікке ие, «хост» толқын ұзындығы да сызықты тәуелділікке ие. Алынған сызықты тәуелділік келесі температуралар диапазонында алынды: -20 $^{\circ}\text{C}$ -тан 120 $^{\circ}\text{C}$ дейін, 120 $^{\circ}\text{C}$ -тан -20 $^{\circ}\text{C}$ дейін. Температураның Брэгг және хост толқындарының амплитудасына әсері аз, іс жүзінде қолдануға жарамсыз. Сондықтан мақалада мұндай тәуелсіздік график түрінде көрсетілмеді, яғни тек ғана кестеге енгізілді.

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Ғылыми мақаланы жазу процесінде генеративті ЖИ және оның көмегімен технологияны қолдану туралы хабарлама. Бұл жұмысты дайындау кезінде автор(лар) ЖИ және оның көмегімен технологияны қолданданбағандығын хабарлайды.

Әдебиеттер тізімі

- Delgado-Pinar M., Díez A., Cruz J.L., & Andrés M.V. (2022). Bragg gratings and BIO-Bragg-gratings in tapered optical fibers. In EPJ Web of Conferences (Vol. 266, p. 11015). <https://doi.org/10.1051/epjconf/202226611015>.
- Dionísio R. (2022). Bragg Grating Tuning Techniques for Interferometry Applications. IntechOpen. <https://doi.org/10.5772/intechopen.106735>.
- Fernández-Medina A., Frövel M., López Heredero R., Belenguer T., de la Torre A., Moravec C., San Julián R., Gonzalo A., Cebollero M., & Álvarez-Herrero A. (2023). Embedded Fiber Bragg Grating Sensors for Monitoring Temperature and Thermo-Elastic Deformations in a Carbon Fiber Optical Bench. Sensors (Basel, Switzerland), 23 (14), 6499. <https://doi.org/10.3390/s23146499>.
- Morana A., Marin E., Lablonde L., Blanchet T., Robin, T., Cheymol, G., Laffont G., Boukenter A., Ouerdane Y., & Girard S. (2022). Radiation Effects on Fiber Bragg Gratings: Vulnerability and Hardening Studies. Sensors (Basel, Switzerland), 22(21), 8175. <https://doi.org/10.3390/s22218175>.
- Paschotta, R. Fiber bragg gratings. Internet. 25.12.2023. URL: http://www.rp-photonics.com/fiber_bragg_gratings.html.
- Tolegenova A., Kisała P. A., Zhetpisbayeva A., Mamyrbayev O., & Medetov B. (2019). Experimental determination of the characteristics of a transmission spectrum of tilted fiber Bragg gratings. Metrology and measurement systems, 26 (3), pp. 581-589. <https://doi.org/10.24425/mms.2019.129585>.
- Zhao N., Zhang Z., Lin Q., Yao K., Zhu L., Chen Y., Zhao L., Tian B., Yang P., Jiang Z. (2022). Research on the High Temperature and High-Pressure Gold-Plated Fiber Grating Dual-Parameter Sensing Measurement System. Micromachines. 13 (2):195. <https://doi.org/10.3390/mi13020195>.
- Волошин А.С. (2016) Особенности акустооптического взаимодействия в кристаллах с сильной акустической анизотропией: дис. 132 // Voloshin A.S. (2016) Osobennosti akustoopticheskogo vzaimodejstviya v kristallah s sil'noj akusti-cheskoj anizotropiej. dis. 132.
- Зеленовский П.С. (2019) Основы интегральной и волоконной оптики: учеб. пособие: Изд-во Урал. ун-та. 132. // Zelenovskij P.S. (2019) Osnovy integral'noj i volokonnoj optiki: ucheb. posobie: Izd-vo Ural. un-ta. 132.

- Кадирбаева Г.К., Чежимбаева К.С. (2022) Талшықты Брэгг торларын қолдана отырып оптикалық сенсорлардың жазу әдістерін талдау. Вестник АУЭС. Т. 4, №. 59. 90-100. // Kadirbaeva G.K., Chezhibaeva K.S. Talshyqy Brjegg torlaryn qoldana otырur optikalыq sensorlardyң zhazu әdisterin taldau. Vestnik AUJeS. T. 4. №. 59. 90-100.
- Кусаинова К.Т. (2021). Зависимость минимума спектра пропускания наклонных волоконных решеток Брэгга от температуры. Техника и технология современных производств. 96-101. // Kusainova K.T. (2021). Zavisimost' minimuma spektra propuskaniya naklonnyh volokonnyh reshe-tok Brjeggа ot temperatury. Tehnika i tehnologija sovremennyh proizvodstv. 96-101.
- Кусаинова К.Т., Кабибулатов А.А., Хамзина Б.Е., Жетписбаева А.Т., Иманмадилов Д.К. (2021) Применение волоконных Брегговских решеток. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. № 4. 58-62. // Kusainova K.T., Kabibulatov A.A., Hamzina B.E., Zhetpisbaeva A.T., Imanmadirov D.K. (2021) Primene-nie volokonnyh Breggovskikh reshetok. Mezhdunarodnyj zhurnal prikladnyh i fundamental'nyh issle-dovaniy. № 4. 58-62.
- Крыкбаев М., Шедреева И., Тлешова А. (2020) Практическая реализация эффекта самоадаптации в решетке Брэгга, показывающая отрицательный наклон характеристики. Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Технические науки и технологии. Т. 131. №. 2. 94-100. // Krykbaev M., Shedreeva I., Tleshova A. (2020) Prakticheskaja realizacija jeffekta samoadaptacii v reshetke Brjeggа, pokazыvajushhaja otricatel'nyj naklon harakteristiki. Vestnik Evrazijskogo nacional'nogo universiteta imeni L.N.Gumileva. Serija: Tehnicheskie nauki i tehnologii. T. 131. №. 2. 94-100.
- Шедреева, И. (2024) Анализ влияния температуры на оптические параметры косых решеток Брэгга. Монография. Алматы: Дарын. 106. // Shedreeva, I. (2024) Analiz vlijaniya temperatury na opticheskie parametry kosyh reshetok Brjeggа. Monografija. Almaty: Daryn. 106.
- Шедреева И.Б., Джанузаква Р.Д., Темиргалиев Т.К. (2023) Система измерения влияния температуры на спектральные характеристики косых Брегговских решеток. Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110-летию М.А. Гендельмана». Т. I, Ч. V. 155-156. // Shedreeva I.B., Dzhanzakova R.D., Temirgaliev T.K. (2023) Sistema izmerenija vlijaniya temperatury na spektral'nye harakteristiki kosyh Brjeggovskikh reshetok. Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Sejfullinskie chtenija – 19», posvjashhennoj 110-letiju M.A. Gendel'mana». T. I, Ch. V. 155-156.

Information about authors

Shedreyeva Indira – Phd Doctor, Taraz Regional University named after Dulati M.K., Taraz city, Kazakhstan, e-mail: indisher@mail.ru, ORCID: 0000-0002-3911-0237, +77479333020

Raushan Dzhanuzakova – PhD Doctor, acting associate professor, Taraz Regional University named after Dulati M.K., Taraz city, Kazakhstan, e-mail: rdd-taraz@mail.ru, ORCID:0000-0001-7168-2676 87476816254, 87778715227

Karnakova Gaini – Phd Doctor, Taraz Regional University named after Dulati M.K., Taraz city, Kazakhstan, e-mail: gaini.karnakova@mail.ru, ORCID: +77051042003

Nauryz Kanysh – м.т.с., senior lecturer, NJSC "Kazakh Agrotechnical research University named after S. Seifullin", Astana, Kazakhstan, naurizastana@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7623-0767 +77024933159, +77784524973



СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО
ARCHITECTURE AND CONSTRUCTION

ҚҰРЫЛЫС
СТРОИТЕЛЬСТВО
CONSTRUCTION

DOI 10.51885/1561-4212_2024_4_199
MFTAA 67.01.00

Б.М. Абдеев¹, А.В. Хапин¹, Б.Е. Махиев¹, А.К. Алдунгарова², А.К. Айтказина¹

¹КЕАҚ «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті»,
Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: babdeyev@edu.ektu.kz

E-mail: ahapin@edu.ektu.kz

E-mail: bmahiev@edu.ektu.kz*

E-mail: aaytkazina@edu.ektu.kz

²Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, г. Көкшетау, Қазақстан

E-mail: liya_1479@mail.ru

ҚАТТЫ ЦЕНТРИ БАР ДӨҢГЕЛЕК ОСЬТІК СИММЕТРИЯЛЫҚ МЕМБРАНАНЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ

ОПТИМИЗАЦИЯ ФИЗИКО-ГЕОМЕТРИЧЕСКИХ ПАРАМЕТРОВ КРУГЛОЙ ОСЕСИММЕТРИЧНОЙ МЕМБРАНЫ С ЖЕСТКИМ ЦЕНТРОМ

OPTIMIZATION OF PHYSICAL AND GEOMETRICAL PARAMETERS OF A CIRCULAR AXISYMMETRIC DIAPHRAGM WITH A RIGID CENTER

Аңдатпа. Сызықтық қойылымда изотропты дөңгелек пластинаның – біркелкі таралған статикалық жүктемемен жүктелген, деформацияланбайтын, қозғалмайтын орталық дискісі бар мембрананың математикалық моделі қарастырылған. Осы негізде Губер-Генки-Мизестің классикалық беріктік гипотезасы түріндегі екі байланыс теңдеуімен және Кирхгофтың пластиналарының аз иілуінің техникалық теориясының белгілі негізгі болжамдарына сәйкес мембрананың қалыңдығын шектейтін геометриялық қатынаспен тарту (ауыстыру) күшінің мақсатты функциясының максимумынан серпімді элементтің ұтымды физика-геометриялық сипаттамаларын анықтау бойынша экстремалды есеп шешілді. Ұсынылған алгоритм мен есептеу техникасын көрсету үшін қалыңдығы мен сыртқы радиусы көрсетілген калий перманганатының мембранасының оңтайлы параметрлерін таңдаудың сандық мысалы келтірілген. Жұмыс нәтижелерін газдың немесе сұйықтықтың артық қысымы бақыланатын қысымды резервуарларды жобалау кезінде машина жасауда, авиацияда, аспап жасауда және құрылыста кеңінен қолданылатын жоғары дәлдіктегі мембраналық типтегі манометрлерді жобалау процесінде пайдалануға болады.

Түйін сөздер: кернеу, аққыштық шегі, орын ауыстыру, жүктеме, беріктік шарты.

Аннотация. В линейной постановке рассмотрена математическая модель изотропной круглой пластинки – мембраны с недеформируемым неподвижным центральным диском, нагруженной равномерно распределенной статической нагрузкой. На этой основе решена экстремальная задача определения рациональных физико-геометрических характеристик упругого элемента из условия максимума целевой функции тягового (перестановочного) усилия с двумя уравнениями связи в виде классической гипотезы прочности Губера-Генки-Мизеса и геометрического соотношения, ограничивающего толщину мембраны в соответствии с известными фундаментальными допущениями Кирхгофа технической теории малого изгиба пластин. Для иллюстрации предложенного алгоритма и методики расчета представлен

численный пример подбора оптимальных параметров мембраны из марганцовистой стали с заданными размерами толщины и внешнего радиуса. Результаты работы можно использовать в процессе проектирования высокоточных манометров мембранного типа, широко применяемых в машиностроении, авиации, приборостроении и строительстве при конструировании напорных резервуаров с контролируемым избыточным давлением газа или жидкости.

Ключевые слова: напряжение, предел текучести, перемещение, нагрузка, условие прочности.


Abstract. The mathematical model of an isotropic circular plate-membrane with a non-deformable fixed central disk loaded by a uniformly distributed static load is considered in a linear formulation. On this basis, the extreme problem of determining the rational physical and geometrical characteristics of an elastic element from the condition of the maximum of the target function of the thrust (permutation) force with two coupling equations in the form of the classical Huber-Genke-Mises strength hypothesis and a geometrical relation limiting the membrane thickness in accordance with the known fundamental Kirchhoff assumptions of the technical theory of small plate bending is solved. To illustrate the proposed algorithm and calculation procedure, a numerical example of the selection of optimum parameters of a manganese steel diaphragm with given dimensions of thickness and outer radius is presented. The results of the work can be used in the process of designing high-precision membrane-type pressure gauges, widely used in mechanical engineering, aviation, instrumentation, and construction in the design of pressure tanks with controlled excess pressure of gas or liquid.

Keywords: stress, yield stress, displacement, load, strength condition.

Kіpіcne. Технологиялық жабдықтардың, машиналар мен аспаптардың есептік схемаларын жетілдіру және нақтылау соңғы онжылдықтарда оңтайлы жобалау әдістерінің қарқынды дамуына түрткі болды (Фролов, 1984). Бұл деформацияланатын қатты механика мен оңтайлы басқару теориясының түйіскен жерінде орналасқан салыстырмалы түрдегі жаңа ғылыми-техникалық бағыт (Абдеев, 2011). Бұл теориялық алғышарттар мен есептеу сатысында конструкциялардың материал сыйымдылығын айтарлықтай төмендетуге, олардың жоғары сенімділігі мен функционалдық сипаттамаларын сақтауға мүмкіндік береді (Филатов, 2021).

Орталық қатты дискісі бар сақина тәрізді мембрана аспап жасауда, авиацияда, машина жасауда, кеме жасауда және құрылыста кеңінен қолданылады. Бұл типтегі серпімді элементтер жоғары дәлдіктегі манометриялық аспаптар мен күш өлшегіш датчиктердің сезімтал бөлшектері ретінде қолданылады.

Манометрлердегі пластина-мембрананың қозғалуына кедергі келтіретін, қатты дискінің ортасында тіреу болған кезде сыртқы жүктемеден q туындайтын ауысу немесе тарту күші Π_T оның маңызды жұмыс параметрі болып табылады (1-сурет) (Пономарев, Андреева, 1980). Π_T шамасы серпімді элементтің сезімталдық шегін сипаттайды және белгілі бір құрылғыда мембрананы қолдану мүмкіндігін анықтайды.



1-сурет. Мембрананың есептелген теориялық моделі
Ескерту – (Пономарев, 1980) автор негізінде құрастырылған

Манометриялық серпімді деформацияланатын элемент таралған жүктемені q орын ауыстыруға түрлендіретін жағдайларда аспап механизмінің кедергі күшінен асатын ауысу күшін P_T дамытуы тиіс. Сонымен қатар, таралған жүктемені q оған пропорционал ауысу күшіне P_T айналдыратын мембраналық типтегі манометриялық құрылғылар бар. Мембрананы осындай пайдалану жағдайында құрылғының сапасын анықтайтын манометрдің негізгі өзгермелі (оңтайландыру процесінде) жұмыс сипаттамалары $P_T(q)$ тәуелділігі және оның ең үлкен мәні P_{max} болады.

Материалдар және зерттеу әдістері. Біртекті изотропты жұқа пластиналардың кернеулі деформацияланған күйінің сызықтық теориясының формулаларына (Вайнберг, 1970) сүйене отырып, мембрананың рационалды параметрлерін (X_1 , X_2 , X_3 айнымалылары) таңдаудың экстремалды оссимметриялық есебі (Лесин, Лисовец, 1998) қарастырылды:

$$X_1 = \frac{R_B}{R_H}; \quad X_2 = X_2(X_1) = \frac{h}{R_H} > 0; \quad X_3 = X_3(X_1, X_2) = q > 0; \quad (0 \leq X_1 \leq 1). \quad (1)$$

Бұл параметрлер пластинаның деформацияланатын сақина бөлігіне жүктеме q әсер еткенде $P_{max}^{(q)}$ тарту күшінің мақсатты функциясының максимумын қамтамасыз етеді (1-сурет) [9]:

$$P_q = P_q(X_1, X_3(X_1, X_2)) \quad (2)$$

Екі байланыс теңдеуі беріктік пен геометриялық шектеулерді ескереді және келесі өрнектерді білдіреді:

1) Құрылымның жүк көтергіштігін қамтамасыз ететін Губер – Генки – Мизес шарты. Ол материалдың аққыштық шегі σ_T және машина жасауда қолданылатын (Анурьев, 2001) нормативтік коэффициенті $[n_T]$ бар жазық кернеу күйі үшін төртінші беріктік теориясы (классикалық оңтайландыру) бойынша құрылғын теңдік түріне ие болады (Kharin, Abdeev, Makhiyev, 2020).

$$\sigma_{IV} = \sqrt{\sigma_r^2 + \sigma_\theta^2} - \sigma_r \cdot \sigma_\theta = \frac{\sigma_T}{[n_T]}, \quad (3)$$

мұндағы σ_r , σ_θ – радиальды (σ_r) және тангенциальды (σ_θ) қалыпты кереулер.

2) Пластиналардың иілуінің техникалық теориясының Кирхгоф гипотезаларына сәйкес мембрананың қалыңдығын шектейтін геометриялық қатынас (Вайнберг, 1970):

$$h = \alpha \cdot (R_H - R_B), \quad (4)$$

немесе, (1) белгілеулерге сәйкес

$$X_2 = \alpha \cdot (1 - X_1) \quad (5)$$

мұндағы α – (Вайнберг, 1970) шектерде өзгертін өлшемсіз параметр

$$0 < \alpha \leq \frac{1}{3}. \quad (6)$$

1-суретте қалыңдығы $h = const$ сақиналы пластина – мембрананың моделінің меридиандық қимасы берілген. Қима радиусы R_H сыртқы контурмен және радиусы R_B деформацияланбайтын дискінің ортасында қатаң қысылған. Қимаға біркелкі таралған жүктеме q түседі.

1-суретте көрсетілген серпімді элементтің беріктігі абсолютті қатаң қозғалмайтын центрге түсетін жүктемеге байланысты емес. Осы алғышарттың салдарынан салыстырмалы экстремумды $P_{max}^{(q)}$ анықтау үшін қарастырылып отырған мәселені шешудің маңызды ерекшелігі бар. (3) байланыс теңдеуімен оңтайландыру процесі (яғни тарту күшінің функциясының аналитикалық максимумын есептеу) оның $r = R_H$ параметрі мен


диск арасында орналасқан мембрананың тек иілген бөліктері жүктелген жағдайда жүзеге асырылуы керек. Бұл нақты жағдай математикалық түрде (1) – (6) формулаларында көрінеді.

Қойылған оңтайландыру мәселесін шешу үшін мембрананың орталық бөлігін және кернеулерді σ_r , σ_θ сәйкесінше радиалды (r) және сақиналы (θ) бағыттарда жылжыту ω_0 үшін қажетті белгілі аналитикалық тәуелділіктерді түрде қосу арқылы суперпозиция әдісі қолданылды. Бұл 2-суреттің сызбалары бойынша жүзеге асырылды. Әріптік таңба $P_R = P_q$ анықтамалық реакциямен белгіленеді, ол қажетті ауысу күшіне P_q тең. Мұндағы P_q – тек дискіге түсірілетін жүктемеге тең әсер етуші, яғни

$$P_q = \pi \cdot q \cdot R_B^2. \tag{7}$$

Осыдан, (1), алынады:

$$P_q = \pi \cdot R_H^2 \cdot X_1^2 \cdot X_3. \tag{8}$$



2-сурет. Мақсатты функция түріндегі тірек реакциясын анықтауға мембрананың деформацияланатын бөлігінің иілу схемалары

Ескерту – (Kharin, 2020) автор негізінде құрастырылған

Алдыңғы зерттеулердің нәтижелерін пайдалана отырып (Kharin, Abdeev, Makhiyev, 2020), қабылданған rOz есеп жүйесінде қатты дискінің әртүрлі қолдану тәсілдерінен және күштердің бағытынан қозғалысын анықтау үшін келесі формулалар қолданылады (2-сурет):

– пластинаның бүкіл бетіне әсер ететін q қысымында,

$$\omega_{01} = \frac{3 \cdot q \cdot R_H^4 \cdot (1 - \mu^2)}{16 \cdot E \cdot h^3} \cdot (4 \cdot X_1^2 \cdot \ln X_1 - X_1^4 + 1), \quad (9)$$

мұндағы μ , E – мембрана материалының Пуассон коэффициенті (μ) мен серпімділік модулі (E);

– дискке қойылған q жүктемесінен оның нәтижесі түрінде $-P_q = -\pi \cdot q \cdot R_B^2 = -\pi \cdot q \cdot R_H^2 \cdot X_1^2$,

$$\omega_{02} = -\frac{3 \cdot q \cdot R_H^4 \cdot X_1^2 \cdot (1 - \mu^2)}{E \cdot h^3} \cdot \left(\frac{1 - X_1^2}{4} - \frac{X_1^2 \ln^2 X_1}{1 - X_1^2} \right); \quad (10)$$

– пластинаның ортаңғы бетін – мембрананы Z осіне қарама-қарсы бағытта майыстыратын шоғырланған күш ($-P_R$) жағдайында,

$$\omega_{0P} = -\frac{3 \cdot P_R \cdot R_H^2 \cdot (1 - \mu^2)}{\pi \cdot E \cdot h^3} \cdot \left(\frac{1 - X_1^2}{4} - \frac{X_1^2 \ln^2 X_1}{1 - X_1^2} \right). \quad (11)$$

Тіректің қозғалмайтын жағдайынан, яғни қозғалыстардың үйлесімділік теңдеуінен (абсолютті иілу деформациялары) ω_{01} , ω_{02} , ω_{0P}

$$\omega_{01} + \omega_{02} + \omega_{0P} = 0, \quad (12)$$

(9) – (11) ескере, P_q тарту күшіне максатты байланыс (2)

$$P_q = P_R = \pi \cdot R_H^2 \cdot X_3 \cdot f_1 \cdot (f_2)^{-1}. \quad (13)$$

мұндағы $f_1 = f_1(X_1)$, $f_2 = f_2(X_2)$ – функционалды өрнектер:

$$f_1 = 4 \cdot X_1^2 \ln X_1 - 4 \cdot X_1^4 \ln X_1 + 16 \cdot X_1^4 \ln^2 X_1 + 7 \cdot X_1^4 - 3 \cdot X_1^6 - 5 \cdot X_1^2 + 1, \quad (14)$$

$$f_2 = 4 - 8 \cdot X_1^2 + 4 \cdot X_1^4 - 16 \cdot X_1^2 \cdot \ln X_1. \quad (15)$$

Деформацияланбайтын орталық дискі және сыртқы контурдың қатты қысылуы бар сақина пластиналарының нормативтік формулалары (Пономарев, Андреева, 1980) бойынша беріктікті есептеу нәтижелерін талдау анықтауға мүмкіндік береді: мембранаға q , P_q және P_R (1-ші және 2-суреттер) жүктемелері ең үлкен қалыпты σ_{rB} , σ_{rH} , $\sigma_{\theta B} = \mu \cdot \sigma_{rB}$, $\sigma_{\theta H} = \mu \cdot \sigma_{rH}$ және

$$\sigma_{IVB} = \sqrt{\sigma_{rB}^2 + \sigma_{\theta B}^2 - \sigma_{rB} \cdot \sigma_{\theta B}} = |\sigma_{rB}| \cdot \sqrt{1 - \mu + \mu^2}, \quad (16)$$

$$\sigma_{IVH} = \sqrt{\sigma_{rH}^2 + \sigma_{\theta H}^2 - \sigma_{rH} \cdot \sigma_{\theta H}} = |\sigma_{rH}| \cdot \sqrt{1 - \mu + \mu^2} \quad (17)$$

эквивалентті кернеулер "B" және "H" серпімді элементтің $r = R_B$ және $r = R_H$ болатын цилиндрлік қималарының шеткі талшықтарында $z = \pm \frac{h}{2}$ пайда болады (1-сурет).

Жоғарыда келтірілген формулалармен анықталған экстремалды радиалды кернеулерді σ_r қосуды (суперпозиция) [9]-ға келтіріп орындау, сәйкесінше (9) – (11) q жүктемелерімен үйлесімді, $-P_q = -\pi \cdot q \cdot R_B^2 = \pi \cdot R_H^2 \cdot X_1^2 \cdot X_3$, $-P_R$ (2-сурет), (13) – (17) ескере отырып эквивалентті кернеулер σ_{IVB} мен σ_{IVH} үшін төменгі байланыстар алынды:

$$\sigma_{IVB} = K_{\sigma} \cdot \left[\frac{X_1^2}{2} + \frac{2 \cdot X_1^2 \ln X_1}{1 - X_1^2} + \frac{1}{2} + \frac{f_1 \cdot (2 \ln X_1 + 1 - X_1^2)}{f_2 \cdot (1 - X_1^2)} \right], \tag{18}$$

$$\sigma_{IVH} = K_{\sigma} \cdot \left[\frac{3 \cdot X_1^2}{2} + \frac{2 \cdot X_1^4 \ln X_1}{1 - X_1^2} - \frac{1}{2} + \frac{f_1}{f_2} \cdot \left(1 + \frac{2 \cdot X_1^2 \ln X_1}{1 - X_1^2} \right) \right]. \tag{19}$$

Мұндағы $K_{\sigma} > 0$ – X_2, X_3 оңтайландырылған айнымалыларға тәуелді және $\sigma_{IVB}(X_1), \sigma_{IVH}(X_1)$ функциялардың өзгеру сипатына әсер етпейтін коэффициент

$$K_{\sigma} = \frac{3 \cdot X_3}{2 \cdot X_2^2} \cdot \sqrt{1 - \mu + \mu^2}. \tag{20}$$

3-суретте өлшемсіз тәуелділіктердің графиктері келтірілген.

$$\sigma^*_{IVB} = \frac{\sigma_{IVB}}{K_{\sigma}}, \sigma^*_{IVH} = \frac{\sigma_{IVH}}{K_{\sigma}}, \tag{21}$$

(18) – (19) сәйкес, мембрананың қауіпті қимасын көрсетеді, мұндағы

$$\sigma_{IV} = \sigma_{IVB} = \sigma_{max}, \tag{22}$$


ол қатты дискінің сақина бөлігімен жұптасқан жерінде, яғни "В" қимасында орналасқан (1-сурет).

(5), (18), (20) және (22) қолданып, байланыс теңдеуінің соңғы (есептік) түрін анықтаймыз (3):

$$\frac{3 \cdot X_3}{2 \cdot \alpha^2 \cdot (1 - X_1)^2} \cdot \left[\frac{X_1^2}{2} + \frac{2 \cdot X_1^2 \ln X_1}{1 - X_1^2} + \frac{1}{2} + \frac{f_1 \cdot (2 \ln X_1 + 1 - X_1^2)}{f_2 \cdot (1 - X_1^2)} \right] = \frac{\sigma_T}{[n_T]} \tag{23}$$

(23) беріктік шартынан X_3

$$X_3 = \frac{2 \cdot \sigma_T \cdot \alpha^2 \cdot (1 - X_1)^2}{3 \cdot [n_T] \cdot \sqrt{1 - \mu + \mu^2} \cdot \left[\frac{X_1^2}{2} + \frac{2 \cdot X_1^2 \ln X_1}{1 - X_1^2} + \frac{1}{2} + \frac{f_1 \cdot (2 \ln X_1 + 1 - X_1^2)}{f_2 \cdot (1 - X_1^2)} \right]} \tag{24}$$



3-сурет. (18), (19) аналитикалық өрнектермен жуықталған (3) байланыс теңдеуінің графикалық интерпретациясы

Ескерту – (Абдеев, 2011) автор негізінде құрастырылған

(24) өрнекті (13) формулаға қойып, (1) – (6) сызықтық емес бағдарламалаудың жалпы есебінің орнына (Фролов, 1984) мақсатты функцияның шартсыз максимумын анықтауға арналған қарапайым экстремалды есебін аламыз (Абдеев, 2011)

$$\Pi_q = \Pi_q(X_1) = K \cdot \frac{f_1 \cdot (1 - X_1)^2}{f_2 \cdot \left[\frac{X_1^2}{2} + \frac{2 \cdot X_1^2 \ln X_1}{1 - X_1^2} + \frac{1}{2} + \frac{f_1 \cdot (2 \ln X_1 + 1 - X_1^2)}{f_2 \cdot (1 - X_1^2)} \right]}, \quad (25)$$

мұндағы $K = const > 0$ – тұрақты параметр

$$K = \frac{2 \cdot \pi \cdot \alpha^2 \cdot \sigma_T \cdot R_H^2}{3 \cdot [n_T] \cdot \sqrt{1 - \mu + \mu^2}}. \quad (26)$$

(25) функционалды тәуелділікті зерттеу тікелей әдіспен (Лесин, Лисовец, 1998) орындалды (экстремум үшін қажетті және жеткілікті шарттарды қолданбай), график 4-суретте көрсетілген. Табылған байланыс


$$X_1^* = \frac{R_B}{R_H} = 0,47444, \quad (27)$$

$$\frac{\Pi_{\max}^{(q)}}{K} = \frac{\Pi_q(X_1^*)}{K} = 0,78253, \quad (28)$$

ең көп тарту күшін қамтамасыз етеді

$$\Pi_{\max}^{(q)} = 0,78253 \cdot K, \quad (29)$$

бұл мембраналық манометрлердің сенімділігі мен дәлдігін едәуір арттыра алады. Бұл жағдайда қысымның оңтайлы (шекті) мәні $q^* = X_3^*$ (24) формуласымен жуықталады, міндетті түрде шектеу тексеріледі (6).



4-сурет. (25) мақсатты функционалды тәуелділіктің өлшемсіз графигі
Ескерту – (Абдеев, 2011) автор негізінде құрастырылған

$P_q(X_1)$ функциясын максимизациялау үшін белгілі бір (нақты) оңтайландыру мәселесін шешу алгоритмінде әр түрлі модификациялар мен нұсқалар болуы мүмкін, бірақ есептеудің барлық жағдайлары үшін (27) – (29) сандық мәндер негізгі және өзгермейтін болып қалады. Әдетте, қатты центрлі сақиналы мембраналарды жобалау кезінде құрылымның физикалық-механикалық және геометриялық сипаттамалары бастапқы мәліметтер ретінде қабылданады, олар: серпімді элементтің көтергіштігі; құрылғының жалпы өлшемдері және оның жұмысының қажетті дәлдігі; мембраналық құрылғыны жасау технологиясы және пайдалану режимі; ең үлкен бақыланатын (манометрмен өлшенетін) қысым q^* [9]. Осы тапсырманың ерекшеліктерін ескере отырып, берілген параметрлер ретінде σ_T , $[n_T]$, μ , h , R_H және $X_1^* = 0,47444$ пайдалануға болады. Бұл жағдайда қажетті оңтайлы қысым q^* мен ауыстыру күші $P_{\max}^{(q)}$ (6) теңсіздікті ескере отырып (5), (26) және (29) тәуелділіктермен есептеледі.

Сонымен қатар, мембраналық пластинаны бүкіл бетке біркелкі таралған q жүктемесімен жүктеу кезінде (4-сурет) алынған реактивті күш P_{\max} (толық тарту күші) (29) сәйкес, қосымша оңтайландырылған ауыстыру күшімен $P_P = P_q^{(onm)}$ немесе (8) сәйкес анықталады,

$$P_P = P_q^{(onm)} = \pi \cdot R_H^2 \cdot (X_1^*)^2 \cdot X_3^*, \quad (30)$$

яғни

$$P_{\max} = 0,78253 \cdot K + \pi \cdot R_H^2 \cdot (X_1^*)^2 \cdot X_3^*. \quad (31)$$

Ұсынылған экстремалды мәселенің жалпы шешімін көрсету үшін қалыңдығы $h = 1$ мм, радиусы $R_H = 100$ мм, 65Г марганецті серіппелі болаттан жасалған, келесі механикалық сипаттамалары бар мембрананың оңтайлы параметрлерін есептеу мысалы қарастырылады (Анурьев, 2001): $\sigma_T = 80$ кг/мм²; $E = 20000$ кг/мм²; $G = 8200$ кг/мм² – ығысу модулі; $[n_T] = 2$.

Пуассон коэффициентін μ есептеу, G , E , μ тұрақтылар арасындағы байланыс [14]

$$\mu = \frac{E}{2 \cdot G} - 1 \quad (32)$$

(5) екінші байланыс теңдеуінен (1) белгілерді және белгіленген мәнді $X_1^* = R_B \cdot (R_H)^{-1} = 0,47444$ ескере отырып, (27) сәйкес α коэффициенті анықталады.

$$\alpha = \frac{X_2}{1 - X_1^*} \quad (33)$$

(24) формула бойынша әр түрлі өлшем бірліктеріндегі шекті рұқсат етілген қысым q^* анықталады (Яворский, Детлаф, 1979):

$$q^* = X_3^* = \frac{\sigma_T \cdot \alpha^2}{[n_T] \cdot \sqrt{1 - \mu + \mu^2}} \cdot 1,66205 \quad (34)$$

Нәтижелері және оларды талқылау.

$$\mu = \frac{E}{2 \cdot G} - 1 = \frac{20000}{2 \cdot 8200} - 1 = 0,22.$$

$$\alpha = \frac{X_2}{1 - X_1^*} = \frac{0,01}{1 - 0,47444} = 0,019027,$$

(6) шартты қанағаттандырады:

$$0 < \alpha = 0,019027 < \frac{1}{3}.$$

$$q^* = X_3^* = \frac{\sigma_T \cdot \alpha^2}{[n_T] \cdot \sqrt{1 - \mu + \mu^2}} \cdot 1,66205 = \frac{80 \cdot (0,019027)^2}{2 \cdot \sqrt{1 - 0,22 + (0,22)^2}} \cdot 1,66205 =$$

$$= 0,0264438 \text{ кг/мм}^2 \approx 2,64 \text{ ат} = 26443,8 \text{ мм.вод.ст.} = 1945,4 \text{ мм.рт.ст.} \quad (34)$$

(29) – (31) байланыстар мен (26) формуланы, (27), (32) – (34) мәндерді ескере отырып $P_{\max}^{(q)}$ анықталады:

$$P_{\max}^{(q)} = \frac{2 \cdot \pi \cdot \alpha^2 \cdot \sigma_T \cdot R_H^2}{3 \cdot [n_T] \cdot \sqrt{1 - \mu + \mu^2}} \cdot 0,78253 = \frac{2 \cdot 3,1416 \cdot (0,019027)^2 \cdot 80 \cdot (100)^2}{3 \cdot 2 \cdot 0,910165} = 333,23 \text{ кг};$$

$$P_P = \pi \cdot R_H^2 \cdot (X_1^*)^2 \cdot X_3^* = 3,1416 \cdot (100)^2 \cdot (0,47444)^2 \cdot 0,0264437 = 187 \text{ кг};$$

$$P_{\max} = P_{\max}^{(q)} + P_P = 333,23 + 187 = 522,23 \text{ кг}.$$

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша:

1) Дөңгелек осимметриялық мембрананың және оның қозғалмайтын орталығында біркелкі таралған жүктемеден туындайтын, тиісінше, деформацияланатын сақина бөлігіне әсер ететін ең үлкен тарту күштерінің $P_{\max}^{(q)}$, P_{\max} ұтымды жобалық сипаттамаларын X_1 , X_2 , X_3 ((1) формуланы қараңыз) анықтау бойынша материалдардың кедергісі мен оңтайлы басқару теориясының кешенді сызықтық іргелі-қолданбалы мәселесінің инновациялық шешімі алынды.

2) Ұсынылған механикалық-математикалық модель (1), (5), (18), (19), (25), (27), (29), (31), (32), (34) қарапайым функционалдық тәуелділіктерге, сандық мысалмен сыналған (4-сурет); констант K_σ , K_α , α , (20), (26) жуықталған формулалармен және міндетті болып табылатын (6) шекаралық теңсіздікке жеткізілді.

3) Алынған теңдеулер мен формулаларды қолдана отырып, берілген максималды q^* қысымына есептелген мембрананың ұтымды құрылымдық параметрлерін (соның ішінде P_{\max}) таңдаудың кері процедурасын жүзеге асыруға болады. Бұл міндет практикалық тұрғыдан өзекті болады.

4) Өзірленген алгоритм мен есептеу техникасын жүздеген атмосферадан бірнеше миллиметрге дейінгі су бағанының қысымын өлшеуге арналған жоғары дәлдіктегі манометрлерді оңтайлы жобалау кезінде тікелей қолдануға болады ($1 \text{ мм вод. ст.} = 10^{-4} \text{ кг/см}^2 \approx 10_{\text{AT}}^{-4} = 0,073566 \text{ мм. рт. ст.}$ [15]).

Мүдделер қақтығысы. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

- Фролов К.В. (1984). Методы совершенствования машин и современные проблемы машиноведения. – М.: Машиностроение, 1984. – 224 с. // Frolov K.V. (1984). Metody sovershenstvovaniya mashin i sovremennye problemy mashinovedeniya. – М.: Mashinostroenie, 1984. – 224 s.
- Абдеев Б.М. (2011). Вопросы и классические задачи оптимального проектирования в сопротивлении материалов: Учебное пособие для вузов /Под ред. д.т.н., проф. Ж.О. Кульсеитова. – Усть-Каменогорск: Изд-во ВКГТУ, 2011. – 206 с. // Abdeev B.M. (2011). Voprosy i klassicheskie zadachi optimal'nogo proektirovaniya v soprotivlenii materialov: Uchebnoe posobie dlya vuzov / Pod red. d.t.n., prof. Zh.O. Kul'seitova. – Ust'-Kamenogorsk: Izd-vo VKGTU, 2011. – 206 s.
- Гилл Ф., Муррей У., Райт М. (1985). Практическая оптимизация / Пер. с англ. В.Ю. Лебедева под ред. А.А. Петрова. – М.: Мир, 1985. – 509 с. // Gill F., Murrej U., Rajt M. (1985). Prakticheskaya optimizaciya / Per. s angl. V.YU. Lebedeva pod red. A.A.Petrova. – М.: Mir, 1985. – 509 s.
- Филатов Г.В. (2021). Оптимальное проектирование подкрепленных цилиндрических оболочек при совместном осевом сжатии и внутреннем давлении. ISSN 2709-2984. Journal of Mechanical Engineering – Problemy Mashynobuduvannia, 2021. – Vol. 24. – No.2. // Filatov G.V. (2021).

- Optimal'noe proektirovanie podkreplennyh cilindricheskikh obolochek pri sovместном osevom szhatii i vnutrennem davlenii. ISSN 2709-2984. Journal of Mechanical Engineering – Problemy Mashynobudovannia, 2021. – Vol. 24. – No. 2.
- Алиев Дамад Ахмед Оглы (2021). Оптимальное проектирование слоистой пластинки, изгибающейся под действием кольцевой нагрузки. Физико-математические науки. ОФ «Международный научно-исследовательский центр «Endless Light in Science». 2021. – P. 513-517 // Aliiev Damad Ahmed Ogly (2021). Optimal'noe proektirovanie sloistoj plastinki, izgibayushchejsya pod dejstviem kol'cevoj nagruzki. Fiziko-matematicheskie nauki. OF "Mezhdunarodnyj nauchno-issledovatel'skij centr "Endless Light in Science". 2021. – P. 513-517.
- Романова Т.П. (2016). Предельный анализ и оптимальное проектирование трехслойных армированных круглых пластин из разнородных материалов при неравномерном нагружении / Вестник Сам. гос. техн. ун-та. Сер. физ.-мат. науки, 2016. – Т. 20. – № 3. – С. 508-523. doi: 10.14498/vagtu 1467 // Romanova T.P. (2016). Predel'nyj analiz i optimal'noe proektirovanie trekhslojnyh armirovannyh kruglyh plastin iz raznosoprotivlyayushchih materialov pri neravnomernom nagruzhenii / Vestnik Sam. gos. tekhn. un-ta. Ser. fiz.-mat. nauki, 2016. – Т. 20. – № 3. – С. 508-523. doi: 10.14498/vagtu 1467.
- Коренева Е.Б., Гросман В.Р. (2015). Аналитическое решение задачи о неосесимметричной деформации круглой ортотропной пластины радиально-переменной толщины на точечных опорах // International Journal for Computational Civil and Structural Engineering. 2015. – № 11. с. 94-100 // Koreneva E.B., Grosman V.R. (2015). Analiticheskoe reshenie zadachi o neosesimmetrichnoj deformacii krugloj ortotropnoj plastiny radial'no-peremennoj tolshchiny na tochechnyh oporah. // International Journal for Computational Civil and Structural Engineering. 2015. – № 11. – С. 94-100.
- Пономарев С.Д., Андреева Л.Е. (1980). Расчет упругих элементов машин и приборов. – М.: Машиностроение, 1980. – 326 с. // Ponomarev S.D., Andreeva L.E. (1980). Raschet uprugih elementov mashin i priborov. – М.: Mashinostroenie, 1980. – 326 s.
- Khapin A.V., Abdeev B.M. and Makhiyev B.E. (2020). Optimal size of an axisymmetric perfectly flexible membrane with a rigid centre loaded with a concentrated static force. IOP Conf. Series: Materials Science and Engeneering 775 (2020)012138, Samara, SSTDY.
- Вайнберг Д.В., Вайнберг Е.Д. (1970). Расчет пластин. – Киев: Будівельник, 1970. – 944 с. // Vajnberg D.V., Vajnberg E.D. (1970). Raschet plastin. – Kiev: Budivel'nik, 1970. – 944 s.
- Лесин В.В., Лисовец Ю.П. (1998). Основы методов оптимизации. – М.: Изд-во МАИ, 1998. – 344 с. // Lesin V.V., Lisovec YU.P. (1998). Osnovy metodov optimizacii. – М.: Izd-vo MAI, 1998. – 344 s.
- Анурьев В.Н. Справочник конструктора-машиностроителя. Том 1 – 8-е изд., перераб. и дополн., под ред. И.Н. Жестковой. – М.: Машиностроение, 2001. – 920 с. // Anur'ev V.N. Spravochnik konstruktora-mashinostroitelya. Tom 1 – 8-e izd., pererab. i dopoln., pod red. I.N. ZHestkovej. – М.: Mashinostroenie, 2001. – 920 s.
- Биргер И.А., Мавлютов Р.Р. (1986). Сопrotivление материалов: Учебное пособие. – М.: Наука, 1986. – 560 с. // Birger I.A., Mavlyutov R.R. (1986). Soprotivlenie materialov: Uchebnoe posobie. – М.: Nauka, 1986. – 560 s.
- Яворский Б.М., Детлаф А.А. (1979). Справочник по физике / Для инженеров и студентов вузов. – М.: Наука, 1979. – 944 с. // YAvorskij B.M., Detlaf A.A. (1979). Spravochnik po fizike / Dlya inzhenerov i studentov vuzov. – М.: Nauka, 1979. – 944 s.

Information about authors

Abdeev Boris – candidate of technical sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, E-mail: babdeyev@edu.ektu.kz, +7 705 522 37 92

Khapin Alexander – candidate of technical sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, E-mail: ahapin@edu.ektu.kz, +7 777 222 81 70

Makhiyev Bekbolat – candidate of technical sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, E-mail: bmahiev@edu.ektu.kz, +7 777 742 46 71

Aldungarova Alia – PhD, Associate Professor (Prof.) NPLC «Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov» Kokshetau, Kazakhstan, E-mail: liya_1479@mail.ru, +7 701 570 43 81

Aitkazina Ayazhan – master of technical sciences, D. Serikbayev East Kazakhstan technical university, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, E-mail: aaytkazina@edu.ektu.kz, +7 771 512 32 27

СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО
ARCHITECTURE AND CONSTRUCTION

DOI 10.51885/1561-4212_2024_4_209
MFTAA 67.11.31

Б.Б. Ахметов¹, Р.Ф. Серова²

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

¹E-mail: Beibit.bakiuly@mail.ru*

²E-mail: roza_serova@mail.ru

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ТЕМІРБЕТОН ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

МОНИТОРИНГ И АНАЛИЗ ЖЕЛЕЗОБЕТОННЫХ КОНСТРУКЦИЙ ЖИЛЫХ ЗДАНИЙ

MONITORING AND ANALYSIS OF REINFORCED CONCRETE STRUCTURES OF RESIDENTIAL BUILDINGS

Аңдатпа. Тұрғын үй ғимараттарының темірбетон құрылымдарының эксплуатациялық сенімділігін кешенді зерттеу жобалық құжаттаманы талдауды, учаскені тексеруді, беріктік пен деформациялық сынақтарды, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалауды қамтиды. Бұл ақауларды анықтауға, құрылымдардың ағымдағы жағдайы мен сенімділігін анықтауға, сондай-ақ жөндеуді немесе ауыстыруды қажет ететін элементтерді анықтауға мүмкіндік береді. Негізгі аспектілер - құрылымдардың сипаттамалары, күтілетін операциялық жүктемелер және сыртқы факторлардың әсері. Кешенді тәсіл темірбетон құрылымдарының жай-күйі мен сенімділігін кешенді бағалауды қамтамасыз етеді.

